



№4 (32) 2024

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ**

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ



**ВЕСТНИК ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО
ИННОВАЦИОННО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ



**BULLETIN OF WEST KAZAKHSTAN UNIVERSITY OF
INNOVATION AND TECHNOLOGY**

SCIENTIFIC JOURNAL



ISSN 2706-6266



ISSN 3007-1062



ISSN 3007-1070

ISSN 2706-6266

ISSN 3007-1062

ISSN 3007-1070

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Ғылыми журнал

**ВЕСТНИК ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО
ИННОВАЦИОННО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА**

Научный журнал

**BULLETIN OF WEST KAZAKHSTAN
INNOVATIVE AND TECHNOLOGICAL
UNIVERSITY**

Scientific journal

№4 (32) 2024

**Тарих ғылымдары
Филология ғылымдары
Техника ғылымдары**

2018 жылдан бастап шығады
Мерзімділігі:
жылына 4 рет
Орал, 2024

**Исторические науки
Филологические науки
Технические науки**

Издается с 2018 года
Периодичность:
4 раза в год
Уральск, 2024

**Historical sciences
Philological sciences
Technical sciences**

Founded in 2018
Frequency:
4 times a year
Uralsk, 2024

РЕДАКЦИЯ

РЕДАКТОРЛАР

Шакешев Бекбулат Темержанович – бас редактор, техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің ректоры (Орал, Қазақстан);

Жубантаев Изимгали Нурымович – бас редактордың орынбасары – шығарушы редактор, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің Ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор (Орал, Қазақстан);

Тасмағанбетов Асет Сембаевич – жауапты редактор (Тарих ғылымдары), тарих ғылымдарының докторы, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры (Орал, Қазақстан);

Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы – жауапты редактор (Филология ғылымдары), филология ғылымдарының докторы Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры (Орал, Қазақстан);

Билашев Бауыржан Акимжанович – жауапты редактор (Техника ғылымдары), техника ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры (Орал, Қазақстан).

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА МҮШЕЛЕРІ

Нурлан Кенжеахмет – PhD, профессор, Гарвард университетінің Хэрбэнк зерттеу орталығының қызметкері (Кембридж, АҚШ);

Tsagaan Turbat (Цагаан Турбат) – тарих ғылымдарының кандидаты, Моңғолия Ғылым академиясының Археология институтының қола дәуірі және ерте темір дәуірі бөлімінің меңгерушісі (Ұлан-Батор, Моңғолия);

Құрманалин Самат Бахытжанович – тарих ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры (Орал, Қазақстан);

Максудов Фарход Алижонович – PhD, Өзбекстан Ғылым академиясының ұлттық археология орталығының директоры (Ташкент, Өзбекстан);

Калменов Мурат Дабылович – PhD, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры (Орал, Қазақстан);

Ercan Alkaia (Ержан Алкая) – филология ғылымдарының докторы, Түркияның Фырат университетінің профессоры (Элязыг, Түркия);

Самситова Луиза Хамзиновна – филология ғылымдарының докторы, профессор. Башқұртстан Республикасы Стратегиялық зерттеулер институтының жетекші ғылыми қызметкері (Уфа, Башқұртстан Республикасы, РФ);

Буранкулова Эльмира Темирбаевна – PhD, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе, Қазақстан);

Ажғалиев Марат Қайыржанович – педагогика ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры (Орал, Қазақстан);

Тихомирова Елена Ивановна – биология ғылымдарының докторы, Ю.А. Гагарин атындағы Саратов мемлекеттік техникалық университетінің профессоры (Саратов, Ресей);

Ширванов Рашид Булатович – техника ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры (Орал, Қазақстан);

Громов Юрий Юрьевич – техника ғылымдарының докторы, профессор, Тамбов мемлекеттік техникалық университетінің автоматика және ақпараттық технологиялар институтының директоры (Тамбов, Ресей);

Кажиақпарова Жадыра Сериковна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры (Орал, Қазақстан);

Артюхов Иван Иванович – техника ғылымдарының докторы, профессор, Ю.А. Гагарин атындағы Саратов мемлекеттік техникалық университетінің "Электротехнология мәселелері" ғылыми-техникалық журналының бас редакторы (Саратов, Ресей);

Тулегенов Кубайдолла Калимоллаевич – техника ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры (Орал, Қазақстан);

Ведищев Сергей Михайлович – техника ғылымдарының докторы, профессор, Тамбов мемлекеттік техникалық университетінің агроинженерия кафедрасының меңгерушісі (Томбов, Ресей);

Бақыт Ғабит Бақытұлы – PhD, Көлік логистикасы Академиясының қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан);

Монастырев Павел Владиславович – техника ғылымдарының докторы, профессор, Ресей сәулет және құрылыс ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі, Тамбов мемлекеттік техникалық университетінің сәулет, құрылыс және көлік институтының директоры (Томбов, Ресей);

Монтаев Сарсенбек Алякбарович – ҚР Ұлттық Инженерлік академиясының корреспондент-мүшесі, техника ғылымдарының докторы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессоры (Орал, Қазақстан);

Осипова Наталия Николаевна – техника ғылымдарының докторы, Ю.А. Гагарин атындағы Саратов мемлекеттік техникалық университетінің доценті; (Саратов, Ресей);

Сулейменова Райхан Таупиховна – PhD, С. Өтебаева атындағы Атырау Мұнай және газ университеті (Атырау, Қазақстан);

Джуланов Мардан Нурмуханбетович – ветеринария ғылымдарының докторы, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан).

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЛАР

Мұхтар Зинур Ғафурұлы – педагогика ғылымдарының магистрі, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің БжМИ Цифрландыру және инновация департаментінің басшысы (Орал, Қазақстан);

Серікбай Елнур Байғабылұлы – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің СТИ ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің маманы (Орал, Қазақстан).

РЕДАКЦИЯ

РЕДАКТОРЫ

Шакешев Бекбулат Темержанович – главный редактор, кандидат технических наук, ассоциированный профессор, ректор Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета (Уральск, Казахстан);

Жубантаев Изимгали Нурымович – заместитель главного редактора – выпускающий редактор, кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор, проректор по научной работе и международным связям Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета (Уральск, Казахстан);

Тасмаганбетов Асет Сембаевич – ответственный редактор (Исторические науки), доктор исторических наук, профессор Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета (Уральск, Казахстан);

Сабыр Мурат Букенбаевич – ответственный редактор (Филологические науки), доктор филологических наук, профессор Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета (Уральск, Казахстан);

Билашев Бауыржан Акимжанович – ответственный редактор (Технические науки), кандидат технических наук, профессор Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета (Уральск, Казахстан).

ЧЛЕНЫ РЕДАКЦИОННОЙ КОЛЛЕГИИ

Нурлан Кенжехмет – PhD, профессор, сотрудник исследовательского центра Хэрбэнка Гарвардского университета (Кембридж, США);

Tsagaan Turbat (Цагаан Турбат) – кандидат исторических наук, заведующий отделом бронзового века и раннего железного века Института археологии Монгольской академии наук (Улан-Батор, Монголия);

Құрманалин Самат Бахытжанович – кандидат исторических наук, профессор Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета (Уральск, Казахстан);

Максудов Фарход Алижонович – PhD, директор Национального центра археологии Академии наук Узбекистана (Ташкент, Узбекистан);

Калменов Мурат Дабылович – PhD, ассоциированный профессор Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета (Уральск, Казахстан);

Ercan Alkaia (Ержан Алкая) – доктор филологических наук, профессор Университета Фирата в Турции (Элязыг, Турция);

Самситова Луиза Хамзиновна – доктор филологических наук, профессор, ведущий научный сотрудник Института стратегических исследований Республики Башкортостан (Уфа, Республика Башкортостан, РФ);

Буранкулова Эльмира Темирбаевна – PhD, Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова (Актобе, Казахстан);

Ажғалиев Марат Қайыржанович – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета (Уральск, Казахстан);

Тихомирова Елена Ивановна – доктор биологических наук, профессор Саратовского государственного технического университета им. Ю. А. Гагарина (Саратов, Россия);

Ширванов Рашид Булатович – кандидат технических наук, профессор Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета (Уральск, Казахстан);

Громов Юрий Юрьевич – доктор технических наук, профессор, директор института автоматизации и информационных технологий Тамбовского государственного технического университета (Тамбов, Россия);

Кажиақпарова Жадыра Серіковна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета (Уральск, Казахстан);

Артюхов Иван Иванович – доктор технических наук, профессор, главный редактор научно-технического журнала «Вопросы электротехнологии» Саратовского государственного технического университета им. Ю.А. Гагарина (Саратов, Россия);

Тулегенов Кубайдолла Калимоллаевич – кандидат технических наук, ассоциированный профессор Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета (Уральск, Казахстан);

Ведищев Сергей Михайлович – доктор технических наук, профессор, заведующий кафедрой агроинженерия Тамбовского государственного технического университета (Томбов, Россия);

Бақыт Ғабит Бақытұлы – PhD, ассоциированный профессор Академии транспортной логистики (Алматы, Казахстан);

Монастырев Павел Владиславович – доктор технических наук, профессор, Член-корреспондент Российской академии архитектуры и строительных наук, Директор Института архитектуры, строительства и транспорта Тамбовского государственного технического университета (Томбов, Россия);

Монтаев Сарсенбек Алякбарович – Член-корреспондент Национальной инженерной академии РК доктор технических наук, профессор Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана (Уральск, Казахстан);

Осипова Наталия Николаевна – доктор технических наук, профессор Саратовского государственного технического университета имени Ю.А. Гагарина (Саратов, Россия);

Сулейменова Райхан Таупиховна – PhD, Атырауского университета нефти и газа им. С.Утебаева (Атырау, Казахстан);

Джуланов Мардан Нурмуханбетович – доктор ветеринарных наук, профессор Казахского национального аграрного исследовательского университета (Алматы, Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЕ РЕДАКТОРЫ

Мухтар Зинур Гафурович – магистр педагогических наук, руководитель департамента цифровизации и инноваций ИОМ Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета (Уральск, Казахстан);

Серикбай Елнур Байгабылович – специалист отдела информационного обеспечения СТИ Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета (Уральск, Казахстан).

EDITORIAL TEAM

EDITORIAL BOARD

Shakeshev Bekbulat Temerzhanovich – Chief editor, Candidate of technical sciences, Associate Professor, Rector of the West Kazakhstan Innovative-Technological University (Oral, Kazakhstan);

Zhubantayev Izimgali Nurymovich – Deputy to chief editor, Publishing editor, Candidate of agricultural sciences, Associate Professor, Vice-rector for Research and International relations of the West Kazakhstan Innovative-Technological University (Oral, Kazakhstan);

Tasmaganbetov Aset Sembayevich – Executive editor (Historical sciences), Candidate of historical sciences, Professor, West Kazakhstan Innovative-Technological University (Oral, Kazakhstan);

Sabyr Murat Bokenbayuly – Executive editor (Philological sciences), Doctor of philological sciences, Professor, West Kazakhstan Innovative-Technological University (Oral, Kazakhstan);

Bilashev Bauyrzhan Akimzhanovich – Executive editor (Technical sciences), Candidate of technical sciences, Professor, West Kazakhstan Innovative-Technological University (Oral, Kazakhstan).

EDITORIAL BOARD MEMBERS

Nurlan Kenzheakhmet – PhD, Professor, Harvard University, Research scholar of the center “Harbank”, Harvard University, (Cambridge, USA);

Tsagaan Turbat – Candidate of historical sciences, Head of the Bronze Age and Early Iron Age Department, Institute of Archeology, Mongol Academy of Sciences (Ulaan-Baatar, Mongolia);

Kurmanalin Samat Bakhytzhonovich – Candidate of historical sciences, Professor, West Kazakhstan Innovative-Technological University (Oral, Kazakhstan);

Maksudov Farkhod Alizhonovich – PhD, Director of the National Center of Archeology, Academy of Sciences (Tashkent, Uzbekistan);

Kalmenov Murat Dabylovich – PhD, Associate Professor, West Kazakhstan Innovative-Technological University (Oral, Kazakhstan);

Ercan Alkaia – Doctor of philological sciences, Professor, Firat University (Elazig, Turkey);

Samsitova Luiza Khamzinovna – Doctor of philological sciences, Professor, Leading scholar of the Strategic research institute, (Ufa, Bashkortostan, RF);

Burankulova Elmira Temirbayevna – PhD, Aktobe regional university named K.Zhubanov (Aktobe, Kazakhstan);

Azhgaliyev Marat Kaiyrzhanovich – Candidate of pedagogical sciences, Professor, West Kazakhstan Innovative-Technological University (Oral, Kazakhstan);

Tikhomirova Yelena Ivanovna – Doctor of biological sciences, Professor, Saratov State Technical University named U.A.Gagarin (Saratov, Russia);

Shirvanov Rashid Bulatovich – Candidate of technical sciences, Professor, West Kazakhstan Innovative-Technological University (Oral, Kazakhstan);

Gromov Uriy Uriyevich – Doctor of Technical Sciences, Professor, Director of the Institute of Automation and Information Technologies of Tambov State Technical University (Tambov, Russia);

Kazhiakparova Zhadyra Serikovna – Candidate of pedagogical sciences, Associate Professor, West Kazakhstan Innovative-Technological University (Oral, Kazakhstan);

Artukhov Ivan Ivanovich – Doctor of technical sciences, Professor, Chief editor of the “Issues of electro-technology” research-technical journal, Saratov State Technical University named U.A.Gagarin (Saratov, Russia);

Tulegenov Kubaidolla Kalimollayevich – Candidate of technical sciences, Associate Professor, Rector of the West Kazakhstan Innovative-Technological University (Oral, Kazakhstan);

Vedischev Sergey Mikhailovich – Doctor of technical sciences, Professor, Head of the agro-engineering department, Tambov State Technical University (Tambov, Russia);

Bakhyt Gabit Bakhytul – PhD, Associate Professor, Academy of Logistics and transport (Almaty, Kazakhstan);

Monastyrev Pavel Vladislavovich – Doctor of technical sciences, Professor, Corresponding member of the Academy of Architecture and Construction Sciences, Director of the Architecture, Construction and Transport Institute, Tambov State Technical University (Tambov, Russia);

Montayev Sarsenbek Alyakbarovich – Corresponding member of the National Engineering Academy RK, Doctor of technical sciences, Professor, Zhangir khan West Kazakhstan agrarian-technical university (Oral, Kazakhstan);

Osipova Natalya Nikolayevna – Doctor of technical sciences, Associate Professor, Saratov State Technical University named U.A.Gagarin (Saratov, Russia);

Suleimenova Raikhan Taupikhovna – PhD, S. Utebayev Atyrau oil and gas university (Atyrau, Kazakhstan);

Djulanov Mardan Nurmukhanbetovich – Doctor of veterinary sciences, Professor, Kazakh National Agrarian Research University, (Almaty, Kazakhstan).

TECHNICAL EDITORS

Mukhtar Zinur Gafuruly – Master of pedagogical sciences, Head of the digitalization and innovation department, Education and Management Institute, West Kazakhstan Innovative-Technological University (Oral, Kazakhstan);

Serikbay Elnur Baigabyluly - Information technical support specialist, West Kazakhstan Innovative-Technological University (Oral, Kazakhstan).

**Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің Хабаршысы.
Ғылыми журнал**

Меншік иесі: ЖМЖКББМ «Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігімен тіркелген.
07.12.2017 ж. №16782-Ж -тіркеу куәлігі.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Редакцияның мекенжайы: 090006, Қазақстан, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 208.

Тел.: 8 (7112) 51-12-33, 50-99-90 E-mail: vestnik@wkitu.kz

**Вестник Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета.
Научный журнал**

Собственник: ЧВПОУ «Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет»

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.
Регистрационное свидетельство №16782-Ж от 07.12.2017 г.

Периодичность: 4 раза в год.

Адрес редакции: 090006, Казахстан, г. Уральск, проспект Н. Назарбаева, 194.

Тел.: 8 (7112) 51-12-33, 50-99-90 E-mail: vestnik@wkitu.kz

**Bulletin of West Kazakhstan Innovative and Technological University.
Scientific journal**

Owner: Private Higher Educational Institution “West Kazakhstan Innovative and Technological University”

Is registered by the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No.16782-Z dated 07.12.2017

Frequency: 4 times a year.

Editorial office address: 194 N. Nazarbayev avenue, Uralsk, 090006, Kazakhstan.

Tel.: 8 (7112) 51-12-33, 50-99-90 E-mail: vestnik@wkitu.kz

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Тарих ғылымдары
Исторические науки
Historical sciences

Ахметова У.Т., Айса И.Б. ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ М.А. ИСЕНОВТИҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ (1909-1992 ЖЖ.) Ахметова У.Т., Айса И.Б. ЖИЗНЬ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ОБЩЕСТВЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ М. А. ИСЕНОВА (1909-1992 ГГ.) Akhmetova U.T., Aisa I.B. LIFE AND WORK OF THE PUBLIC FIGURE M. A. ISENOV (1909-1992)	13-22
Бижанова А.Е. ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ Бижанова А.Е. ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ ЗА РУБЕЖОМ Bizhanova A.E. STAGES OF THE FORMATION OF THE KAZAKH DIASPORA ABROAD	23-30
Джумашев А.М. ОРТА АЗИЯНЫҢ ҰЛТТЫҚ-АУМАҚТЫҚ МЕЖЕЛЕНУІ ЖӘНЕ ҚАРАҚАЛПАҚ АВТОНОМИЯЛЫҚ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ Джумашев А.М. НАЦИОНАЛЬНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ РАЗМЕЖЕВАНИЕ СРЕДНЕЙ АЗИИ И ОБРАЗОВАНИЕ КАРАКАЛПАКСКОЙ АВТОНОМНОЙ ОБЛАСТИ Dzhumashev A.M. NATIONAL-TERRITORIAL DELIMITATION OF CENTRAL ASIA AND THE FORMATION OF THE KARAKALPAK AUTONOMOUS REGION	31-40
Ерназаров Ж.Т., Атаканова З.С. ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚТАРДЫҢ ДӘСТҮРДІ САҚТАУЫ ЖӘНЕ БЕЙІМДЕЛУІ Ерназаров Ж.Т., Атаканова З.С. СОХРАНЕНИЕ И АДАПТАЦИЯ ТРАДИЦИИ КАЗАХОВ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ Yernazarov Zh.T., Atakhanova Z.S. PRESERVATION AND ADAPTATION OF KAZAKH TRADITIONS IN THE CONDITIONS OF GLOBALIZATION	41-48
Курманалин С.Б. РЕСЕЙЛІК ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТҚА ҚАРСЫ ҚАЗАҚ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ: ЖЕҢІЛУ СЕБЕПТЕРІ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫ Курманалин С.Б. КАЗАХСКИЕ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫЕ ВОССТАНИЯ ПРОТИВ РОССИЙСКОЙ КОЛОНИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ: ПРИЧИНЫ ПОРАЖЕНИЙ, ОСОБЕННОСТИ, ВЗАИМООТНОШЕНИЯ Kurmanalin S.B. KAZAKH NATIONAL LIBERATION UPRISINGS AGAINST RUSSIAN COLONIAL POLICY: CAUSES OF DEFEATS, PECULIARITIES, RELATIONSHIPS	49-56
Мәден А.Т., Төкешов Н.Б. 1930 ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨҢІРІНДЕГІ БОСҚЫНШЫЛЫҚТЫҢ ТАРИХЫ Мәден А.Т., Төкешов Н.Б. ИСТОРИЯ ОТКОЧЕВОК В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В НАЧАЛЕ 1930-Х ГОДОВ Maden A.T., Tokeshov N.B. THE HISTORY OF REFUGEE MIGRATION IN AKTOBE REGION IN THE EARLY 1930S	57-67
Стасевич И.В. РҒА ҰЛЫ ПЕТР АТЫНДАҒЫ АНТРОПОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ МУЗЕЙІНІҢ (КУНСТКАМЕРА) ҚОРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚУЫРШАҚ-ОЙЫНШЫҚТАРЫ Стасевич И.В. КАЗАХСКИЕ ИГРУШКИ-КУКЛЫ ИЗ ФОНДОВ МУЗЕЯ АНТРОПОЛОГИИ И ЭТНОГРАФИИ ИМ. ПЕТРА ВЕЛИКОГО (КУНСТКАМЕРА) РАН Stasevich I.V. KAZAKH DOLL-TOYS FROM THE FUNDS OF PETER THE GREAT MUSEUM OF ANTHROPOLOGY AND ETHNOGRAPHY (KUNSTKAMERA) RAS	68-78
Ужкенов Е.М. КӨШПЕНДІЛЕРСІЗ ӘЛЕМ: МЕЗОАМЕРИКА ҮНДІ МӘДЕНИЕТТЕРІНІҢ ДАМУЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР Ужкенов Е.М. МИР БЕЗ КОЧЕВНИКОВ: ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ИНДЕЙСКИХ КУЛЬТУР МЕЗОАМЕРИКИ Uzhkenov E.M. A WORLD WITHOUT NOMADS: CHALLENGES IN THE DEVELOPMENT OF INDIGENOUS CULTURES OF MESOAMERICA	79-88

Филология ғылымдары
Филологические науки
Philological sciences

Абдуллина Л.Б., Гайфуллина М.Ф., Сулейманова Ф.М. Л.Н. ТОЛСТОЙДЫҢ «ҮШ ӨЛІМ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ ЖЕСТ-ИШАРА ПОЭТИКАСЫ Абдуллина Л.Б., Гайфуллина М.Ф., Сулейманова Ф.М. ПОЭТИКА ЖЕСТА В РАССКАЗЕ Л.Н. ТОЛСТОГО «ТРИ СМЕРТИ»	89-95
---	-------

Abdullina L.B., Gayfullina M.F., Suleymanova F.M. THE POETICS OF GESTURE IN L.N. TOLSTOY'S SHORT STORY «THREE DEATHS»

Горбачева В.А. ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІНІҢ ЖЕКЕ КІТАПХАНАСЫ ӨЛКЕ ӨМІРІНІҢ 96-106
ӘЛЕУМЕТТІК ӘДЕБИ ҚҰБЫЛЫСЫ РЕТІНДЕ

Горбачева В.А. ЛИЧНАЯ БИБЛИОТЕКА КАДЫРА МЫРЗА АЛИ КАК СОЦИОЛИТЕРАТУРНОЕ ЯВЛЕНИЕ В ЖИЗНИ КРАЯ

Gorbacheva V.A. KADYR MYRZALI'S PERSONAL LIBRARY AS A SOCIO-LITERARY PHENOMENON IN THE LIFE OF THE REGION

Кайыров А.Б. ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАСЫ 107-116
МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кайыров А.Б. ПРОФЕССОР К.ЖУБАНОВ И ПРОБЛЕМЫ ФОНЕТИКИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Кауыров А.В. PROFESSOR K.ZHUBANOV AND THE PHONETICS ISSUES OF THE KAZAKH LANGUAGE

Қалыбаева Қ.С. ҚАЗАҚ ЖАЗУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ 117-124

Қалыбаева К.С. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТЕОРИИ КАЗАХСКОГО ПИСЬМА

Kalybayeva K.S. ACTUAL PROBLEMS OF THE THEORY OF KAZAKH WRITING

Мұсаев А.М. ӨЗГЕШЕ ӨРНЕК ИЕСІ 125-133

Мусаев А.М. ОБЛАДАТЕЛЬ ОСОБОГО ВЫРАЖЕНИЯ

Musaev A.M. THE OWNER OF A SPECIAL EXPRESSION

Сабыр М.Б., Ержигитова Г.К., Бөкенбай Е.М. АЛТЫН ОРДА -ҚЫПШАҚ ДӘУІРІ ЖАЗБА 134-143
МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ҒАЛАМНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ МОДЕЛІ

Сабыр М.Б., Ержигитова Г.К., Бөкенбай Е.М. КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ МОДЕЛЬ МИРА В ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКАХ ЗОЛОТООРДЫНСКО-КИПЧАКСКОГО ПЕРИОДА

Sabyr M.B., Erigitova G.K., Bukenbay Y.M. CONCEPTUAL MODEL OF THE UNIVERSE IN THE WRITTEN HERITAGE OF THE GOLDEN HORDE-KIPCHAK ERA

Самситова Л. БАШҚҰРТ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӘЛЕМДІК ТІЛДІК БЕЙНЕСІНДЕГІ 144-152
«КУНАК/ҚОНАҚ» КОНЦЕПТІСІНІҢ СЕМАНТАЛЫҚ КЕҢІСТІГІ

Самситова Л. СЕМАНТИЧЕСКОЕ ПРОСТРАНСТВО КОНЦЕПТА «КУНАК/ҚОНАҚ» (ГОСТЬ) В БАШКИРСКОЙ И КАЗАХСКОЙ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЕ МИРА

Samsitova I. SEMANTIC SPACE OF THE CONCEPT OF “GUEST” IN THE BASHKIR AND KAZAKH LANGUAGE PICTURE OF THE WORLD

Макашева Ф.Н., Файзуллина А.А., Уразова А.Н., Суюнова А.Т., Ишангалиева К.С. 153-165
АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР

Макашева Ф.Н., Файзуллина А.А., Уразова А.Н., Суюнова А.Т., Ишангалиева К.С. СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ В ПРЕПОДАВАНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Makasheva F.N., Faizullieva A.A., Urazova A.N., Suyunova A.T., Ishangaliyeva K.S. MODERN APPROACHES IN TEACHING ENGLISH LANGUAGE

Техника ғылымдары

Технические науки

Technical sciences

Бикетов Б.А., Калешова Г.Е. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ 166-173
ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕРІ

Бикетов Б.А., Калешова Г.Е. СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ НЕФТЕГАЗОВОЙ ОТРАСЛИ В КАЗАХСТАНЕ

Biketov B.A., Kalesheva G.E. MODERN TRENDS IN THE DEVELOPMENT OF THE OIL AND GAS INDUSTRY IN KAZAKHSTAN

Губайдуллина Г.М., Кенжебекова Ш.Д., Ниязбекова А.Б., Байтлесова Л.И. КОРРОЗИЯ 174-181
ПРОБЛЕМАЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ АСПЕКТІЛЕРІН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЕШІМДЕРІН ТАЛДАУ

Губайдуллина Г.М., Кенжебекова Ш.Д., Ниязбекова А.Б., Байтлесова Л.И. АНАЛИЗ СОВРЕМЕННЫХ АСПЕКТОВ ПРОБЛЕМ КОРРОЗИИ И ПУТЕЙ ИХ РЕШЕНИЯ

Gubaidullina G.M., Kenzhebekova S.D., Niyazbekova A.B., Baytlesova L.I. ANALYSIS OF MODERN ASPECTS OF CORROSION PROBLEMS AND THEIR SOLUTIONS

Ескалиев М.Ж., Мұхамбетжан З.Е., Темержанова А.Б. ОБЪЕКТІЛЕРДІҢ 182-191
ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ҚҰРЫЛЫС ҚҰЖАТТАМАСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ӨЗІРЛЕУ АЛГОРИТМДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Ескалиев М.Ж., Мұхамбетжан З.Е., Темержанова А.Б. СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ АЛГОРИТМОВ РАЗРАБОТКИ ОРГАНИЗАЦИОННО-ТЕХНОЛОГИЧЕСКИХ РЕШЕНИЙ В СТРОИТЕЛЬНОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОГО КАЧЕСТВА ОБЪЕКТОВ

Eskaliev M.Zh., Mukhambetzhn Z.E., Temerzhanova A.B. IMPROVING ALGORITHMS FOR DEVELOPING ORGANIZATIONAL AND TECHNOLOGICAL SOLUTIONS IN CONSTRUCTION DOCUMENTATION TO ENSURE FUNCTIONAL QUALITY OF BUILDINGS

Каирғалиев Е.К. ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫН ЖИНАУҒА АРНАЛҒАН ВТ-100ДС ТРАКТОР БАЗАСЫНДАҒЫ АГРЕГАТТАР ҚҰРАМЫН АНЫҚТАУ 192-201

Каирғалиев Е.К. ОПРЕДЕЛЕНИЕ СОСТАВА АГРЕГАТОВ НА БАЗЕ ТРАКТОРА ВТ-100ДС ДЛЯ УБОРКИ САХАРНОЙ СВЕКЛЫ

Kairgaliev E.K. DETERMINATION OF THE COMPOSITION OF UNITS BASED ON THE VT-100DS TRACTOR FOR HARVESTING SUGAR BEET

Киікбаев М.Қ., Аманжолов А.Ж. ОСИММЕТРИЯЛЫҚ ҚАБЫҚШАЛАРДАҒЫ КЕРНЕУЛЕРДІ МОМЕНТСІЗ ТЕОРИЯ БОЙЫНША АНЫҚТАУ 202-209

Киікбаев М.Қ., Аманжолов А.Ж. НАПРЯЖЕНИЙ В ОСЕСИММЕТРИЧНЫХ ОБОЛОЧКАХ ПО БЕЗМОМЕНТНОЙ ТЕОРИИ

Kiikbayev M.K., Amanzholov A.Z STRESSES IN AXIALLY SYMMETRIC SHELLS ACCORDING TO MOMENT-FREE THEORY

Соловьев Д.А., Бакиров С.М. В. А. ВЕНИКОВ ӘДІСІ ТҮРАҚСЫЗДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА ЭЛЕКТР ЖӨНДЕУ КӘСІПОРЫНДАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА КӨМЕКТЕСУ 210-217

Соловьев Д.А., Бакиров С.М. МЕТОД ВЕНИКОВА В.А. В ПОМОЩЬ ОРГАНИЗАЦИИ ЭЛЕКТРОРЕМОНТНЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ В УСЛОВИЯХ НЕСТАБИЛЬНОСТИ

Solovyov D.A., Bakirov S.M. THE VENIKOV V.A. METHOD TO HELP THE ORGANIZATION OF ELECTRICAL REPAIR ENTERPRISES IN CONDITIONS OF INSTABILITY

Сүлейменова Р.Т., Шамшенова А.Е., Мукамбеткалиева А.Н., Беркалиева Г.Г. МҰНАЙ ӨНДІРУДІ АРТТЫРУ ҮШІН ӨНІМДІ ҚАБАТҚА ФИЗИКАЛЫҚ ӘСЕР ЕТУДІҢ ТИІМДІЛІГІ 218-223

Сүлейменова Р.Т., Шамшенова А.Е., Мукамбеткалиева А.Н., Беркалиева Г.Г. ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ФИЗИЧЕСКОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ПРОДУКТИВНЫЙ ПЛАСТ ДЛЯ УВЕЛИЧЕНИЯ НЕФТЕОТДАЧИ ПЛАСТОВ

Suleimenova R.T., Shamshenova A.E., Mukambetkaliyeva A.N., Berkaliyeva G.G. THE EFFECTIVENESS OF USING PHYSICAL IMPACT ON THE PRODUCTIVE FORMATION TO INCREASE OIL RECOVERY

Түлемисова С.С., Кадиралиев А.К. ҰҢҒЫМАЛАРДЫҢ КЕНЖАР МАҢЫНДАҒЫ АЙМАҚТАРЫН ТҰЗ-ҚЫШҚЫЛМЕН ӨҢДЕУДІ ҚОЛДАНУ 224-229

Түлемисова С.С., Кадиралиев А.К. ПРИМЕНЕНИЕ СОЛЯНО-КИСЛОТНОЙ ОБРАБОТКИ ПРИЗАБОЙНЫХ ЗОН СКВАЖИН

Tulemisova S.S., Kadiraliev A.K. APPLICATION OF HYDROCHLORIC ACID TREATMENT OF BOTTOM-HOLE ZONES OF WELLS

ФТАХА 16.21.07

DOI: <https://doi.org/10.62724/202440101>

Ахметова Улжан Төлегеновна*¹

Тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Қазақстан Республикасы, 06001, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 1, ulzhan.a67@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-4274-8602

Айса Инабат Бақбергенқызы²

Тарих ғылымдарының магистранты, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Қазақстан Республикасы, 06001, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 1, aisainabat2001@mail.ru, ORCID ID: 0009-0006-8054-2628

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның батыс өңіріндегі 1937-1970 жылдар аралығында еліміздің экономикасының қалыптасуына еңбек атқарған мемлекет және қоғам қайраткері Мұхамбет Айтуұлы Исеновтің қоғамдық-саяси, әлеуметтік саладағы ел алдында атқарған қызметі алғаш ғылыми зерттеу аумағына алынып отыр. Тұлғаның қызметі арқылы Қазақстанның мұнайлы аймақтарын дамытуда қосқан үлесі, инфрақұрылымды жетілдіру және аймақтың әлеуметтік жағдайын жақсартудағы рөлі - қазіргі уақытта аймақтық экономикалық даму саясатының қалыптасуына да әсер ететін маңызды фактордың бірі болды. Сондықтан зерттеу елдің тарихи даму жолдарын айқындауда нақты тарихи оқиғаларды қалпына келтіруде өзекті тақырыптардың бірі. Мақалада қоғам қайраткерінің Қазақстанның мұнай өнеркәсібі мен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына шаруашылықты ұйымдастырудың ұйытқысы болған қызметі мен өмір жолын зерделеуді мақсат тұттық. М.А. Исеновтың қоғамдық-саяси қызметіне тарихи көзқарас тұрғысынан баға берілді. Еңбектің зерттеу құндылығы Қазақстанның экономикасының дамуына үлес қосқан тарихи тұлғалар тарихын зерттеу арқылы өткен тарихымыздың шынайылығын қалпына келтіруге және жас ұрпаққа патриоттық сезім қалыптастыруға көмектеседі. Қазақстандағы ауыр өндіріс өнеркәсібі және халық шаруашылығы тарихына қатысты және өлке тарихына байланысты зерттеулер тақырыптарға байланысты пайдалануға болады.

Кілт сөздер. Қазақстан тарихы, тұлға, қоғам қайраткері, Мұхамбет Айтуұлы Исеновтің қызметі, өмірі, ғұмырнама, Қазақстан экономикасы, өндіріс, экономика, мұнай-газ, инфрақұрылым

Кіріспе. Мақалада Қазақстанның батыс өңіріндегі 1937-1970 жылдар аралығында еліміздің экономикасының қалыптасып, жан-жақты дамуына және оның құрылымдық өзгерістерін жүзеге асырып, ілгерілетуде еңбек атқарған қоғам қайраткері Мұхамбет Айтуұлы Исеновтің қоғамдық-саяси, әлеуметтік саладағы ел алдында атқарған қызметі алғаш ғылыми зерттеу аумағына алынып отыр. Еліміздің өткен жолында әр аумағы мен әр салаларының дамуындағы тұлғалардың орнын анықтау бүгінгі таңда тарихи ізденісте өзекті мәселелер қатарында. Тұлға қызметі арқылы Қазақстанның мұнайлы аймақтарын дамытуда қосқан үлесі, инфрақұрылымды жетілдіру және аймақтың әлеуметтік жағдайын жақсартудағы рөлі - қазіргі уақытта аймақтық экономикалық даму саясатының қалыптасуына да әсер ететін маңызды фактордың бірі болды. Тұлға Мұхамбет Айтуұлы Исеновтың өмірі мен қызметін зерттеу елдің тарихи даму жолдарын айқындауда нақты тарихи оқиғаларды қалпына келтіруде өзекті. Мақаланы жазуда М.А. Исенов туралы Атырау облысы мемлекеттік архиві қорлары құжаттарымен және «Қайраткерлікке дейінгі жол: Мемлекет және қоғам қайраткері М.А. Исенов туралы» құжаттар жинағы

материалдары [1], сонымен бірге мұнай тарихы саласын зерттеуші т.ғ.д., профессор Ә.Қ. Мұқтардың «Біріншілер (1938-2019 жылдардағы Атырау облысы тарихынан)» монографиясында Мұхамбет Айтұұлының Гурьев облысындағы басшылық кезеңіндегі қоғамдық-саяси қызметі облыстың әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуына қосқан үлесіне қысқаша сипаттама берген [2]. Тарихшы Л.Б. Бердіғожиннің «Қазақстан мұнай газ өнеркәсібі: кадрлық әлеуеті» атты монографиясында XX ғасыр бас кезеңіндегі мұнай-газ өнеркәсібінде кадрлер даярлау мәселесін талқылауда жас маман М.А. Исеновтің өндіріс саласына маман ретінде қалыптасуын атап өтеді [3]. Сонымен бірге мақаланы жазуда мұнай саласының майталмандарының мемуарлары ғылыми айналымға қосылды. Зерттеу объектісіне өлке тарихын және Қазақстанның қазіргі заман тарихының кеңестік дәуірін зерттеу пәні ретінде қарастырдық. Мақаланы жазуда қоғам қайраткері М.А. Исеновтың Қазақстанның мұнай өнеркәсібі мен аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына шаруашылықты ұйымдастырудың ұйытқысы болған қызметі мен өмір жолын зерделеуді мақсат тұттық. Сондықтан мақалада талқылауымызда алдымызға тұлғаның өмірі мен қызметі туралы барлық деректер көзіне шолу жасау; оның қоғамдағы экономикалық, саяси-әлеуметтік бағытта жүргізген басшылық қызметіне шолу жүргізу және қазақ қоғамының дамуына ықпал еткен қызметінің тарихи маңыздылығына назар аудару міндеттерін қойған болатынбыз. Мақала құрылымына тоқталар болсақ, қоғам қайраткері Мұхамбет Айтұұлы Исеновтың басшылық кезеңінде жүргізілген еліміздің мұнай-газ өндірісі саласындағы, ауыл шаруашылығын жаңғырту, инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру және халықтың тұрмыс деңгейін көтеру жолындағы жүргізген реформалары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпалдасқаны баяндалады. Тұлғаның қоғамдық-саяси қызметіне тарихи көзқарас тұрғысынан баға берілген.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қазақстанның қазіргі заман тарихының кеңестік дәуірі дереккөздері пайдаланып, ғылыми айналымға шығарылды. Соның ішінде қоғам қайраткерінің қызмет еткен жылдарындағы архив құжаттары мен құжаттар жинағы тарихи талдаудан өтіп, сыни тұрғыда сараланды. Мысалы, Атырау облысы мемлекеттік архиві қорлары құжаттары және «Қайраткерлікке дейінгі жол: Мемлекет және қоғам қайраткері М.А. Исенов туралы» құжаттар жинағы материалдары. Ғылыми зерттеулерден бастап, мемуарлар, естеліктер, өлкетанушылар, журналистер шығармалары салыстырыла ғылыми айналымға қосылды. Зерттеу барысында ғылыми білімнің әдістемесі бойынша жүргізілді. Ғылыми зерттеу жұмыстарына тарихилық, жүйелілік, әлеуметтанулық зерттеулердің әдістері қолданылады. Зерттеуді толыққанды жүргізу үшін сыни тұрғыдан талдау, анализ-синтез әдістері қолданылады. Сонымен бірге тарихи салыстырмалы талдау, деректанулық талдау және ғылыми зерттеулердің басқа да әдістері басты назарға алынды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Ел тарихы - ел кеніші. Қазақ елінің дербес ел атануына, өлкенің ілгері дамуына Атырау облысы үлес қосып келеді. Соның ішінде ел экономикасын нығайтуда мұнай, газ өндірісін дамыту, ауыл шаруашылығы және халқымыздың әлеуметтік қорғалуына еңбек еткен мамандар жетерлік. Осынша бай тарихымыз ел алдында еңбек жасаған тұлғаларсыз жазылмайтыны анық. Қазірде ел ардақтаған мамандар XX ғасыр бас кезеңінде өндіріс саласына келген жаңа буын мамандардың мұнай саласының сапалық құрамын жақсартып, өндірістің тың серпін беруіне жол ашты. Мұнай саласына келген жас маман 1909 жылдың 25 қарашасында Доссорда дүниеге келген Мұхамбет Айтұұлы өз қолымен жазған өмірбаянында еңбек жолын әке-шешесі жұмыс жасаған «Гогольский» балық кәсіпшілігінде ерте жастан кіріскенін, кейін Доссор мұнай кәсіпшілігіне мал баққанын жазады [4, 1п.]. Бұл кезең жас Мұхамбеттің қазақ елінде өндірістің өркендеу тарихымен байланыста өрбіді. 1911 жылы

Мақат пен Доссор кен орындарының ашылуы жаңа өндіріс саласына мамандарды даярлау кең өріс алған кезең еді. Ауылдан сауатын ашқан Мұхамбет 1924 жылы Доссордағы мұнайшы кадрларды даярлайтын ФЗУ-ға оқуға түседі. Фабрика-зауыт училищесінде алған білімі болашақта мұнай саласында биік белестерді бағындыруға негіз болған еді. ФЗУ қабырғасында 1924 жылы комсомол мүшелігіне қабылданып, аудандық комсомол комитетінің үгіт ұжымына мүше болады. 1928 жылы Орал губерниялық конференциясында губерниялық комитеттің мүшесі болып сайланады. Ал Пленумында бюро мүшелігіне сайланып, кейін бөлім басшысы болып жұмыс атқарады [1, 126]. Одан әрі жас маман Орынбор қаласындағы жұмысшылар факультетіне оқуға түсіп, Орынбор рабфагын 1930 жылы желтоқсанда бітіріп, сол жылы бүкілодақтық коммунистік (болшевиктер) партиясы (одан әрі - БК (б) П) мүшелігіне кандидаты, ал 1937 жылдың маусымында БК (б) П мүшесі болып қабылданады [5, 376 б]. Осылайша, Мұхамбет Айтуұлына өмірдің жаңа кезеңі қалыптасты. Мысалы, 1930 жылы шілдеде Мәскеу мұнай институтының студенті болып қабылданып, оқу кезеңінде комсомол ұйымының жұмысына белсенді қатысады. Мәскеуде оқып жүргенінде қазақ студенттердің білім алуына жағдай жасап, үкімет көмегімен алаңсыз оқып, білікті маман иесі болуына, елге қайтып халық шаруашылығының барлық саласына жемісті еңбек етуіне жағдай жасады. Студент кезінен техникалық ғылым негіздерін терең зерттеуге атсалысты.

1937 жылы «Қазақстанмұнайбарлау» тресі Құлсары кен орнын ашып, сонымен қатар мұнай өндіру мөлшері жылына 300 – 400 мың тоннаға дейін өскен. Бұл Гурьевке дейін мұнай құбырын тартумен қатар мұнай зауытын салу мәселелерін шешу күн тәртібінде тұрды [6, 63 б]. М.А. Исеновті Мәскеу мұнай институтын бітірген соң КСРО Орталық Комитеті ұсынысымен КСРО Ауыр өнеркәсіп халық комиссариатында жұмысқа алынады. 1938 жылдың ақпанында Ембі мұнай тресінің жетекшісі С.А. Гутин, республика басшылары және бірқатар ғалымдар мұнай өнеркәсібін дамытудағы маңызды мәселелерді талқылау үшін Мәскеуге барады. Ауыр өнеркәсіп халық комиссариатының бас маманы Мұхамбет Айтуұлы БК (б) П Орталық Комитетінің хатшысы әрі КСРО Ауыр өнеркәсіп халық комиссары Л.М. Кагановичпен қабылдауында болған [5, 216.]. Бұл қабылдауда қазақ өлкесіндегі мұнай өндірісінде пайдалануға берілген Қосшағыл кенішін ауыз сумен қамтамасыз ету және құбыр тарту, мұнай өңдеу зауыттарын қалыптастыру, Гурьев елді-мекеніне мұнай тасымалдайтын теміржол құрылысының қажеттілігі мәселелері қозғалған. Барлау, іздестіру жұмыстары тездетіліп, 30-жылдары бірқатар кен орындарының ашылуына себеп болды. Елімізде мұнай-газ өнеркәсібінің жақсы шикізат базасын құру қажеттілігі туып, сол тұста соғыс қаупі де төнген кезең болатын. Осындай ел экономикасында маңызы жоғары мемлекеттік тапсырманы орындауда белсене ел алдында қызметімен көрінген Мұхамбет Исенов те болды. Ол әсіресе, Гурьев – Қосшағыл ауыз су құбырын тартуда, Гурьев мұнай өңдеу зауытын тұрғызу және Гурьев – Қандыағаш теміржолын салуда белсене жұмыстанды. Халық комиссариатында топ басшысы қызметін атқара жүріп, 1939-1941 жылдары Түркімен КСРО-да Челекенде құрылыс басшысы қызметін атқарған. Ал 1941 жылы екінші дүниежүзілік соғысқа елін қорғау үшін өз еркімен аттанғандардың бірі болды. Командирлер даярлайтын екі айлық курстан соң миномет дивизиясының взвод командирі болған. Ол қызмет еткен әскери бөлім 1941 жылы 25 қарашада Мәскеу маңында шайқасқа кірген. Майданда басқарма взводының командирі, миномет дивизионының командирінің орынбасары және атқыштар полкінің артиллерия бастығы лауазымдарында шайқасқан. Осындай ұрыстарда ерлікпен жасаған батырлық іс-әрекеттерін бағалап, 1942 жылы «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталған. Кейін 1943 жылдың аяғында Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті «Әскер қатарындағы өнеркәсіп

мамандарын кері шақырту туралы» қаулысы бойынша кері шақырылып, өндіріске араласқан. Жолдама бойынша Ауыр өнеркәсіп халық комиссариатынан мұнай халық комиссариатына жұмысқа тұрады. 1941-1945 жылдарда Орал-Ембі мұнайлы облысында геологиялық зерттеулер белсенді түрде жүргізілді. Іздеу-түсіру және сейсмосбарлау жұмыстарының аясында құрылымдық іздеу бұрғылау ісі Қызылжар, Мұнайлы, Қошқар, және Дүйсеке сынды тұз күмбездері бағытында кеңейтілді. Кейбір күмбездер терең бұрғылау арқылы өнеркәсіптік барлауға енгізілді. Нәтижесінде, Мұнайлы, Жолдыбай және Құлсары аудандарында мұнайдың өнеркәсіптік жатындары анықталып, олар 1960-шы жылдары игерудің басты нысандары ретінде қарастырылды. Сонымен бірге, Маңғыстау облысының геологиялық зерттеу жұмыстары жалғасын тапты. Маңғыстау геологиялық барлау экспедициясының аға геологы Чувелевтің «Краткая пояснительная записка. К вопросу о полезных ископаемых на Мангышлаке» еңбегінде Маңғыстау таужыныстарының антиклиндік сипаттағы құрылымы мен диапиризм белгілері мұнай шоғырларының болуы ықтималдығын атап өтеді. Төбешік ауданында, Форт-Шевченкодан 50 км қашықтықта Ханға-Баба антиклиннің төменгі бор түзілімдерінде мұнай бар екендігінің анық белгілері бар тау жыныстары табылды [7, 266.]. Сөйтіп, маман М.А. Исенов 1944-1947 жылдарда КСРО Мұнай Өнеркәсіп Министрлігінде аға инженер, сектор меңгерушісі, одан кейін басшы кадрлар басқармасы бастығы орынбасары қызметтерде болады. 1943 жылы жазынан бастап ол Қазақстанда американдық жоба бойынша елімізде алғаш рет Гурьев қаласында салына бастаған мұнай айыру зауытының құрылысын қадағалаған [5, 27 б.].

Кейін 1947 жылы Қазақстан КП ОК өтініші бойынша партиялық жұмысқа жіберіліп, Гурьев облыстық партия комитетінде, кейін Қазақстан КП ОК аппаратында жұмыс істеді. Сондай-ақ, біраз уақыт Қазсовнархоздың отын өнеркәсібі басқармасының бастығы және Қазсовпрофтың хатшысы болып қызмет атқарған. Соғыс кезінде өлкенің біраз шаруашылығы күйрегені белгілі. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталысымен өлкеде күйреген шаруашылықты қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Мысалы, Қазақ Ғылым Академиясының басшысы Қ.И. Сәтпаев ірі салалар бойынша ғылыми-зерттеу институттарының ұйымдастырып, ғылыми жұмыстардың ауқымы кеңейіп, ғылыми зерттеулерге мемлекет деңгейінде жоспарлар құрылды. Бірнеше салада арнайы ұйымдастырылу шаралары қолға алынды. Осындай өндіріс саласындағы жауапты ұйымдастырушылардың арасында М. Исенов те болды. Ол КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің білікті де тәжірибелі маманы ретінде аса жауапкершілікпен іс атқарды. Осы жылдардың қарсаңында мұнай құбырлары іске қосыла бастады. Атыраудан Самараға қарай төселген болат құбыр бойында қуатты мұнай айдау пункттері іске қосылды. Атасақ, Карманова, Индербор, Сахарная, Самара жерімен мұнай тасымалданатын құбырлар салынды. Өзен – Атырау – Самара желісімен мұнай тасымалдаушы құбырлар да іске қосылды [8, 14 б.]. Аталған мұнай құбырларын салу, жаңа мұнай кендерін ашу секілді қызу жұмыс жасалған кезде Мұхамбет Исенов министрлікте жауапты қызмет атқарған кезде өзіне тапсырылған жұмысты аса жауапкершілікпен атқарған. Осы жылдарда өзімен бірге жұмыс жаасқан Атыраулық мұнайшы Сафи Өтебаев, Тарбай Шәукенов сынды тұлғалар қазақ өлкесіндегі мұнай кәсіпшілігінің дамуында, осы аталған үштіктің маңызы зор болатын. Мұхамбет Айтуұлы – барлық істің ұйымдастырушысы әрі мұнай өндірісін дамытуда кездесетін мәселелер мен оның шешілу жолын ұсынса, Тарбай Шәукенов оны Орталық Комитет басшыларына жеткізсе, Сафи Өтебаев шаруашылық пен уақыт талабына сай келетін жобаларды іске асыруға көмектескен [5, 35 б.]. Аталған үштік Ембі мұнай кәсіпшілігінде туындаған мәселелердің себебін анықтауға, өндірісті интенсивтендіру шараларын құрастыруға ғылыми зерттеу институттарын, белгілі ғалымдар мен тәжірибелі мамандарды

жұмылдырып отырған. 1950 жылдары қазақ өлкесінде зерттелуі қажет кен орындар саны біртіндеп көбейе түсті. Қаратон, Тереңөзек, Мұнайлы, Қарсақтай кен орындары ашыла бастады. Барлау жұмыстары Үстіртке, Маңғыстау ойына және Еділ-Жайық қос өзен аралығына бағытталды. Еділ-Жайық қос өзен аралығында мұнай бары елуінші жылдардың бас кезінде анықталып, ғылыми тұрғыда зерттеліп, дәлелденген жылдар болды. Алғашқы геофизикалық барлау-бұрғылау жұмыстары 1957 жылы қолға алынды. Бұрғылау нәтижесінде төменгі Мартыши кен алаңының төменгі бор және юра қабаттарында өндірістік мұнай қоры бар екендігі анықталып, 1963 жылы осы жердегі ұңғыдан алғашқы мұнай тасқыны пайда болды. Алғашында 10 мм. штуцермен тәулігіне 117 текше метр таза мұнай беріп тұрды [9, 12 б.]. Міне, осындай зерттеулер өз нәтижесін беріп, жаңа мұнай өндірісі мемлекетке өз өнімін беріп жатты.

Ірі көлемді жұмыстар қызу жүріп жатқан 1952-1962 жылдарды Мұхамбет Айтуұлы орталық аппаратта, Қазақ кәсіподақ кеңесінің отын өнеркәсібі басқармасының басқарған болатын. Қызмет жасаған жылдары мұнай өнеркәсібімен шектелмей, газ, көмір салаларының ұйымдастыру қызметтерін қоса атқарды.

Бұл жылдар геологиялық барлау жұмыстарының кең бағдарламасының жүзеге асырылуымен және Маңғышлақта жаңадан ашылған ірі мұнай және газ кен орындарының игерілуімен сипатталады. Сондай-ақ, Ембі ауданындағы және Орал – Еділ өзенінің арасындағы табиғи-климаттық жағдайлары қиын, қол жетімділігі шектеулі, артта қалған аймақтардағы мұнай кен орындарын игерудің басталуы да осы жылдарға сәйкес келді. Мұхамбет Айтуұлының пікірінше, көлік, энергетика, су шаруашылығы, құрылыс және кадр-әлеуметтік проблемаларды шешпей, табиғи байлықтарды кең көлемде игеру және шөлейт аймақты жандандыру мүмкін емес еді. Осы негізгі проблемалардың шешілмеуі әрдайым экономикалық және мәдени дамудың маңызды факторы болып қалып отырды. 1958 жылдың аяғында Гурьевте Қазақ КСР Геология және жер қойнауларын қорғау министрлігі мен Батыс Қазақстанның барлық мұнай іздестіру бұрғылау кәсіпорындарын біріктіруші батыс қазақстандық геологиялық басқарма құрылды [10, 43 б.]. Мұхамбет Айтуұлы қызмет еткен уақытында БКГБ Каспий маңы ойпаттарының, Маңғыстау өлкесінің мұнай кен орындарын ашуға тікелей атсалысты. Осы жылдары сонымен қатар, тау-кен металлургия комбинаты, әртүрлі бейіндегі зауыттар, құрылыс ұйымдарының ірі базалары құрылды. Тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық объектілер, жұмысшы кенттері және мұнай-химия зауыттары, драмтеатр, әуежай, тоғыз қабатты қонақ үй, «Орбита» телеорталығы, сауда орталығы және басқа да тұрғын үй-тұрмыстық объектілер Гурьев қаласында бой көтерді. Барлық проблемалар толық шешілмегенімен, осы жылдардағы үлкен ұжымдардың күш-жігерінің арқасында аймақ түбегейлі өзгерді. Кейінгі жылдары Гурьев облысының құрамынан дербес Маңғыстау облысы бөлінді, бұл өнеркәсіптік-көлік, энергетика, мұнай кәсіпшілігі, тау-кен металлургиясы және басқа да салалардың күрделі құрылыс көлемін ұлғайтты.

1960 жылы желтоқсаннан Қазақ Халық шаруашылығы Кеңесінде (Совнархоз) қызметке жіберілсе, 1962 жылы кәсіподақ хатшысы, ал 1963-1964 жылдары Батыс Қазақстан өлкелік партия комитетінің хатшысы болып қызмет атқарған [2, 74б.]

1964 жылы 24 қыркүйегінде Қазақстан КП Батыс Қазақстан өлкелік комитеті хатшысы Н. Журиң: «М.Исенов тәжірибелі басшы, өлкедегі ұйымдастыру және өндіріс, құрылыс мәселелерін табандылықпен шешеді. Жұмыста жігерлі, өзіндік пікірі бар, ең бастысы шебер ұйымдастырушы», -деп жоғары баға берген. Сол кезеңде Отаны алдындағы адал қызметі үшін М.А. Исеновті «Еңбек Қызыл ту» (1948ж.), «Құрмет белгісі» (1956ж.), ордендерімен, «Ерлігі үшін» (1941ж.), «Москваны қорғағаны үшін» (1945ж.), «Германияны жеңгені үшін» (1945ж.), «Ерен еңбегі үшін» (1945ж.), «Тың жерлерді игергені үшін» (1958ж.) медальдарымен марапатталды [2, 14, 74 б.]. Тұлғаның

ел алдында аянбай жасаған еңбегі осылайша бағаланды. Ал 1964 жылы 28 желтоқсанында Қазақстан КП Гурьев облыстық комитетінің XIV конференциясында Мұхамбет Айтуұлын Гурьев облыстық партия комитетінің бірінші хатшылығына сайлайды [11, 305п.]

М.Исенов елдегі жаңа қайта құрулардың басында болады, атасақ, 1964 жылы 31 желтоқсанда Махамбет, Ембі өндірістік аудандары жойылып, Балықшы, Индер, Ембі аудандары құрылады. Сонымен бірге Есбол ауданының атауы Индер атауына өзгертілген. Желтоқсан пленумынан соң Гурьев облысы Батыс Қазақстан өлкесі құрамынан жеке облыс ретінде бөлініп шығады. Бұл облыстың жаңа қарқынмен дамуына жол ашты. Осы қызметі кезеңінде 1965 жылы 25-26 маусымда өткен пленумда Гурьев облысы үшін маңызды сала ауыл шаруашылығының жәйі және одан әрі бұл саланы дамыту мәселелерін қарастырады. Ауыл шаруашылығы саласы туралы бас баяндаманы С.Құбашев жасап, облыста аналық малдарды көбейту, малдарды қыстатып, қыстан алып шығу, мал азығын даярлау мәселесіне, оның ішінде елдің табиғат ерекшелігіне байланысты суармалы егістікті Индер, Махамбет аудандарында дамыту ісінің тиімділігі айтылды. Баяндамашы Балықшы, Теңіз, Индер, Қызылқоға, Маңғыстау, Махамбет, Ембі аудандарының орналасу табиғи ерекшеліктерін ескере отыра, еділбай, қаракөл қойларын, ірі қарадан қызыл-далалық, қазақтың ақбас сиырын түрлерін өсіруді ұсынды [12,16п.].

Осы жылдардағы қызметінде ірі мамандандырылған бөлімшелер мен салалық одақтас министрліктердің қатысуы үлкен рөл атқарды. Қалалық шаруашылықтарды игеруді жүзеге асыру үшін көптеген одақтас министрліктердің ірі ұйымдары тартылды, бұл үлкен бағдарламаның тиімді жүзеге асуына мүмкіндік берді. Білікті жұмысшылар мен мамандар елдің әртүрлі облыстары мен республикаларынан шақырылды. Күрделі құрылыс пен өндірістік мәселелерде жұмысшылардың еңбек жағдайларын жақсарту, еңбекақыны арттыру, және барлық қажетті заттармен қамтамасыз ету сияқты шаралар қабылданды. Мұның бәрі аймақ экономикасының дамуына үлкен көңіл бөлуді және іске асырылып жатқан іс-шаралардың ауқымдылығын көрсетеді. 1960-1970 жылдары Гурьев облысы капитал салу және күрделі құрылыс көлемі бойынша Қазақстанның облыстары арасында бірінші орындардың бірін иеленді. Бұрын республикалық және бірлескен ұйымдардың басшыларының қатысуы сирек кездесетін жағдай болса, бұл жылдары министрліктердің, орынбасарлардың және басшы қызметкерлердің белсенділігі артты. Осы жылдары Министрлер Кеңесінің төрағасы, оның бірінші орынбасары, және бірқатар одақтас министрлердің басшылығымен 17 республикалық министрлік келді [5, 379 б.]. Аталған басшылардың қатысуы ведомстволық бөлімшелердің қызметін үйлестіруге, жедел мәселелерді шешуге және перспективалық мәселелерді бірлесіп әзірлеуге мүмкіндік берді. Бұл кеңесте министрлердің сапарының қорытындылары талқыланып, туындайтын мәселелерді шешу мен нақты көмек көрсету үшін шаралар қабылданды.

1965 жылдың жазы өндіріс үшін қолайлық туғызды. Бұл сөзімізге дәлел Өзен мұнай кенінің өндіріске араласуы еді. Өзен мұнай өндірісінен алынған мұнай Гурьевке тасымалдана бастады. 1965 жылы 10-шілде күні Өзен-Маңғыстау-Гурьев теміржол құрылысы пайдалануға берілді. Мұнда арнайы мұнай құюға арналған цистерналары бар поездар жүрді [13, 34 б.].

Гурьев облысы басшылығы қызметінде кәсіби мұнайшы ретінде мұнай өнеркәсібінің дамуына ерекше назар аударды. 1966 жылы қаңтар айында Мақат, Өзен аудандары құрылып, аудан орталығы ретінде Доссор, Өзен поселкалары бекітілді. Сонымен бірге осы жылдың 25 сәуірінде Гурьев ауданы Балықшы ауданы болып, ал Консерві комбинаты поселкасы Балықшы поселкасы болып өзгертілді [14,6-10п.]. Ел ішіндегі тынымсыз жүргізілген жұмыстар нәтижесінде КСРО Мұнай өнеркәсібі

министрлігінің 1964 жылғы бұйрығымен Маңғышылақ мұнай бірлестігі, Өзен мұнай кенішінің ашылуында жемісті болды. Дәлірек айтсақ, Маңғыстаудағы мұнай атқылауы Жетібай кен орнында пайда болды. Жетібай мұнай барлау алаңындағы №6 ұңғыдан 2383-2389 метр тереңдік аралығынан қуатты мұнай бұрқағы атылған [15, 5 б.]. Атқарылған жұмыстар өз жемісін беріп, Маңғыстау түбегінде өндірісті территориялық басқарудың тұтас жүйесі қалыптасты.

Олыстың рухани-мәдени саласының дамуына айрықша назарында болды. Оған мысал ретінде, 1966 жылы 9 шілдеде Махамбет бабамыздың сүйегін зерттеуде республика көлемінде аудан басшыларымен, ғалымдар мен зиялылармен, ел ішінде көнекөз қарттармен бірлесе отыра қабірін қазуды ұйымдастырған болатын.

Бұл жылдары жұмысқа жастайынан араласқан Мұхамбет Айтуұлы Қазақстанның батыс аймағы өндірісінің белді ысылған маманы ретінде ел алдындағы ұйымдастыру қызметтері осылайша еңбегінің жемісін берді.

Қорытынды. Мұхамбет Айтуұлы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсер етіп, қалалық шаруашылықтарды дамытуға және халықтың тұрмыс деңгейін көтеруге үлкен үлес қосып, адал қызмет атқарды. Ол партия облыстық комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқара отырып, өзінің кәсібилігі мен халқына адалдығын әрдайым сақтап, қазақ елімен бірге қатарда еңбек етті. 1970 жылдан бастап, Қазақстан ОК жанындағы комсомол ардагерлерінің республикалық кеңесінің мүшесі болып қызмет атқарды. М.А. Исеновтың жұмысы мен қызметі елдің дамуына, жастардың тәрбиесіне және қоғамдық өмірге зор ықпал етті. Мұнай өндірісінің заманауи технологиялары мен басқару жүйесін игерген Мұхамбет Айтуұлы кейінгі жылдары мұнай-газ саласында табысты еңбек етіп, Қазақстанның индустриялық дамуына елеулі үлес қосты. Оның қызметі мен өмір жолы ұрпақтарға өнеге болып, мұнай өндірісінің алғашқы қалыптасу кезеңдерінен бастап, еліміздің энергетикалық әлеуетін нығайтуға дейінгі процестерде ерекше орын алады. Ол өндірістің бар саласына жаңа буын мамандар даярлау ісіне, олардың қалыптасуына жағдай жасады.

The liberation movement in the Kazakh country has one peculiarity: from the beginning of the first colonial action of Russia in Kazakhstan until the fall of tsarist power in 1917, the struggle for independence in the Great Steppe was going on continuously, not interrupted for a moment. There are a number of objective reasons why tsarist Russia could not suppress the nationwide movement of Kazakhs on the way to freedom. Firstly, the national qualities of the

Kazakh people, developed before they fell into the colonial blockade, are fighting ability, vigilance, bloodthirstiness and spiritual power. Secondly, the natural and geographical location of the great steppe favoured Kazakh rebels, defenders of the nation's independence. The Kazakh steppes sometimes struck fear into the colonists and protected their children.

The study of the issue of national liberation movements in Kazakhstan began in the pre-revolutionary period and continued in Soviet times, but there are still many gaps in its history. Party requirements of the past narrowed the field of this problem, leading to failure to reveal the connection, continuity and various distortions of some issues, especially national uprisings. It is clear that the correct assessment of these complex historical processes is very important for the present and future of our independent young state, for the unity of the various nationalities and ethnic groups living in the republic, for the national integrity and continuity of the Kazakh people.

For researchers of national liberation movements in Kazakhstan today, it is necessary to pay attention to the interconnectedness of these uprisings. The policy of the Russian Empire in Kazakhstan in the XVII-XIX centuries ultimately undermined the national dignity and livelihood of Kazakhs as a people. The violation of the national mentality, which began as a result of territorial and administrative reforms carried out by the tsarist authorities, was the main starting point, the driving force of all the movements in the region. Although outwardly these movements differed from each other, their first point was the violation of this mentality. Not to mention all the other reasons why the fate of the nation was in the balance, while the ultimate goal-objective of the armed movements that erupted and raged in the vast steppes was the same. It was independent life.

It is the homeland and the colonial policy of the tsarist government that connect the national liberation movements of the Kazakh people, which lasted a hundred and fifty years. It is the homeland and the colonial policy of the tsarist government that connect the national liberation movements of the Kazakh people, which lasted a hundred and fifty years. Referring to the quote by T.Shonanov the roots of the Kazakh war are here [6, 62 pages]. Attempts by the tsarist authorities to turn Zhaiyk into imperial property began already after the death of Abulkhair Khan. The contestation of this land is the basis of actions against any tsars in the Younger Juz. The land issue is a national issue. The war for land is the core of the national liberation uprising. Thus, the struggle of the Kazakhs of the Younger Juz for Zhaiyk is the subject of a great struggle lasting 150 years. When at the end of the XVIII century rebels led by Syrym Datovich addressed the tsarist government with a demand to restore the system of land use established over the centuries and to stop the occupation of Kazakh lands by the Ural Cossack troops, their goal was this very native land - the Zhaiyk coast. The struggle for the Motherland, which became the property of the West Kazakhstan region and the essence of the economy of Kazakh nomads, remained the main demand of the insurgents even in the movements of Yeset Kotibaruly, Azbergen Munaitpasuly[7], Seyil Turkebayuly.

One of the main driving forces of the war for freedom, which became the main support of the leaders of the movement in the popular protests of the 19th century, was the South Ural region, which we called the Orenburg province in connection with the emergence of the city of Orenburg, the homeland of the Shekty and Tabyn clan until the 19th century. This region was not only the edges of Shekta and Tabyn in the Younger Zhuz, but also the summer pastures of several other genera in the tribal associations of Alimuli and Zhetiru. In addition, the South Ural region has long been home to dozens of related peoples with close ethnic and cultural ties with each other. Some ethnic groups, on the basis of several tribal associations, form ethnic integrity and national identity, uniting under one flag, and now, under the influence of the history of the same tribal unions - political phenomena - are divided and absorbed by various related peoples.

So, among the Kazakh and Bashkir ethnic groups inhabiting the South Ural region, the traceability of such tribes as Argyn, Kypchak, Tleu, Tama, Tana, Alshyn, which have preserved customs and linguistic common features, and even the fact that they were identical to tribal symbols, suggests that these two peoples have the same basis [8]

It was from this South Ural region, that is, the Orenburg Territory, that the colonial policy of the tsarist government supplanted the population of the Younger Zhuz during the first half of the 19th century.

The executors of this tyrannical policy were the Orenburg governors Prince Volkonsky, General Essen and Count Perovsky. So, during the reign of these three governors in the Orenburg Territory in the Younger Zhuz, uprisings of the Kazakhs broke out and continued. The loss of the northern part of Zhayyk, Orynbor by the Kazakhs served as a prerequisite for the uprising of Syrym Datula, and Karatai Nuralyuly, and Kaipkali Yesimovich, and Zholaman Tlenshiuly, as well as the cause of Eset Kotibaruly's wars with the tsarist troops in the middle of the 19th century.

Despite the fact that the history of national liberation uprisings in the past era was divided, not to mention the general signs of their character, as events incompatible with each other, and only in this direction was party pressure exerted on research, a number of outstanding Kazakh researchers focused on the unity of national liberation uprisings in the region. One of them, T. Shonanov, said: "The Kazakhs interpreted their native language and the pleasant words of the government in their own way. Kazakhs have well understood the secret of the government's indignation and despondency. Trying not to give the land to a mounted Cossack, they fiercely defended their settlement and fought. Yeset, Zhankozha, Syrym, Kenesary began their uprising. In a historical letter from Shegen Bi to Akhmet Sultan, which stated that in the Irtysh Kulek war, the Malaysarli with the Cossacks was because of land disputes" [6,32-33 pages], he rightly argued.

When studying the history of national liberation movements, the historian should keep in mind the following. The transfer of Isatai Taymanuly, Makhambet Utemisuly and several of his associates to the steppe beyond Zhaiyk coincided with a major popular wave that began in connection with the uprising of Sultan Kenesara Kasymovich in the Younger Zhuz. T. Shonanov noted that "The Isatai uprising is an uprising common to the masses of the Middle and Younger Zhuz. The uprising that engulfed the entire Kazakh steppe. In 1838, the uprisings of Kenesara and Yeset took place " [6, p. 65], which indicates the historical continuity of the struggle on the path to freedom.

In early 1838, Sultan Kenesary, along with his fellow villagers, moved from Sredny Zhuz to Turgay and Irgiz districts. In the spring of this year, unrest will begin among the Kazakhs of the Orenburg department. The wave of the uprising swept the eastern part of the Horde, where the Kazakhs of the Argyn and Kipchak clans settled, then reached the Jagalbayli clan and finally covered the villages of the Tabyn clan, which settled along the Ilek River. From here, batyr Zholaman Tlenshuly, disobeying the royal administration, goes with his tribe to the Torgai River to join Kenesary Kasymuly [9, 39 p.].

The wave of population gradually spread to the Eastern and Middle parts of the Younger Zhuz and eventually penetrated into the western part.

At the same time, Sultan Kaipkali Yessimovich, who was supported by the people of Adai from Mangystau, will resume the uprising against Russia.

There is reason to believe that in the late 30s of the XIX century, the Younger Zhuz was engulfed in the flames of the great struggle for freedom. It can be said that during this period, the national liberation uprisings led by these personalities, who left a noticeable mark on the history of Kazakhstan, developed in connection with each other. Both Isatai, Kayypkali, Kenesary, Zholaman, Yeset and Azbergen carried out armed movements and propaganda work

during this period in the center of the Zhetyru and Alima tribes inhabiting the area of the Jem, Irgiz, Ilek, Kiyl, Sagyz, Oyl rivers and the Mugalzhar mountains and the Barsuk sandy region. The Shekty clan was especially at the epicenter of the above-mentioned uprisings. Here we will not falsely praise the Shekty clan in order to glorify the leader of a certain uprising, in fact, this clan was one of the main pillars of the national liberation movement in Kazakhstan, the most famous historians and scientists wrote about it. For example, A.Ryazanov equates the Shekty clan with the Zaporozhye Cossacks, the instigators of the Ukrainian people's liberation movement of the XVII century. He wrote: "the Shekty clan thought that they were part of the Zaporozhian Sich of the XVII century, a Cossack hospital was concentrated here, and a bold and real invasion of the Russian border line was planned here" [10, 147 p.].

Conclusion. Thus, Russia's conquest of Kazakhstan was carried out gradually, it was not easy for the empire to colonize the Kazakh country, it is known that the decisive role here was played by the resistance of the Kazakh people to the colonization policy of the tsarist government for almost a century and a half. It was more difficult for tsarist politicians to suppress the repeated uprisings of the Kazakh people for freedom than to solve Russia's rivalry in the Central Asian region with well-known states in the world colonial system. The origins of Kazakhstan's independence and the formation of an independent state lie in the centuries-old continuous struggle of the Kazakh people for freedom. That is why respect for the male name, which for years dreamed of liberation, aspired to the white path of justice and fought to ensure that the sacred settlement of the ancestors did not fall into the hands of anyone, is a generational duty, a symbol of the country.

LITERATURE

- 1Рязанов, А.Ф. Набеги хивинцев и туркмен в киргизскую степь в 1848 году [Текст] / А.Ф. Рязанов – Оренбург, 1925. – 23 с.
- 2Қасымбаев, Ж. Көтерілістің көзден таса беттерінен [Текст] / Ж. Қасымбаев // Хан Кене: тарихи толғамдар мен пьеса, дастандар. – Алматы: Жалын, 1993. – 448 б.
- 3Құрманалин, С. Кіші жүз және Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс (1847-1858 жж.). [Текст] / С. Құрманалин – Орал: Полиграфсервис, 2019. – 256 б.
- 4Қозыбаев, М. Жауды шаптым ту байлап [Текст] / М. Қозыбаев – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.
- 5Ресей Федерациясы Орынбор облыстық мемлекеттік архиві (РФ ООМА), 6-қор, 10-тізім, 7176-іс.
- 6Шонанұлы, Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. [Текст] / Т. Шонанұлы – Алматы: Санат, 1995. – 224 б.
- 7Есеркепова, Ж.О. Әзберген би Мұңайтпасұлы: өмірі және қызметі. [Текст] / Ж.О. Есеркепова – Алматы: Полилингва, 2021. – 240 б.
- 8Материалы по истории Казахской ССР (1785-1826) [Текст] // Т.ІҮ. М.-Л.:АН СССР, 1940. – 543 с.
- 9РФ ООМА, 6 қор, 10 тізім, 71-75 іс.
- 10 Рязанов, А.Ф. Исатай Тайманов көтерілісі (1836-1838). [Текст] / А.Ф. Рязанов – Алматы: Қазақстан, 1996. – 176 б.

REFERENCES

- 1Ryazanov, A.F. Nabegi hivincev i turkmen v kirgizskuyu step' v 1848 godu [Nabegi khivintsev and Turkmen in the Kirghiz step in 1848]. Orenburg, (1925): 23 s. – (In Rus)
- 2Kasymbaev, Zh. Koterilistin kozden tasa betterinen [from the hidden pages of the uprising]. Han Kene: tarihi tolgamdar men piesa, dastandar. Almaty: Zhalyln, (1993): 448 b. – (In Kaz)

3Kurmanalin, S. Kishi zhyz zhane Eset Kotibaruly bastagan ult-azattyk koterilis (1847-1858 zhzh.). [Zhuz the younger and the National Liberation uprising led by Yeset Kutibarovich]. Oral: Poligrafservis, (2019): 256 b. – (In Kaz)

4Kozybaev, M. Zhaudy shaptym tu bajlap [The Enemy is tied to the flag]. Almaty: Kazakhstan, (1994): 192 b. – (In Kaz)

5Resej Federaciya Orynbor oblystyq memlekettik arhivi (RF OOMA), 6-kor, 10-tizim, 7176-is. – (In Kaz)

6Shonanuly, T. Zher tagdyry – el tagdyry [The Fate of the Earth is the fate of the country]. Almaty: Sanat, (1995): 224 b. – (In Kaz)

7Eserkepova, Zh.O. Azbergen bi Munaitpasuly: omiri zhane kyzmeti. [Tekst] / Zh.O. Eserkepova – Almaty: Polilingva, 2021. – 240 b. – (In Kaz)

8Materialy po istorii Kazahskoj SSR (1785-1826) [Materials on the history of the Kazakh SSR (1785-1826)]. T.IY. M.-L.:AN SSSR, (1940): 543 s. – (In Rus)

9RF OOMA, 6 kor, 10 tizim, 71-75 is. – (In Kaz)

10 Ryazanov, A.F. Isatai Taimanov koterilisi (1836-1838) [Isatay Taimanov uprising (1836-1838)]. Almaty: Kazakhstan, (1996): 176 b. – (In Kaz)

РЕСЕЙЛІК ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТҚА ҚАРСЫ ҚАЗАҚ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТЕРІ: ЖЕҢІЛУ СЕБЕПТЕРІ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТАРЫ

Аңдатпа. Ұлт-азаттық көтеріліс отар елдерге тән. Қазақ халқы да тәуелсіздігін сақтап қалу жолында метрополияға ұзақ қарсылық көрсетті. Қарсылық қозғалыстары табанды болды. Ар, намыс құндылықтары биік көрінді. Сасяи, әлеуметтік, экономикалық себептерді екінші кезекте қарастырамыз. Қазақ халқының XIX ғасыр бойы дүркін-дүркін ірі көтерілістерге шығып, өз тәуелсіздігін қорғап бағуы қазақ тарихының жарқын да қасіретті беті. Тең емес күштің салдарынан барлық қарсылық жеңіліске ұшырады. Жеңілудің басты себебі колонизаторлар мен отарланушылар арасындағы соғыс техникасы. Мақалада империяға қарсы қарулы күрестің жеңілу себептері талданады. Қазақ көшбасшылары бастаған көтерілістердің ұлт тарихындағы тарихи маңызы, ортақ заңдылықтары, өзара байланыстары зерделенеді.

Көтерілістердің басында қазақ қоғамында үлкен беделге ие әулеттерден шыққан батырлар тұрды. Соның бірі – Шекті руынан шыққан Есет Көтібарұлы. Есет батыр көтерілісі тарихта жеңіліске ұшырады. Алайда оқырман мен кейінгі ұрпақ тағылым алатындай тарих жасады. Осынысымен ерекше. Ұлттық баскөтерулердің өзара байланыстары болды. Көшбасшыларының сырттай таныс-білістігі ғана емес, қарым-қатынастары болды. Бір-біріне қорған болды. Әскери қолдау көрсетті. Батырлықтарын, ерліктерін мойындай отыра бірінің соңынан бірі ере білді. Оларды ортақ жауға қарсы ортақ мүдде тоғыстырды. Бұл назар аударарлық жәйт. Себебі өткен тарихнама қазақ халқының отаршылдыққа қарсы көтерілістерін бір-бірінен бөліп тастаған болатын. Біз азаттық қозғалысының біртұтастығы концепциясына қосыламыз.

Кілт сөздер. Отаршылдық, ұлт-азаттық, тәуелсіздік, батырлар, билер, сабақтастық, тарихнама.

КАЗАХСКИЕ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫЕ ВОССТАНИЯ ПРОТИВ РОССИЙСКОЙ КОЛОНИАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ: ПРИЧИНЫ ПОРАЖЕНИЙ, ОСОБЕННОСТИ, ВЗАИМООТНОШЕНИЯ

Аннотация. Национально-освободительное восстание характерно для колониальных стран. Казахский народ также долго сопротивлялся метрополии, чтобы сохранить свою независимость. Движения сопротивления были настойчивыми. Высоки были ценности чести и достоинства. Во-вторых, мы рассматриваем политические, социальные, экономические причины. Яркая и трагическая страница казахской истории-это когда казахский народ на протяжении XIX века периодически поднимался на крупные восстания и защищал свою независимость. Из-за неравной силы все сопротивление было побеждено. Основная причина поражения-военная техника между колонистами и колонизаторами. В статье анализируются причины поражения вооруженной борьбы против империи. Будут изучены историческое значение, общие закономерности, взаимосвязи восстаний во главе с казахскими лидерами в истории нации.

Во главе восстаний стояли герои из династий, пользующихся большим авторитетом в казахском обществе. Один из них-Есет Котибарулы из клана Шекты. Восстание Есет батыра потерпело поражение в истории. Однако читатель и последующие поколения создали историю, чтобы ее можно было изучать. В этом его особенность. У национальных восстаний были взаимосвязи. У лидеров были не только внешне знакомые-знающие, но и коммуникабельные отношения. Друг к другу были оплоты. Оказывали военную поддержку. Признавая храбрость и отвагу, они следовали друг за другом. Их объединили общие интересы против общего врага. Это заслуживает внимания. Потому что прошлая историография разделяла восстания казахского народа против колониализма. Мы присоединяемся к концепции единства движения за свободу.

Ключевые слова. Колониализм, национальное освобождение, независимость, герои, бий, преемственность, историография.

Мәден Асылбек Төреханұлы*¹

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, 030000, Ақтөбе қ., Ә. Молдағұлова даңғылы, 34, assylbek_maden@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-4498-8105

Төкешов Нұрлан Біржанұлы²

Тарих ғылымдарының магистранты, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ, Қазақстан Республикасы, 030000, Ақтөбе қ., Ә. Молдағұлова даңғылы, 34, nur.121646@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-5719-0382

**1930 ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨңІРІНДЕГІ
БОСҚЫНШЫЛЫҚТЫҢ ТАРИХЫ**

Аңдатпа. Бұл мақала Ақтөбе өңіріндегі 1930 жылдардың басындағы босқыншылықтың тарихын зерделеуге арналған. 30-жылдардың басындағы қазақ халқының босқыншылығы отандық тарихтағы өзекті мәселелердің бірі. Қазақ халқының босқыншылығы кеңес үкіметі жүргізген саяси-шаруашылық науқандардың, соның нәтижесіндегі ашаршылықтың тікелей салдары болды. Мақаланың мақсаты осы өңірдегі босқыншылықтың жүру барысын зерттеу, сол қасіретті жылдардың өлке тарихындағы алатын орны мен маңызына тарихи баға беру. Мақала аясындағы зерттеу нәтижесінде Ақтөбе өңіріндегі босқыншылықтың себептері, жүру барысы, ауқымы, кезеңдік ерекшеліктері, босқындардың саны, көші-қон бағыттары, үкімет органдарының ашаршылық пен босқыншылыққа көзқарастары, қабылдаған іс-шаралары, оның нәтижелері анықталды.

Мақала ұлттық көзқарас тұрғысынан тарихилық, объективтілік принциптерді басшылыққа ала отырып жазылды. Қазақтардың босқыншылығының себептерін, жүру барысын, кезеңдік ерекшеліктерін зерттеу барысында проблемалық-хронологиялық әдіс басшылыққа алынды. Сол сияқты зерттеу барысында тарих ғылымындағы жалпылау, талдау, салыстырмалы-тарихи, тарихи-генетикалық, ретроспективтік, статистикалық әдістер қолданылды. Ол әдістер арқылы босқыншылықтың пайда болу себептерін, басталу, шарықтау және аяқталу мерзімдерін, оның ауқымын, босқындар санын, үкімет органдарының ұстанымдары мен саясатын анықтадық. Зерттеу нәтижесінде алынған қорытындылар маңызды болып табылады, оларды өлке тарихын оқытуда пайдалануға болады.

Кілт сөздер. Ақтөбе, кеңестік саясат, көшпелілер, ашаршылық, босқын, ауа көшу.

Кіріспе. 1930 жылдардың басы қазақ халқы үшін ең ауыр әрі қайғылы кезеңдердің бірі болды. Кеңес үкіметінің жоспарлы экономика саясаты мен қоғамды түбегейлі өзгертуге бағытталған шаралары қазақ халқының өмір салтын, шаруашылығын және мәдениетін түбірімен өзгертіп жіберді. Әсіресе күштеп ұжымдастыру, отырықшыландыру науқандары және қазақ шаруаларының мал-мүлкін жаппай тәркілеу шараларының салдарынан қазақ халқы ғасырлар бойы ұстанып келген дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығынан айырылды. Бұл науқандар халықтың негізгі күнкөріс көзін жойып, ауыл шаруашылығын күйзеліске ұшыратты. Ұжымдастыру саясаты малды ортақ меншікке өткізуге мәжбүрледі, сонымен қатар астық пен ет дайындау жоспарлары қазақ халқын малынан толықтай айырды. Малынан айырылған халық азық-түлік

тапшылығына ұшырап, елді ашаршылық жайлады. Кеңес үкіметінің қатал саясаты мен әкімшілік аппаратының асыра сілтеушілігі жағдайды одан әрі ушықтырды.

Осындай күрделі жағдай еліміздің барлық өңірлерін шарпыды. Ақтөбе өңірі де одан тыс қалмады. Аштыққа ұрынған халық аман қалу үшін жан сауғалап, туған жерін тастап, басқа аймақтарға көшуге мәжбүр болды. Ақтөбе өңірінің халқы көршілес Ресей аймақтарына, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Түркіменстан және еліміздің өзге өңірлеріне босып кетті. Босқында жолда жол азабын тартып, аштықтан, аурудан, суықтан шығынға ұшырады. Босқындарды бөтен жерде де қиыншылықтар күтіп тұрды: олар көп жағдайда аштық, жұмыссыздық және тұрмыстық ауыртпашылықтарға тап болды. Кейбірі шекара асып үлгерсе де, жаңа қоныстарында жат жерліктер ретінде қуғын-сүргінге ұшырады.

Жергілікті архив құжаттарын саралау Ақтөбе өңірінде де босқыншылықтың ауқымының айтарлықтай болғандығын айғақтайды. Халықтың ауа көшулеріне кеңестік саяси-шаруашылық науқандар, соның нәтижесіндегі ашаршылық, жергілікті билік органдарының асыра сілтеушіліктері себеп болды. Халықтың ауа көшулерінің стихиялы болуымен қатар, ауыл белсенділерінің, яғни байлар, ауыл ақсақалдары, дін қайраткерлерінің ұйымдастыруымен бір жағынан кеңестік саясатқа қарсылық ретінде әдейі жасалғандығын да мойындауымыз керек. Бұл қазақ қоғамында бұрын бар дәстүр. Дегенмен, халықтың көпшілігі жан бағу үшін, амалсыздан көшіп кетуге мәжбүр болды. Жағдайды екінші жағынан кеңес үкіметінің аштық пен босқыншылыққа деген көзқарасы мен саяси ұстанымы ушықтырды. Кеңестік билік ашаршылықты, оның салдарын бірден мойындай қоймады, одан саяси астар іздеді. Оны партия мен үкімет органдарының қабылдаған шараларынан айқын көруге болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ғылыми мақалаға арқау болып отырған тақырып тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде ғана зерттеле бастады. Оған дейін, кеңестік кезеңде бұл мәселе жабық тақырыптардың бірі болды. Қазақ тарихшыларының ішінен бірінші болып осы тақырып бойынша жабық архивтердегі «құпия», «аса құпия» құжаттармен жұмыс жасаған тарих ғылымдарының докторы, профессор Т. Омарбеков болды. Т.Омарбековтың осы бағыттағы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 1997 жылы оның «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» атты монографиясы жарық көрді. Кейінгі жылдары аталмыш тақырыпты профессордың шәкірттері жалғастырды. Сонымен қатар, тарих ғылымдарының докторы, академик М.Қойгелдиев аталмыш мәселенің теориялық-методологиялық тұрғыдан жасақталуына өлшеусіз үлес қосты. Ғалым кеңестік саясаттың қазақ қоғамына тигізген зардаптарын зерттеп, ашаршылық пен қуғын-сүргін тарихын жан-жақты талдайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.К.Тоқаевтың жарлығымен «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның» құрылып, оның 2021-2023 жылдар аралығында жұмыс жасауы аталмыш тақырыптың жаңа серпінмен зерттелуіне жол ашты. Мемлекеттік комиссияның жұмысы барысында босқыншылық тақырыбы арнайы бағыт ретінде зерттелді. Әсіресе, өңірлерде босқыншылықтың жүру барысына қатысты көптеген деректер ашылып, ғылыми айналымға түсті. Осы аралықта тарихшылар босқыншылық тақырыбына қатысты ғылыми жобаларды жүзеге асырып, ғылыми мақалалар жазылды. Дегенмен, біз босқыншылықтың өңірлік ерекшеліктерін айқындап, оның нақты өңірге тигізген зардаптарын анықтауды қолдаймыз.

Мақаланы жазудың негізгі материалдары ретінде жергілікті Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивтің құжаттары пайдаланылды. Атап айтқанда, бұрынғы партиялық архив болған 13-қордың 1-ші тізбесінің 19, 315, 329, 339, 341-ші істерінің, 2-ші тізбесінің 458-ші ісінің құжаттары зерттелді. Оларда БМСБ (ОГПУ) Ақтөбе облыстық бөлімінің аса құпия арнайы хабарламалары, жекелеген аудандардың әлеуметтік-экономикалық

дамуының көрсеткіштері туралы есептер жинақталған. Дегенмен, архив қорында тақырыпқа қатысты көптеген құжаттардың өз кезегін күтіп жатқандығы сөзсіз.

1930 жылдар басындағы Ақтөбе өңіріндегі босқыншылықты зерттеуде бірнеше ғылыми әдістер қолданылды. Салыстырмалы талдау әдістері арқылы архив құжаттары сараланып, олардың маңыздылығы айқындалды. Проблемалық-хронологиялық әдіс босқыншылықтың себептері мен кезеңдерін жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік берді. Салыстырмалы әдіс арқылы Ақтөбе өңіріндегі аудандардағы босқыншылықтың жүру барысы салыстырылды. Тарихи-генетикалық әдіс оқиғалардың түпкі себептерін анықтауға көмектесті. Статистикалық әдіс демографиялық шығындар мен көші-қон ауқымын сандық тұрғыдан бағамдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және оларды талқылау. Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының (ОГПУ) өкілетті өкілдігінің 1931 жылдың 1-желтоқсанында Қазақ өлкелік партия комитетіне берген мәліметі бойынша Қазақстанда көшіп кету әрекеттері 1930 жылдың көктемінен басталған. Сол мәліметке сәйкес 1930 жылы 34 977 қожалық, ал 1931 жылы толық емес мәліметтер бойынша 45 000 шаруашылық көшіп кеткен [1, 257 б.]. Бұл мәліметтердің тек республикадан тыс көшіп кеткендерді ғана емес, сондай-ақ еліміз ішінде бір өңірден екінші өңірге босып кетуге мәжбүр болғандар санын да қамтитындығын атап өткен жөн.

Кеңес үкіметінің қайшылыққа толы науқаншылық саясаты Ақтөбе өңірінің халқына да ауыр зардаптарын тигізді. Жергілікті халықтың кейбір бөлігі үкімет саясатына қарсылық ретінде тұрғылықты жерінен басқа аймақтарға көшуге мәжбүр болды. Халықтың босқыншылығы екі бағытта жүрді, яғни, республикадан тыс аймақтарға және республика аумағындағы өзге өңірлерге бағытталды. Жергілікті архив құжаттары халық босқыншылығының республикадан тыс аймақтар ішінен көршілес Ресейдің Ақтөбе облысымен шекаралас аймақтарына, Өзбекстанға, оның құрамындағы Қарақалпақстанға, Түркіменстанға бағытталғандығын көрсетеді.

Осы архив құжаттары Ақтөбе өңірінде де халықтың ауа көшуі 1930 жылы басталғандығын айғақтайды. Мәселен, 1930 жылдың 26-желтоқсанына тиісілі аса құпия арнайы хабарламада Ақтөбе округіне қарасты Шыңғырлау ауданынан осы жылдың күз айларында 151 шаруашылықтың көшіп кеткендігі, оның ішінде 17-сі бай, 8-і орташа, 22-сі кедейлер шаруашылықтары екендігі, қалған 104-інің әлеуметтік жағдайының анықталмағандығы жазылған. Темір ауданынан 461 шаруашылық көшіп кетеді. Оның 367-сі кедей, 75-сі – орташа, 19-ы – бай шаруашылықтары болды. Ойыл ауданы бойынша аталмыш құжатта №№10, 11, 13, 14, 19, 21, 22, 23, 41 ауыл қазақтарының көшіп кеткендігі айтылады. Соның ішінде №№ 19, 21, 22 және 23 ауыл тұрғындары түгелімен көшіп кеткен. №19 ауылдан кеткен 29 шаруашылықтың көшін Ерманов деген кісі басқарады. Осы Ойыл ауданына қатысты мәліметте бай, молда, бұрынғы сот, атқамінер, банды ретінде бірнеше ондаған адамның аты-жөні аталады. Аудан халқының көші Башқұртстан, Қаспий маңы, Илецк, Маңғыстау аудандарына, Түркіменстанға бағыт алды. Ауданда желтоқсан айының өзінде босқыншылық жалғасқан. Байлардың малдарын сатып жатқандығы жазылады.

Табын ауданы бойынша арнайы хабарламада №17 және №23 ауылдардың Түркіменстанға көшіп кеткен бірнеше байларының аты-жөндері аталады. Олармен бірге орташалар мен кедейлер де кеткен. Аталмыш құжатта қазақтардың көшіп кетуінің негізгі себептері ретінде салық төлеуден жалтару, малын үкіметке өткізуден бас тарту, азық-түлік іздеу көрсетіледі. Жергілікті билік көшіп кетушілерге тосқауыл қоюға тырысты. Мысалы, Темір ауданының атқарушы комитеті ауылдық кеңестерге босқындарды ауылдан шығармай, ұстау жөнінде пәрмен берді [2, 146-147 pp.].

1931 жылы Ақтөбе өңіріндегі босқыншылықтың ауқымы ұлғайды. Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының 1931 жылдың он айына қатысты мәліметтері бойынша Ақтөбе өңірінің Табын ауданынан үкіметке қарсы қарулы басқөтерулермен байланысты басқа аймақтарға, оның ішінде, негізінен Түркіменстан мен Қарақалпақстанға 6 000 шаруашылық көшіп кеткен. Кейінгі уақытта Қарақалпақстанға көшіп кеткен 300-дей шаруашылықты қосқанда, барлығы 6 300 шаруашылық көшіп кетеді.

Темір ауданында босқыншылық қыс айларында байқалған. Оның да себебі күштеп жүргізілген шаруашылық-саяси науқандар болды. Бұл өлкеден Шалқар және Ақтөбе аудандарына шамамен 150 шаруашылық көшіп кеткен.

Табын ауданындағы қарулы басқөтерулер кезінде Ойыл ауданының оңтүстік бөлігіндегі ауылдардың халқы Қарақалпақстан мен Түркіменстанға көшіп кетеді. Олардың саны жөнінде мәлімет жоқ. Ойыл ауданының батыс бөлігінен босқыншылық бұрынғы Орал округі мен Орынбор қаласына (Орынбор ауданы) бағыт алған. Кезінде Ақтөбе округінің құрамында болған Ақбұлақ ауданының халқы да көршілес Ресей аймақтарына көшуге мәжбүр болды. 1931 жылдың қазан айына тиесілі мәлімет бойынша Ақбұлақ ауданынан Орынбор, Орск және Башқұртстанға шамамен 200 шаруашылық көшіп кеткен. Осы аймақтарға Ақтөбе округіне қараған Шыңғырлау ауданының халқы да көшті. 1931 жылдың жазында Шыңғырлау ауданынан Соль-Илецк, Илецк және Башқұртстанға шамамен 2 000 шаруашылық өтіп кеткен.

Ақтөбе ауданынан аталған жылдың жаз айларында Шалқар, Темір, Орынбор және негізінен Орск ауданына шамамен 550 шаруашылық көшіп кетеді. Ал Қобда ауданы бойынша 1932 жылдың 1-қаңтарына дейінгі кезеңде 1344 шаруашылық көшіп кеткен.

Жалпы Ақтөбе өңірінен 1931 жылдың жазында тиісті органдардың есебі бойынша 10 000 шаруашылық көшіп кеткен, бірақ бұл сандарды нақты мәлімет деп айта алмаймыз. Аталған 10 000 шаруашылыққа халықтың еуропалық бөлігінің кірмегендігін атап өткен жөн [3, 70-71 pp.]. Жергілікті билік органдары да бұл санның нақты емес екендігін мойындайды. Өйткені, қазақ ауылдары мен халықтың еуропалық бөлігінде тұрғындардың ауа көшулері мен қашуы 1931 жыл бойы жалғасқан.

Тиісті органдардың мәліметтерінде көшіп кеткен шаруашылықтардың шоғырлану аймақтары көрсетілген. Оның бірі – Орта Еділ аймағы, оның ішінде, Илецк, Соль-Илецк, Орынбор, Орск, Бөрте болысының 1, 3, 9-шы ауылдары және Башқұртстан аумақтары. Көшіп кетушілердің екінші шоғырлану аймағы – Орта Азия мен Қарақалпақстан аумақтары болды. Атап айтқанда босқындар Көне Үргеніш, Қоңырат, Қожелі, Түркіменстанның Красноводск, Қарабұғаз шығанағына қоныстанды. Бұлардан басқа Орынбор маңында, Орск және Бөрте аумақтарында Орал, Жымпиты және Тайпақ аудандарынан шыққан шамамен 500-600 шаруашылықты құраған босқындар тұрып жатты. Осы қызметтік жазбада халық 50-70-100 шаруашылықтан топтасқан, әрбір топты жеке-жеке «кеңес үкіметіне қарсы контрреволюциялық элементтер», яғни байлар, ақсақалдар, бұрынғы алашордалықтар басқарады деп келтірілген [3, 71-72 pp.]. Бұның өзі кеңес үкіметінің қазақ босқындарына деген саяси көзқарасын нақты көрсетеді.

Ақтөбе өңіріндегі қазақ шаруаларының босқыншылығы 1932 жылы да жалғасты. Осындай жағдайда кеңес үкіметі, жергілікті атқарушы билік органдары тұрғылықты мекендерін тастап, жан-жаққа босуға мәжбүр болған қазақ шаруаларын кері қайтару, олардың әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған шараларды қабылдауға мәжбүр болды. БКП (б) Ақтөбе облыстық комитетінің 1932 жылдың 7-наурызында өткен бюро мәжілісінде қайтарылған кедей-орташалар қожалықтарына көмек беру жөніндегі өлкелік комитеттің 1932 жылдың 23-ақпанындағы қаулысы негізінде Еділ өзенінің орта бойына, Башқұртстанға, Орал облысына кеткен қазақтарды кері қайтару жұмыстары

ұйымдастырылып, сол жақтарға, атап айтқанда, Самараға – Меңдібаев, Уфа мен Свердловскіге Орынбаев жіберіледі. Кері қайтарылған шаруашылықтарды азық-түлікпен, тұқымдық дақылдармен қамтамасыз ету, салық төлеуді кейінгі шегеру шаралары қабылданды [4, 36 п.]. Көршілес аймақтарға жіберілген арнайы өкілдерге көшіп кеткен халықты райынан қайтарып, тұрғылықты жеріне қайтуға көндіру міндеті жүктелді.

Ақтөбе облысынан босқындар қоныс тепкен аймақтарға жіберілген арнайы өкілдер сондағы қазақ шаруаларының жағдайын көзімен көрді. Көптеген шаруашылықтардың жағдайы өте ауыр болды, оларға азық-түлік жетіспеді. Орталық үкімет деңгейінде босқындар қоныстанған аймақтардағы жергілікті билік органдарына қазақ босқындарына әлеуметтік көмек беру, оларды жұмысқа орналастыру міндеті тапсырылды. Дегенмен, ол жұмыстар өте мардымсыз жүрді, тіпті, жергілікті билік органдарды ол қаулыларды орындауға асықпады. Бұл жағдайды Башқұртстанға жіберілген Ақтөбе БКП (б) Обкомы мен Облатком өкілі Сарқожаев та өзінің 1932 жылы 8-сәуірде БОАК өкілі Бадреевке жолдаған құпия хабарламасында атап өтеді. Аталған хабарламада Башқұртстан аудандарында шамамен 2000-нан астам қазақ шаруашылықтарының қоныстанғандығы, бір Зиянчуринск ауданының өзінде 130 шаруашылықтың қоныс тепкендігі айтылады. Сол 2000-нан астам шаруашылықтың өнеркәсіпте, совхоздар мен колхоздарда 236 шаруашылығы, маусымдық жұмыстарға – 82 шаруашылық орналастырылған. Қалғандары ешқандай жұмыспен қамтылмаған [5, 4 п.].

Жоғарыда атап өтілгендей, Ақтөбе өңірінен шыққан босқындардың қоныстанған аумағының бірі – көршілес Орал облысы болды. Есімі аталған Сарқожаевтың 1932 жылы 21-сәуірде БОАК-не Киселевке жазған қызметтік хатында Орал облысында Ақтөбе өңірінен шыққан шамамен 4000 қазақ шаруашылығының қоныс тепкендігін, олардың көпшілігінің әлі күнге дейін жұмыспен қамтылмағандығын атап өтеді [5, 1 п.].

Жалпы, Ақтөбе өңіріндегі халық босқыншылығының 1932 жылғы ауқымын, оның жекелеген аудандар бойынша ерекшелігін Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының Ақтөбе облысы бөлімі Саяси-құпия бөлімінің облыс аумағынан қазақ халқының көшіп кетуі туралы кезекті арнайы хабарламасы арқылы бағамдауға болады. Құжатта 1932 жылдың қыркүйегіне дейінгі жағдайлар келтірілген. Онда облыс халқының әлі де болса басқа аймақтарға, оның ішінде, Қарақалпақстанның Қоңырат, Шымбай аудандарына және республиканың Қарсақпай ауданына қарқынды түрде көшіп жатқандығы айтылады. Соңғы үш айда анық емес мәліметтер бойынша тағы да 3000 шаруашылық немесе 12000 адамға дейін көшіп кеткен. Босқыншылық әсіресе Табын, Шалқар, Торғай және Батпаққара аудандарын ерекше шарпыған, ал Арал, Темір, Қобда және Ақтөбе аудандарында оның ауқымы төмендеу болды. Аталмыш хабарламада ауа көшулердің негізгі себептері ретінде жекелеген аудандарда азық-түліктің тапшылығы, халықтың астық-ет дайындаудың жоғары жоспарын көтере алмауы деп көрсетілді. Жергілікті билік тағы бір себеп ретінде «контрреволюциялық пиғылдағы кулактар мен байлар» азық-түлік қиындықтары мен жүргізіліп жатқан науқандарды көшіп кету қозғалысын күшейту мақсатында пайдаланды деп көрсетіп [6, 43 п.], қазақ шаруаларын айыптаудан аянып қалмады. Шын мәнісінде, халықтың ауа көшулерінің негізгі себебі асыра сілтеушілікпен жүргізіліп жатқан саяси-экономикалық науқандар, соның салдарынан туындаған ашаршылық болды. Ашаршылық бұл уақытта Ақтөбе өңірін айтарлықтай шарпыды.

Ақтөбе облысына қараған Торғай және Батпаққара аудандарының жағдайы өте ауыр болды, сондықтан мұндағы халықтың босқыншылығы жаппай сипат алды. Халық мал-мүлкін сатып, тұтас ауыл болып Қарсақпайға, облыстың солтүстік аудандарына және Қарақалпақстанға көшіп жатты. Табын ауданы бойынша жауапты қызметкер

Иманғазин Дайырдың айтуынша аудан халқының жартысынан көбі Қоңырат, Шымбай және басқа қалаларға көшіп кеткен. Босқыншылық қарқыны күннен-күнге артып, көптеген ауылдар, әсіресе №№6, 10, 14, 15, 16 және 17 ауылдар бос қалады. Ашаршылық шарпыған аудандардағы босқыншылықтың басты себебі астық дайындаудағы асыра сілтеушіліктер болды. Адамов ауданындағы №№1, 2, 3, 4, 5, 7, 8 ауылдардың халқы да астық дайындаудың басталатындығы туралы ел арасында тараған қауесеттен қорқып Кваркинск және Брединск аудандарының бағытына босып кетеді. Меңдіқара ауданының Михайловск ауылдық кеңесінде де тұрғындар астық дайындаудың басталып, аштыққа ұшыраудан қорқып отбасымен, кейбіреулері құжатсыз, отбасын тастап кетіп жатты [6, 43-45 pp.].

Халықтың көші-қонын жергілікті байлар, дін қайраткерлері, бұрынғы патша үкіметіне және жергілікті кеңестік атқарушы билікке қызмет еткен белсенділер ұйымдастырды. Мәселен, Ойыл ауданының №3 ауылының Қарақалпақстанға көшін бұрынғы колхоз төрағасы Ишабаев Құсан және ауылдық кеңестің бұрынғы төрағасы Ілиясов Нығламан басқарды. 15-тамызда олар жағдаймен танысып, қыстайтын жерді анықтау үшін Қоңыратқа Батанов Әбішті жібереді. Ауылда көшіруге 150 шаңырақ дайындалды. Одан басқа Қоңыраттан осындай көші-қонды ұйымдастыру үшін бұрын көшіп кеткен №№3 және 13 ауылдардың байлары Тілепов Өтеген мен Төкенбаев Қалижан келеді. Олар да ауыл ақсақалдары Лесов Айтмағамбет, Борамбаев Әлжан және Қожақов Қалдығұлдың келісімін алып, көшке басшылық жасайды. Көш Жұрын-Темір бағыты бойынша жүретін болған.

Шалқар ауданының ауылдары бойынша да осындай жағдай қалыптасты. Онда халықтың көшін №12 ауылдың байлары, белсенділер бай баласы болған Әбдірзақмұқан Жарипов, болыс басқарушысы, байдың ұрпағы, №12 ауылға қарасты Алагөз колхозының қазіргі хатшысы Обай Наурызбаев, болыс басқарушысы әрі ірі байдың ұрпағы Маханбай Маумыровтар ұйымдастырып, басқарды. Олар күз айларынан бастап аудан халқының арасында кеңес өкіметінің ет дайындау үшін бар малды тартып алғандығын, оның орнына тіпті кедейлердің өзіне қажет тауарлар мен астық бермегендігін, қазір халықтың аш отырғандығын, өкімет енді тағы да ет дайындау үшін соңғы қалған малды тартып алатындығын айтып, Қарақалпақстанға көшуге үгіттеген. Құжатта осы адамдардың №12 ауылдан 70-80 шаруашылықты көшіруді мақсат етіп отырғандығы айтылады. Нәтижесінде, Қарақалпақстанға №12 ауылдан тұрғындардың 50-60 %-ті көшіп кетеді. Сол сияқты №№13 және 18 ауылдарда осындай белсенділер халықты Қарақалпақстанға көшуге үгіттеген. Мәселен, №13 ауылда молдалар бұрын 6 жыл бойы ауыл старшыны болған Мирманқұлов Шамұрат, бұрын 3 жыл бойы ауыл старшыны болған Әзбергенев Есенқұл, Қостымбаев Балту, Төлебаев Тауман кеңес өкіметінің халықтан малын тартып алып, астық бермей, аштан қырғысы келіп отырғандығын айтып, халықты көшіп кетуге үгіттейді. Нәтижесінде, осы №13 ауылдан халықтың 5-6 %-ті көшіп кетеді [6, 45-47 pp.].

Ақтөбе ауданы бойынша да осындай ахуал қалыптасты. Мысалы, аудандағы 1-май атындағы ауылдың (бұрынғы №33 ауыл) байы Қарабаев Жолдыбай және оның баласы бұрын сот қызметін атқарған Жаманғазин Тәждәулет халық арасында Қарақалпақстан, Өзбекстан және Түркіменстан аумағына көшу жөнінде үгіт жүргізеді. Нәтижесінде сол 1932 жылдың маусым айының бірінші жартысында Қызыл-Қазақ колхозынан Қарақалпақстанға 10 шаруашылық көшіп кетеді. Осы жылдың мамыр айында аудандағы №42 ауылдан 17 шаруашылық 1929 жылы бай ретінде тәркіленіп, жер аударылған Қатбабаев Таңатардың ұйымдастырып, басшылық етуімен Қарақалпақстанның Шымбай жеріне көшеді.

Өңірде қалыптасқан күрделі ахуалды партия мен жергілікті атқарушы билік өкілдерінің жүгенсіз іс-әрекеттері одан сайын ушықтырды. Олар нақты шаралар

қабылдап, ашыққан халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің орнына құр түсіндіру жұмыстарын жүргізумен айланысты, ауылдан шығармай қамап ұстады. Мысалы, Шалқар ауданындағы №№22 және 24 ауылдың басшылары ашыққан халықты түнгі мезгілде бір орынға қамап, күзет қойып отырған. Осындай жүгенсіздіктерге байланысты Ақтөбе ауданындағы аштық шарпыған №5 ауылдың колхозшылары да колхоздан жан-жаққа қашып, нәтижесінде бұл ауылдан 60 шаруашылық көшіп кетеді. Сол сияқты осы ауданның №2 ауылынан да сол жылдың тамыз айында Қарақалпақстанға 30 шаруашылық өтіп кеткен [6, 47-48 pp.].

Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы Ақтөбе облысы бөлімінің келесі бір аса құпия арнайы хабарламасында облыс халқының ауа көшуінің 1932 жылдың 10-қарашаға дейінгі жағдайы берілген. Хабарламада облыс аумағында әлі де болса қазақ халқының өзге аумақтарға, оның ішінде, негізінен Қарақалпақстанға көшінің жалғасып отырғандығы айтылады. Қазан айының өзінде анық емес мәліметтер бойынша облыстың Ақбұлақ, Табын, Қобда, Темір, Шалқар, Арал және Ырғыз аудандарынан 1000 шаруашылыққа дейін көшіп кеткен. Ауа көшулердің негізгі себебі ретінде жекелеген аудандардағы азық-түлік тапшылығы, сол азық-түлік қиындықтарын пайдаланып отырған бай-кулактік контрреволюциялық элементтердің әрекеттерінің күшеюі, саяси-шаруашылықтық науқанды жүргізу барысындағы асыра сілтеушілік көрсетілді.

Ақбұлақ ауданында отырықшы «Еңбек» колхозында 1932 жылға дейін белсенділер Юсмулдашев, Құспаев бастаған 4 адам колхоздан 7 жылқы, 12 түйені алып, Түркіменстанның Байрамалы қаласына көшіп кеткен. Тамыз айының басында Құспаев ол жақтан қайтып келіп, халықты колхоз малын сатып, көшіп кетуге үгіттейді. Нәтижесінде, 1932 жылдың 8-қыркүйегінде оның бастауымен 8 шаруашылық көшіп кетеді.

Шалқар ауданына қатысты мәліметте ауыл ақсақалы, бай Умрамқұловтың басшылығымен жаппай көшудің байқалып отырғандығы айтылады. Сол кезеңде Арал қаласына босқын қазақтар көптеп жиналған. Атап айтқанда Қобда ауданынан 20, Темір ауданынан 30, Шалқар ауданынан 70 шаруашылық келеді. Олардың барлығы Қазалыға дейін поездбен барып, одан әрі Қарақалпақстанға түйемен кететін болған. Шалқар ауданынан бай Наурызбаевтың басшылығымен тағы 20 шаруашылықтың көшуге дайын тұрғандығы айтылады. Әрине, жергілікті билік өкілдері жоғарыдан түскен нұсқаулар негізінде көшіп кетушілерге тосқауыл қоюға тырысты. Мысалы, осы Шалқар ауданында 1932 жылдың 3-қазанында №24 ауыл қазақтарынан 60 шаңырақ Қоңыратқа көшуді жоспарлайды. Жергілікті уәкіл көштің алдын алып, оларға түсіндірме жұмыстарын жүргізудің орнына белсенділерді жинап, оларды қорқытып, өз ауылдарын күзетуді және ешкімді шығармауды тапсырады. Соған қарамастан 7-қазанда аталған 60 шаңырақ ауыл белсенділері – ауылдық кеңестің хатшысы Алдақаев және колхоз төрағасы Алпысбаевтың бастауымен Қоңыратқа көшіп кетеді. Жалпы, ауылдарды жайлаған аштықтың салдарынан соңғы бір ай көлемінде ауданнан 200-ге жуық шаңырақ қоныс аударған [7, 84-86 pp.].

Бұл уақытта Арал ауданын да аштық шарпыды. Аудандағы №16 ауылдан Үргеніш қаласына 13 шаруашылық көшіп кеткен, оның 9-ы бай, қалғандары кедей шаруашылықтары болды. Көшке жергілікті байлар басшылық жасайды. Сол сияқты №7 ауылдағы «Сазды» колхозынан 10 шаруашылық көшеді. Азықтың жоқтығынан №2 ауылдан ауыл ақсақалы Омарбаевтың басшылығымен Қоңырат бағытына 12 шаруашылық, Шымбайға – 13 және №4 ауылдан – 8 шаруашылық көшіп кетеді.

Қобда ауданындағы халықтың босқыншылығы да күн өткен сайын жаппай сипат алған. Тамыз-қыркүйек айларында аудан аумағынан шамамен 90 шаруашылық көшіп

кетеді. Оның себебі – астық дайындаудағы асыра сілтеушіліктен туындаған ашаршылық болды.

Табын ауданында да жағдай өте мүшкіл болды. Ауданда Темір ауданынан қосылған 4 ауылды қосқанда бар болғаны 3000 шаруашылық қалған. Олардың өзі астық дайындау науқаны аяқталғаннан кейін Түркіменстан мен Қарақалпақстанға көшіп кетуге ниетті болды. Осындай себептермен Темір ауданын да 120-ға жуық түтін босып кеткен.

Бірғыз ауданы да науқаншылықтың зардабын шеккен өлкелердің бірі болды. Елді жайлаған ашаршылықтың салдарынан №31 ауылдағы 300 шаруашылықтың 100-і көшіп кетеді. №32 ауылдан да Шымбайға 30, Аралға – 70, Қазалыға – 70, Қарабұтаққа – 70 шаруашылық көшеді, ауылда болғаны 30 шаруашылық қалады [7, 85-87 пп.].

Жоғарыда атап өткендей, үкімет босқыншылықтың алдын алумен қатар, босқындарды қайтару, оларды шаруашылықтық жағынан орналастыру шараларын қатар жүргізді. Дегенмен, бұл жұмыстарда да түрлі қайшылықтар мен кемшіліктер болды. Мәселен, БКП (б) Ақтөбе Обкомының 1932 жылдың 15-сәуірінде өткен бюро мәжілісінде көшіп кеткен шаруашылықтарды қайтару жұмыстарының өте баяу жүргізіліп жатқандығы, яғни, әлі де болса облыс көлемінде аудандарға арналған сметалардың жасақталмағандығы, азық-түлік қорларының бөлінбей жатқандығы, бір де бір тамақтандыру орындарының ашылмағандығы, облыстық денсаулық сақтау бөлімінің дәрігерлер мен фельдшерлерді бөлмегендігі, көптеген аудандардың өз уәкілдерін бекітіп, босқындарды қайтарып, орналастырудың бекітілген нақты шараларын жарияламай отырғандығы туралы айтылады [4, 94 п.].

1932 жылдың 30-сәуірінде өткен БКП (б) Ақтөбе обкомының бюро мәжілісінде Табын ауданында 2 000 шаруашылықты отырықшылыққа көшіру жоспарланған. Сондай-ақ Қарақалпақстаннан оралған 4 000 шаруашылықты Ақбұлақ, 1000 шаруашылықты Ақтөбе аудандарына орналастыру қарастырылады.

Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы Ақтөбе облысы бөлімінің аса құпия арнайы хабарламасында қайтарылған босқындарды орналастырудың 1932 жылдың 10-шілдесіне дейінгі жағдайы берілген. Осы құжат бойынша Ақбұлақ, Қостанай және Орск аудандарындағы қабылдау пункттері арқылы облыс аумағына 3 777 шаңырақ немесе 13 427 адам оралған. Олардың 1684 шаруашылығы немесе 6153 адам колхоздарға орналастырылды, 1544 шаруашылығы немесе 4899 адам өнеркәсіп орындары мен совхоздарға жұмысқа жіберілді. Одан басқа осы уақыт аралығында босқындардың панасыз қалған 464 баласы түрлі балалар мекемелеріне қабылданады. Әрине, көрсетілген сандар нақты мәліметтер болып табылмайды. Өйткені, қабылдау пункттері мен аудандарда кері көшіп келгендердің саны дұрыс есепке алынбаған. Оның үстіне қабылдау пункттеріне соқпай, өз күшімен келетіндердің есебі жүргізілмеді.

Жалпы жоғарыда атап өтілгендей, аудандық билік органдары бұл маңызды іске өз деңгейінде ден қоймағандығы байқалады. Кері көшіп келгендерге түсіндіру жұмыстары жүргізілмеді, бөлінген азық-түлік дер кезінде таратылмады немесе мүлдем берілмеді. Сондықтан кері келген босқындардың қалалардың, аудан орталықтарының және жаңа құрылыстардың маңына шоғырланып, қайыр сұраумен, ұрлықпен, оның ішінде, мал ұрлығымен айналысып жатқандығы айтылады.

Осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мәселен, Семиозер ауданында кері көшіп келген 700 шаруашылыққа 3500 пұт астық және 14000 сом қаражат бөлінген. Бірақ босқындарға ол көмек әлі күнге дейін берілмеген. Сол сияқты Адамов ауданында №4 ауылға оралған 40 шаруашылықтың кезінде колхозға ортаға салынған малды қайтарғандарына ғана көмек берілген, яғни 5 отбасына 2 пұт тары бөлінеді [6, 32-33 пп.]. Осылайша, кері қайтқандарға жеткілікті деңгейде азық-түліктің берілмеуі, олардың

баспанамен, жұмыспен қамтылмауы босқындардың наразылығын туғызды, тіпті, жұмыс іздеп қайта көшіп кеткендер болды.

Қазақ халқының босқыншылығы аштық жайлаған 1933 жылы да жалғасын тапты. Біріккен мемлекеттік саяси басқармасы Ақтөбе облысы бөлімінің саяси-құпия бөлімшесінің кезекті бір аса құпия арнайы жазбасында өңірдегі халықтың аштыққа ұшырауы және босқыншылықтың 1933 жылдың 5-қазанына дейінгі жағдайы туралы мәліметтер беріледі. Құжатта өңірдегі көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда былтырдан басталған азық-түлік қиындықтары биылда жалғасын тауып, аштықтың дендеп отырғандығы айтылады. Аштыққа бір жағынан егін түсімінің төмендігі, бірқатар аудандарда мүлдем шықпай қалуы себеп болған.

Аштықтың салдарынан көптеген аудандарда өлім-жітім тіркелген. Мысалы, Ырғыз ауданының №27 ауылында осындай жағдай орын алады. Мұнда халыққа бөлінген астықты басшылар өзара бөліп алған. Шалқар ауданында №12 ауылдың тұрғындары ішкерге азық таппай барлығы дерлік ісініп кетеді. Осы ауданның №№14, 15 және 16 ауылдарында соңғы уақытта аштықтан өлім-жітім жиілеп, күніне 3-4 адамның өлімі тіркелген. Батпақара ауданында №17 ауылға жойылған ауылдардан келіп қоныстанған 70 шаруашылықтың тек 18-і ғана тірі қалған, қалған отбасылар аштықтан өледі. Осы ауданның №№1, 5, 6, 7 және 8 ауылдарында тұрғындардың өлген малдың, иттің етін азыққа пайдалану жағдайлары тіркелген. Сол сияқты Темір ауданында №2 ауылға қарасты колхозда шілде айының 15 мен 30 аралығында аштықтан 10 адам өледі, қалған колхозшылардың 30 %-ті ісініп кеткен [8, 1 п.].

Архив құжаттарына үңілсек, партия мен үкімет өкілдері қазақ даласын жайлаған аштықты мойындай қоймаған, одан саяси астар іздейді. Жоғарыда келтірілген хабарламалық құжаттарда олар аштықты халықтың ортасына үрей салып, жергілікті жерлерде кеңес үкіметіне қарсы топтар әдейі ұйымдастырып отыр деп жазады. Ауылдағы халықтың мұң-мұқтажын айтып, қалған халықты аштықтан алып қалуға тырысқан белсенді топтарға «кеңес үкіметіне қарсы, бай-кулактік контрреволюциялық элементтер» деген баға берілді. Сол арқылы кеңестік билік қазақ ауылында жасанды түрде таптық күрес туғызуға тырысты.

Қалыптасқан күрделі жағдай халықты тағы да ауа көшуге итермеледі. Мәселен, Темір ауданында 1933 жылдың 1-қаңтары мен 1-қыркүйегі аралығында 800 шаруашылық көшіп кеткен. Шалқар ауданынан үш айдың ішінде 93 шаруашылық көшеді. Осы ауданның №15 ауылынан 15 шаруашылық көше, №№14, 22 және 23 ауылдардан шамамен 100 шаруашылық көшіп кетіп, Қарақалпақстандағы Урга елді мекеніне қоныс тебеді. №№8 және 12 ауылдардың да тұрғындары Қарақалпақстанға көшіп жатты. Темір ауданындағы «Ленин жолы» колхозында 12 шаруашылық колхоздан шығып, Украинаға көшіп кетеді. Тағы 12 шаруашылық көшке дайындалған. №2 ауылдан 12 шаруашылық ұйымдасқан түрде Сталинградқа көш түзеген. Ал Башқұртстанға барлау мақсатымен кеткен 50 шаруашылық иелері сонда тұрақтап қалып, кейін өз отбасыларын көшіріп алады [8, 4 п.].

Облыс аумағына кері көшіп келіп жатқан шаруашылықтар да болды. Мысалы, Табын ауданында Доңызтауға Қарақалпақстаннан 100 шаруашылық кері оралады, бірақ олардың көпшілігінің азығы болмады. Сол сияқты «Урга» шатқалына табындардың 150 шаруашылығы қайтып келген.

Адамов ауданында «Бүріктас» және «Құрамысов» ТОЗ-дарына Еділдің орта бойындағы аумақтан және Қазақстанның басқа аудандарынан 198 шаруашылық қайтып оралады. Алдағы уақытта тағы 500-ден аса шаруашылықтың келуі күтілген. Дегенмен, аталған қабылдау пункттерінің азық-түлік және шаруашылықтық жағдайы өте ауыр болған. Босқындар болса бұрын қалдырған малдарын талап етті, ТОЗ-ға мүшелікке

қабылдауды, азық ету үшін астық беруді сұрады [8, 5 п.]. Әрине, оларды қанағаттандыруға үкіметтің мүмкіндігі болмады.

Қорытынды. Сонымен өткен ғасырдың 30-шы жылдарының басындағы Ақтөбе өңіріндегі босқыншылықтың тарихын зерделей келе, бірнеше қорытындылар жасауға болады. Біріншіден, қазақ халқының босқыншылығы кеңес үкіметінің 20-шы жылдардың соңы мен 30-шы жылдардың басында жүргізген шаруашылық-саяси науқандарының және содан туындаған ашаршылықтың тікелей салдары болды. Екіншіден, өңірдегі халықтың ауа көшулері стихиялы және кеңес үкіметінің саясатына қарсылық ретінде әдейі ұйымдастырылған көші-қон ретінде жүзеге асты. Дегенмен, босқындардың көпшілігі стихиялы түрде, жан бағу үшін жан-жаққа босып кетуге мәжбүр болды. Үшіншіден, босқыншылық Ақтөбе өңіріне қараған көшпелі және жартылай көшпелі Ырғыз, Шалқар, Табын, Темір, Батпаққара, Арал, Ойыл және басқа аудандарда ауқымды жүрді. Аталған аудандар үшін босқыншылықтың зардабы өте ауыр болды. Төртіншіден, халық босқыншылығы 1934 жылы ауыздықталды. Оған кеңес үкіметінің қабылдаған іс-шаралары, қазақ шаруаларына берілген жеңілдіктер мен салықтық демалыстар ықпал етті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті [Текст]: көмекші оқу құралы / Т. Омарбеков. – Алматы: Санат, 1997. – 320 б.
- 2 Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві (АОМА). 655-қор, 1-тізбе, 56-іс.
- 3 АОМА. 13-қор, 1-тізбе, 315-іс.
Раздел «История. Исторические науки» представлен 335 книгами, среди них Штоль, Г. А. Генрих Шлиман. 1965; Шалекенов, У. Х. Қазақи низовьев Аудары. 1966; Хесуальдо Артигас / пер. с исп., 1968; Соловьев, С. М. Сочинения в 18-ти кн. История России с древнейших времен. 1988; Ключевский В.О. Сочинения: в 9 т.-Москва: Мысль, 1987. В разделе «Искусство. Искусствознание»-308 книг.

В личной библиотеке присутствуют естественно-научная литература 232 книг: Штекли, А. Э. Джордано Бруно, вышедшая в издательстве «Молодая гвардия» в 1964 году; Фосетт, П. Г. Неоконченное путешествие: составлено по рукописям, письмам, полевым дневникам и официальным отчетам П. Г. Фосетта Б. Фосеттом / пер. с англ.; Федоренко, Н. Т. Китайские записи. – переработ. изд. – Москва: Советский писатель, 1958. – 562 с.; Спангенберг, Е. Рассказы натуралиста. – 1958; Колесников, М.С. Миклухо-Маклай 1965; Колесников, М. Лобачевский. 1965; Клейненберг, С. Е., Белькович, В. М. Дельфины: мифы и ... – 1967; Ивченко С. Занимательно о ботанике. – 1969.

В течении всей жизни Кадыр изучал и собирал загадки, пословицы и скороговорки

казахского народа и народов мира, его сборники, способствуют развитию памяти, образному мышлению, скорости умственных реакций подрастающего поколения. Поэт увлеченно коллекционировал загадки народов мира, успешно переводил их на казахский язык. Он сумел составить сборники этих сокровищ для детей дошкольного и младшего школьного возраста, скороговорки со смыслом, развлекательные скороговорки, решалки, ребусы и сказки, которые оказали влияние на умственное и нравственное воспитание. Изучение поэтического творчества Кадыра Мырза Али полно представлена при обучении литературы в программах казахской средней школы. В разделе «Фольклор. Фольклористика» -119 книг, среди ставшие редкими изданиями: Пословицы русского народа, Москва: Гослитиздат, 1957; Японские народные пословицы и поговорки. – 1959.

В разделе «Политика. Политические науки. Философия»- 168 книг, а в разделе «Здравоохранение. Медицинские науки» - 75 книг.

Художественный перевод – главные артериальные пути, которые помогают духовно объединяться, иметь общее самосознание и рассуждения. Тем больше в стране переводиться, тем больше становится гармонии и понимания в обществе.

Известен Кадыр Мырза Али как талантливый переводчик. Его переводы являются большим духовным состоянием. Благодаря переводам Кадыра казахский читатель смог познакомиться с великими творениями Овидия, Руми Джалаледдина, Джанни Родари, Эдуардаса Межедайтиса, Маршака, Виктора Гюго, Гейне, Петефи, Гамзатова, Михаила Лермонтова, Олжаса Сулейменова, Сергея Есенина [10].

В разделе «Языкознание» 50 книг Успенский, Л. В. Слово о словах, 1957; Русско-азербайджанский словарь, 1941; Русско-татарский словарь, 1941; Краткий словарь синонимов русского языка. 1956; Күлтегін тоныкөк: ежелгі түркі рун жазбалары, 2001; Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері, 1957; Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. 1966.

Остальная литература распределилась по разделам: «Религия. Мистика. Свободомыслие»-38, «Психология»-31, «Техника. Технические науки» – 30 книг, «Наука. Науковедение» -18 книг, «Сельское и лесное хозяйство» – 16 книг, «Физическая культура и спорт»-10. В личной библиотеке Кадыра Мырза Али более 100 экземпляров литературы универсального содержания это энциклопедии, справочники библиографические указатели. По содержанию и стилю книги личной библиотеки поэта говорят о творческой индивидуальности, мировоззренческих установках и ценностных ориентациях, что позволяют вести информационно-библиографическую работу с пользователями библиотек.

Выводы. Таким образом изучение книжного собрания позволяет восстановить творческую биографию великого поэта, проследить его читательские увлечения, степень интереса к казахской и зарубежной литературе, выяснить состояния автора при создании ряда произведений. Рассмотрение конкретного содержания выявленных книг говорит о широких читательских потребностях Кадыра Мырза Али, всестороннем знании и высоком эстетическом вкусе владельца библиотеки.

Знакомясь с библиотекой Кадыра Мырза Али, которая стала социолитературным явлением в жизни края, подрастающее поколение может увидеть нравственные запросы, интересы, формирование и эволюцию мировоззрения великого земляка. Чтение любимых произведений поэта даст возможность современным детям и юношеству найти идеи, ценности и образы тревожащие поэта. Библиотеку Кадыра можно использовать как рекомендательное библиографическое пособие литературных первоисточников, для читателей. Столь многообразный и разносторонний материал позволяет с филологической и книговедческой точки зрения глубоко осмыслить феномен личной

библиотеки Кадыра Мырза Али.



Рисунок 2 – Кадыр Мырза Али на фоне личной библиотеки

Знание историю становление и развитие личных библиотек, которые создали и сохранили знаменитые личности, писатели, поэты, значительно обогатили книжную культуру и библиотечное дело Казахстана. Специалисты - библиографы анализируя опыт собирательства, комплектования и сохранения фондов личных библиотек приобретают значительный опыт в исследовательской библиографической работе. Читательский опыт Кадыра Мырза Али будет масштабно использоваться в социализации детей при библиотечном обслуживании, психологии и педагогике чтения.

В 2015 году в городе Уральске открылся центр культуры и искусства имени Кадыра Мырза Али, который стал значимым культурным событием для всего Казахстана. Главное место в центре отведено личной библиотеке: книжные сокровища, собранные в течение около 60 лет нашим выдающимся земляком, поэтом Кадыром Мырза Али из Алматы перевезены на родину поэта.

При сравнении центр культуры и искусства имени Кадыра Мырза Али с похожими проектами-литературными музеями в регионах страны, то больше подходят по структуре, которые имеют в фонде экспонатов-личную библиотеку автора. Это областной литературный музей им. И. Жансугурова в Талдыкоргане, литературный музей Ильяса Есенберлина в Атбасаре, мемориальный кабинет – музей Ж. К. Бектурова при областной юношеской библиотеки в Караганде и мемориальный музей Мухтара Ауэзова в Алматы.

В свое время размышляя о судьбе своей библиотеки Кадыр Мырза Али ставил в пример мемориальный музей Мухтара Ауэзова. В комплекс мемориального дома-музея Мухтара Ауэзова в Алматы входит рабочий кабинет, личный архив и личная библиотека Ауэзова,

На современном этапе личная библиотека Кадыра Мырза Али вошла в постоянную музейную литературную композицию края, в мемориальный кабинет писателя, основная часть фонда предоставлена в общее пользование для читателей библиотеки—филиала централизованной библиотечной системы города Уральска, которая располагается в центре культуры и искусства имени Кадыра Мырза Али. Книги из личной библиотеки не выдаются на дом, ими можно пользоваться только в читальном зале. Возможность пользования личной библиотеки увеличила приток читателей - детей и взрослых в библиотеку. Библиотека разработала специальную программу по продвижению жизни,

творчества и читательской культуры народного писателя «Личная библиотека Кадыр Мырза Али». В библиотеке проходят литературные мероприятия, библиотечные уроки по истории книг из кадыровской библиотеки. Библиотеку Кадыра посещают люди со всех уголков страны. Особой популярностью пользуются экскурсии, они непременно включают знакомство литературным наследием края и мемориальным кабинетом поэта. В библиотеке стали проходить традиционные конкурсы выразительного чтения стихов Кадыра, в начале года все школы области участвуют в акции «Читаем Кадыра», совместно с центром культуры и искусства имени Кадыра Мырза Али и высшими учебными заведениями научные филологические чтения «Наследие Кадыра Мырза Али – юношеству». Сегодня библиотекари работают над созданием полнотекстовой электронной библиотеки Кадыра Мырза Али, чтобы информационным ресурсом смог пользоваться каждый желающий.

Писатель сетовал, что в современной жизни для многих книга отошла на второй план. Между тем именно в ней человек может почерпнуть массу полезного для своего нравственного развития, найти ответы на ряд волнующих вопросов. Поэтому нужно дружить с книгой – источником ценных знаний, она, как и прежде, имеет большую силу [4]. На основе изучения библиотечных материалов раскрываются индивидуальные черты поэта, выявляются детали формирования доминирующих методов его творческой работы, истоки эстетических идеалов и композиционно-выразительных открытий. Пометки, оставленные Кадыра Мырза Али в различных изданиях, требуют внимательного изучения. Пометки как ключи открывают особенности протекания созидательного процесса.

Одной из особенностей поэта была уметь видеть в повседневности более значимые вещи и испытывающего большую ответственность перед будущим поколением, не случайно его крылатое выражение «Ең алдымен – Ел қалы», которое стало его жизненным кредом т.е. интересы земли и родины превыше [6].

Говоря о дорогом месте для себя Кадыр Мырза Али приводил слова голландского философа, мыслителя и писателя Эразма Роттердамского «Моя Родина там, где моя библиотека».

Каждый испытывает священный трепет, когда берет книгу из личной библиотеки поэта, перелистывает страницы и как-будто вступает в диалог с автором. И потом еще долгое время не мог освободиться от притягательности этих потрясающих книг, от волшебства тех загадок, которые они открывают мир созидания и образованности. Библиотека стала своеобразной Меккой для начинающих поэтов, лабораторией для филологов-исследователей и школой чтения для подрастающего поколения.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Досмұхамедұлы, Х. Таңдамалы (Избранное) [Текст] / Х. Досмұхамедұлы – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

2 Жұбанов, Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер [Текст] / Қ. Жұбанов – Алматы: Ғылым, 1966. – 306 б.

3 ҒА Мұрағат құжаттары. Ф.80, Д.618, 17 бума

4 ҒА Мұрағат құжаттары. Ф.80, Д.618, 18-бума.

5 Орфографиялық сөздік [Текст] / жауап. ред. Р. Сыздық ; құраст.: Н. Уәлиұлы [ж. б] – Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 477

6 Балакаев, М. Вопросы казахской графики и орфографий [Текст] / М. Балакаев // доклад выносимый на обсуждение дискуссий по некоторым вопросам казахского языкознания – Алматы, 1952

7 ҒА Мұрағат құжаттары. Ф.80, Д.618, 15 -бума

8 Жұбанов, Қ. К пересмотру казахской орфографий [Текст] / Қ. Жұбанов // Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 б.

9 Аймауытов, Ж. 5 томдық шығармалар жинағы [Текст] / Ж. Аймауытов // №4-том. Психология. Жан жүйесі мен өнер таңдау. Тәрбиеге жетекші – Алматы: Ғылым баспасы, 1998. – 446 б.

10 ҒА мұрағат құжаттары. 80-папка, 218-бума

REFERENCES

1 Dosmukhameduly, X. Tandamaly (Izbrannoe) [Chosen (selected)]. Almaty: Ana tili, (1998): 384 b. – (In Kaz)

2 Zhubanov, K. Kazakh tili zhonindegi zertteuler [Studies on the Kazakh language]. Almaty: Gylym, (1966): 306 b. – (In Kaz)

3 Archive documents of GA. F.80, D.618, 17 bundles

4 Archive documents of GA. F.80, D.618, 18 bundles

5 Orfografiyalik sozdik [Spelling dictionary]. Almaty: Til bilimi instituty, (2007): 477 b. – (In Kaz)

6 Balakaev, M. Voprosy kazahskoj grafiki i orfografij [The issue of Kazakh graphics and orthography]. Doklad vynosimyj na obsuzhdenie diskussij po nekotorym voprosam kazahskogo yazykoznaniya. Almaty, (1952): – (In Kaz)

7 Archive documents of GA. F.80, D.618, 15 bundles

8 Zhubanov, K. K peresmotru kazahskoj orfografij [Studies on the Kazakh language]. Kazakh tili zhonindegi zertteuler. Almaty: Gylym, (1966): 362 b. – (In Rus)

9 Ajmauytov, Zh. 5 tomdyk shygarmalar zhinagy [Collection of works in 5 volumes]. №4-том. Psihologiya. Zhan zhyesi men oner tandau. Tarbiege zhetekshi. Almaty: Gylym baspasy, (1998): 446 b. – (In Kaz)

10 Archive documents of GA. F.80, 218 bundles

ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИНІҢ ЖЕКЕ КІТАПХАНАСЫ ӨЛКЕ ӨМІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ӘДЕБИ ҚҰБЫЛЫСЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа. Мақала Қадыр Мырза Әлидің жеке кітапханасының әдебиетін зерттеуге арналған. Қазіргі кезеңде атақты тұлғалардың жеке кітапханаларынан иелік жазуларды, экслибристерді, қолтаңбаларды, сирек кітаптарды зерттеу Батыс Қазақстан облысының кітапханаларында жұмыстың маңызды бағытына айналды. Зерттеудің өзектілігі Қадыр Мырза Әлидің кітап жинақтарының жоғары тарихи-мәдени маңыздылығымен айқындалады. Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әлидің кітап жинағы-қазіргі кезеңдегі әдебиетің және кітап мәдениетін зерттеудің маңызды бағыттарының бірі, ақын шығармашылығының қайнар көздерін зерттеудің негізгі сюжеті. Жеке кітапханадағы кітаптардың тақырыптық әртүрлілігі талданды, Қадыр коллекциясының пайда болу тарихы, тағдыры анықталды. Жеке кітапханадан алынған кітаптарды талдау Қадыр Мырза Әлидің оқырман қызығушылықтарының алуан түрлілігін көрсетті. Оның кітапханасында XX ғасырдың сирек кездесетін даналары сақталған. Әдебиетті тақырыптық талдау әдісі ақынның кітаптарындағы авторлық маргиналдарды, олардың ақынның әдеби шығармашылығының сипаттамалары үшін маңыздылығын анықтауға және талдауға мүмкіндік берді. Қадыр Мырза Әлидің жеке кітапханасының қорын жинау, жинақтау және сақтау тәжірибесін зерделеу филология ғылымға, зерттеу библиографиялық жұмысына және қазіргі оқырмандардың оқырман мәдениетін тәрбиелеуде айтарлықтай тәжірибе береді.

Кілт сөздер. Кітапхана, кітап, әдебиет, жеке кітапхана, кітап жинағы, Қадыр Мырза Әлі.

KADYR MYRZALI'S PERSONAL LIBRARY AS A SOCIO-LITERARY PHENOMENON IN THE LIFE OF THE REGION

Abstract. Article it is devoted to the study of the literature of Kadyr Mirza Ali's personal library. At the present stage, the study of owner's inscriptions, bookplates, autographs, valuable, rare books from the personal libraries of famous personalities has become an important area of work in the libraries of the West Kazakhstan region. The relevance of the research is determined by the high historical and cultural significance of Kadyr Myrzali's book collections. The book collection of the national writer of Kazakhstan Kadyr Myrzali is one of the most important areas of research on literature and of book culture at the present stage, the key plot of the study of the sources of the poet's creativity. The thematic diversity of books in the personal library is analyzed, the history of the Kadyrov collection and its fate are revealed. The analysis of books from his personal library demonstrated a significant variety of reading interests of Kadyr Myrzali. Many rare copies of the 20th century have been preserved in his library. The method of thematic analysis of literature made it possible to identify and analyze the author's marginalia on the poet's books, their significance for the characteristics of the poet's literary work. Studying the experience of collecting, completing and preserving the funds of Kadyr Myrzali's personal library provides significant experience for philological science, research bibliographic work and education of the reading culture of modern readers.

Key words. Library, book, literature, personal library, book collection, Kadyr Mirza Ali.

Кайыров Асан Бакиевич^{*1}

Филология ғылымының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор, «Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті» ЖЖКББМ, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 194, assan.kairov@mail.ru,
ORCID ID: 0009-0000-0657-6770

ПРОФЕССОР Қ.ЖҰБАНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Профессор Қ.Қ.Жұбановтың қаламынан туған мақалалары, тезистері, көлемді еңбектері мол. Өйткені Қ.Қ.Жұбанов – қазақ тіл білімінің барлық саласында қалам тартқан ғалым. Ғалымның зерттеу жұмыстарының басты арқауы - фонетика мәселелері, атап айтқанда, қазақ тілінің дыбыстары, олардың дыбысталу түріне қарай бөлінуі, тіліміздегі дыбыстардың акустика-артикуляциялық ерекшеліктері, фонетикалық сипаттары, дыбыстардың өзара бір-біріне әсері, үндестік заңы, оның түрлері мен ерекшелігі, қазақ тілінің грамматикасы, алфавит, орфография, терминология мәселелері, қазақ тілінің программасы, қазақ тілін оқыту методикасы болып табылады.

Әсіресе, ғалымның қазақ тіліндегі дыбыстарды саны мен сапасына қарай анықтауы, тіліміздегі дыбыстарды жіктеуі, дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың дыбысталу түріне қатысты құнды пікірлері, дауысты дыбыстарды жасалу жолына қарай түрлері мен ерекшеліктерін айқындауы, дауыссыз дыбыстардың түрлері мен ерекшеліктерін сипаттауы, үндестік заңы мен олардың түрлерін, ерекшелігін көрсетуі тәрізді фонетика мәселелеріне байланысты ой-пікірлері маңызды ғылыми тұжырымдар болып саналады. Қ.Қ.Жұбанов аталған мәселелерге өзіндік ой-пікірімен келіп, нақты тілдік деректерге ерекше назар аударып отырады.

Бұл мақалада Қ.Қ.Жұбановтың фонетикаға қатысты көзқарастары мен оның қазақ тіл біліміндегі маңызы анықталады. Нақтырақ айтқанда, ғалымның тіл дыбыстарын топтастыру ерекшеліктері, тіліміздегі дыбыстардың түрлері, олардың жасалу жолы жайында көзқарастары нақты тілдік деректермен жан-жақты сипатталады.

Кілт сөздер. Фонетика, тіл дыбыстары, дауысты дыбыстар, дауыссыз дыбыстар, сонор дыбыстар, фонема, үндестік заңы, буын үндестігі, дыбыс үндестігі.

Кіріспе. Профессор Қ.Қ.Жұбанов - қазақ тіл білімінің барлық саласы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген көрнекті ғалым. Қолымызда бар еңбектерінің атауы мен мазмұнына қарағанда, ғалым фонетикадан бастап қазақ тілінің барлық саласын ғылыми түрде жүйелі зерттеуді мақсат етіп қойғаны байқалады. Қ.Жұбанов мұраларын зерттеушілердің айтуынша, ғалымның фонетика саласы бойынша жазған «Материалы к научной грамматике казахского языка. Фонетика» атты монографиясы болған екен. Бірақ өкінішке орай, бұл құнды еңбек баспадан шығып үлгермей, қолжазба күйінде жоғалып кетеді. Аталған еңбегінде ғалым фонетиканың зерттеу объектілерін жүйелі түрде талдаған болуы керек.

Қ.Жұбановтың 2010 жылы жарық көрген «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты ғылыми жинағының үшінші басылымында фонетика саласына қатысты мәселелердің зерттелуіне арналған бірнеше еңбектері жарияланған. Фонетиканың жекелеген мәселелеріне арналған бұл еңбектер ғылыми маңызы зор құнды зерттеулер болып табылады. Аталған еңбектерінде ғалым фонетика нендей ғылым дегеннен бастап, тіл

дыбыстары дегеніміз не, олардың табиғатын қалай танимыз, тіл дыбыстарының зерттелуі, түрлері мен жіктелуі, жасалуы деген мәселелерді жан-жақты зерттеп, қазақ тіліндегі дыбыстарға акустика-артикуляциялық сипаттама береді, терең ғылыми талдау жасайды. Сонымен қатар автор қазақ тіліндегі қосарлы дыбыстар, буын, оның түрлері, буын жігі, буынның жылысуы мен кірігуі, сөз екпіні, сингармонизм, үндестік заңы секілді мәселелердің де теориялық негізін жүйелі түрде баяндайды.

Зерттеу материалы мен әдістері. Мақалада Қ.Қ.Жұбановтың қазақ тіл білімі ғылымының өзекті мәселелеріне қатысты ғылыми көзқарастары зерттелді. Зерттеу материалы ретінде ғалымның фонетика туралы ой-пікірлері, қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз, сонор дыбыстар және олардың ерекшеліктері, дауысты дыбыстардың саны мен дыбыстау түріне, жасалу жолына қарай бөліну түрлері, қосынды дыбыстар және олардың ерекшелігі, дауыссыз дыбыстар және олардың ерекшелігі мен түрлері, үндестік заңы, оның түрлері туралы ғылыми тұжырымдары талданды. Мақалада аталған зерттеу материалдары жайында ғалымның өз пайымдаулары негізге алынып, талдау, жүйелеу, салыстыру әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен оларды талқылау. Мақалада профессор Қ.Қ.Жұбановтың қазақ тіл білімі ғылымының фонетика саласына қатысты ғылыми еңбектері талданып, бүгінгі теориялық тұжырымдар тұрғысынан айқындалды, ғалымның ғылыми танымы мен өзіндік көзқарасы қазіргі таңдағы ғылыми ой-пікірлермен салыстырыла талданды. Атап айтқанда, ғалым еңбектеріндегі фонетика мен тіл дыбыстарының топтастырылуы туралы ілімі, қазақ тілінің дыбыстары мен оның түрлері, дауысты және дауыссыз дыбыстардың фонетикалық қызметтеріне сәйкес жіктелуі, сингармонизм заңы, буын үндестігі мен дыбыс үндестігіне қатысты тұжырымдарының ғылыми-теориялық деңгейі қазіргі тіл білімі тұрғысынан анықталып сипатталды.

Қ.Жұбанов 1933 жылы жазған «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар. Қазақ тілі фонетикасы» атты зерттеу еңбегінде, ең алдымен, «фонетика біздіңше нендей ғылым?» деген сұрақ қойып, оған екі түрлі жауап береді. *Біріншіден, «фонетика сөзінің түбірі – алдыңғы фон сөзі дыбыс деген мағына беріп тұрғанын білеміз, ал -тика жалғауы «жүйе», «ғылым» мағынасында екенін аңғарамыз. Сонда фонетика дыбыс ғылымы немесе дыбыс жайындағы ғылым болып шығады». Екіншіден, фонетика адамнан тысқары, табиғатта болатын дыбыстарды (күннің күркірегені, мылтықтың тарсылы, т.б.), адамнан шыққан дыбыстарды (ыңқылдайды, түшкіреді, қырылдайды, т.б.), қоғамдық дыбыстарды (музыка), бір тілде сөйлейтін адамдарға түсінікті дыбыстарды (ысқыру, кіш-кіш, шек-шек, көс-көс, өк, т.б.), тіл дыбысы болған жердің бәрін (ым тілі – ернін шығару, бетін шымышу, ернін шылп еткізу, аузын быртылдату, т.б.) қарай бермейді. Сонымен «фонетика – дыбыс тілі дыбыстарының тілдік қасиеттерін тексеретін ғылым болып шығады» деп жазады (1. 41-б.).*

Сонымен қатар ғалым тіл дыбыстары туралы ғылымда орныққан көзқарастарға, тіл дыбыстарын танудың жолдары мен себептеріне, тіл дыбыстарының үнді-европа тіл білімінде зерттелуіне жан-жақты талдау жасап, оның ерекшеліктерін атап көрсетеді.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі мен түрлері мәселелері Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі грамматикасы» (1936ж.) еңбегінде кеңінен қарастырылады. Автор дыбыс деген ұғымды, дыбыс пен мағынаның қатынасын, дыбыстардың саны мен сапасын сипаттай келе, қазақ тілінде 26 дыбыс бар екенін анықтайды. Олар: **а, б, г, ғ, д, е, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, о, п, р, с, т, ш, ы, ұ, у, ұу, ый.**

Ерекшелігі қазіргі қазақ тіліндегі **ә, ө, і, ү** дыбыстары алфавитте көрініс таппаған. Алайда **ә, ө, і, ү** дыбыстары дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке жіктелуінде **а, о, ы, ұ** дыбыстарының жіңішке түрі ретінде аталады.

Қ.Жұбанов аталған 26 дыбысты дыбысталу түріне қарай дауысты, дауыссыз дыбыстар және сонор дыбыстар деп үшке бөледі.

1. Дауысты дыбыстарды «сөздің даусын керегіне қарай шақтап отыратын дыбыстар болғандықтан, бұларды дауысты дыбыстар дейміз. Сөзге ән беретін – дауысты дыбыстар. Дауысты дыбыс әнделеді де, дауыссыз дыбыс пен сонор дыбыс әнделмейді» деген анықтама береді. (2. 185-б.).

Ал қазіргі қазақ тілінде дауысты және дауыссыз дыбыстарға мынадай анықтама берілген. «Дауыстылар дауыстан (тоннан) жасалады да, салдырдың қатысы елеусіз болады. Дауыссыздар, керісінше, салдырдан жасалады. Тон қатысуы да, қатыспауы да мүмкін. Дауыстылар дауыстан, созып айтуға келеді. Ән (вокал) дауыстылардың осы қасиетіне негізделеді» (3. 27-б.).

Профессор С.Мырзабековтың қазіргі қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың ерекшелігі туралы бұл тұжырымы Қ.Жұбановтың жоғарыда дауысты дыбыстарға берген анықтамасымен тығыз үндесіп жатыр.

Қ.Жұбанов дауыстылар санын жетеу дейді: **а, е, о, ы, ұ, ұу, ый**. Және аталған дауыстылардың жіңішке түрлерін береді. Олар: **ә, ө, і, ү, үу, ій**. Сонда дауысты дыбыстарды жұптайтын болсақ, олардың саны он үш болады: **а – жуан, ә – жіңішке; о – жуан, ө – жіңішке; ы – жуан, і – жіңішке; ұ – жуан, ү – жіңішке; е – жіңішке, ұу – үу, ый – ій**. Айырмашылығы қосарлы **үу – үу, ый – ій** дауысты дыбыстарға жатқызылған.

Ғалым еңбегінде дауысты дыбыстар дыбысталу түріне қарай *толық, келте, қосынды дауыстылар*, жасалу түріне қарай *ерін және езу дауыстылары* деп бөліп топтастырады.

1. Толық дауысты дыбыстарға **а, ә, е, о, ө** дыбыстарын, келте дауысты дыбыстарға **ы, і, ұ, ү** дыбыстарын, қосынды дауысты дыбыстарға **ұу – үу, ый – ій** дыбыстарын жатқызып, аталған дауысты дыбыс түрлерінің әрқайсысын жеке-жеке сипаттайды. Мысалы:

«Толық дауысты дыбыстардың дауыстылығы толық, жеткілікті болғандықтан, қандай жағдайда да өз сапасын жойып жарымайды, сол күйінде айтылады. Келте дауыстылар өте мүкі айтылатындықтан, бірде сапасынан айырылып, жоғалып кетеді, бірде әнмен айтқанда толық дауыстыға айналып кетеді. Бұлар тегінде толық дауыстылардың келтеленген түрі». (2. 185-б.).

Дауысты дыбыстардың бұлай таптастырылуы мен сипаттамасынан толық дауыстылар қазіргі қазақ тілінде ашық дауыстыларға, келте дауыстылар қысаң дауыстыларға сәйкес келетінін көреміз.

Ал қазіргі қазақ тілінде ашық және қысаң дауысты дыбыстардың анықтамасы төмендегідей: «Ашық дауыстыларды айтқанда астыңғы жақ барынша төмен түседі де, қысаңдарды айтқанда жоғары көтеріледі. Басқаша айтқанда, ашықтарды айтқанда екі жақ бір-бірінен қашықтай түседі де, қысаңдарды айтқанда бір-біріне жуықтай түседі. Алайда ауаның еркін шығуына кедергі жасалмайды». (3. 38-б.).

Қазіргі тіліміздегі ашық, қысаң дауыстыларға берілген бұл анықтама Қ.Жұбановтың жоғарыда толық, келте дауысты дыбыстарға берген сипаттамасынан бастау алады.

Қ.Жұбанов дауысты дыбыстарды топтастыруда **ұу, үу, ыу, іу, ый, ій** дыбыс тіркестерін өз алдына жеке бөліп көрсетеді. Оларды былай сипаттайды: «қосынды дауыстылар - бір дауысты, бір дауыссыз екі дыбыстан құралған: **ұу – ұ+у, үу – ү+у, ыу – ы+у, іу – і+у, ый – ы+й, ій – і+й**. Сондықтан бірде таза дауысты дыбыс бола тұрып, бірде тігісінен сөгіліп, екі дыбыс болып кетеді». (2. 185-б.).

Аталған дыбыс тіркестерін орыс тіліндегі **и, у** дауысты дыбыстары сияқты қазақ тілінде де дауысты дыбыстар қатарында қосынды дауыстылар деп атайды. Бұл жерде

ғалым орыс тілінің **и, у** дауысты дыбыстары қазақ тілінде дәл орыс тіліндегідей жалаң дыбысталып қолданылмайтынын, қайта тіліміздің табиғатына, дыбысталу ерекшелігіне сәйкес жоғарыда аталған дыбыстар тіркесі (**ұу, үу, ыу, іу, ый, ій**) түрінде жұмсалатынын анық аңғарып, ашық жазып отыр. Алайда 30-жылдардағы Кеңес үкіметінің ұлт зиялыларына жасаған қысым көрсету саясаты қазақ алфавитін орыс жазуына, орыс тілінің орфографиялық заңдылықтарына икемдеуге мәжбүр етті.

Мұны біз ғалымның 1935 жылы жарияланған «Қосар ма, дара ма? (ұу, үу, ый, ій - лердің емлесі жөнінен)» атты мақаласынан аңғарамыз. Мақалада А.Байтұрсынов, В.Радлов, Н.Ильминский, П.Мелиоранский еңбектеріне, түрік, татар тілдеріндегі зерттеулерге талдау жасай келіп, автор қосар әріптің қолданылуын ескіліктің сарқыншағы деп таниды.

*«Біз емлені ермекке түземейміз, оңайлансын деп түзетеміз. Олай болса, мына қосарлы жазудан құтылуымыз, мұның орнына дара әріп алуымыз керек. Дара әріпті де жанымыздан шығарып, не жаңадан кіргізуге болмайды, осы күнгі қазақ әліппесінің ішінде бар, көрші елдерде осы мағынада қолданылатын, латын әріпінің жер жүзілік практикасында ұсталып жүрген **и** (у) мен **і** (и) - ді, біріншісін **ұу** мен **үу** орнына, екіншісін **ый** мен **ій** орнына алу жағындамыз»* дейді (4. 348-б.).

Аталған мақала жазылған кезде қазақ әліпбиі латын жазуына (1929-1940жж.) көшірілген еді. Қ.Жұбанов ұсталып кеткен соң 1938 жылы Қазақстан үкіметі қазақ тілінің әліппесі мен емлесіне өзгерістер енгізу жайында арнайы қаулы қабылдайды. Қаулыға сәйкес тілімізде қолданылып келген дыбыстық принциптің орнына морфологиялық принцип басшылыққа алынатын болды. Нәтижесінде, **и, у** әріптері қазіргідей жалаң таңбаланып, дауысты дыбыстар қатарына енгізілді. Дауыссыздар қатарына **в, ф, х** дыбыстары қосылды.

2. Автор «**о, ө, ұ, ү** дыбыстары ерін дауыстылары, **а, ә, ы, і, е** дыбыстары езу дауыстылары болады. Ерін дауыстыларын шығарғанда, ерін сүйіріп ілгері ұмтылады да, езу жиылады; езу дыбыстарын айтқанда езу жиылмайды, ерін сүйірмейді» деп сипаттайды. (2. 186-б.).

Бұл дауысты дыбыс түрлері мен сипаттамасы қазіргі еріндік және езулік дауыстылармен, анықтамасымен толық сәйкес келеді. «Еріндік дауыстыларды айтқан кезде ерін дөңгеленіп сүйірленеді де, езуліктерді айтқанда ерін екі жаққа тартылып, езу жиырылады». (3. 37-б.).

Жалпы, Қ.Жұбанов дауысты және дауыссыз дыбыстардың ерекшелігін былай түсіндіреді: «Дыбыс екі түрлі болады: бірі - үн, бірі - салдыр. Сөз дыбыстарының кейбіреулері үн дыбыс болады. Ол – дауыстылар. Сөз мүшелерін жік-жік қылып тұрған – үн мен салдырдың белгілі мөлшерде араласып отыратындығы. Сөздің дыбысталуын түрлендіруде кеуде орын ұстайтын – дауыссыз дыбыстар. Сондықтан олардың түрі де көп. Осындай, салдыр болып, я салдыры басым болып шығатын дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз. Олар мыналар: **б, г, ғ, д, ж, з, к, қ, п, с, т, ш**».

«Дыбысы тек салдыр болып шығатын сыңарын үнсіз дауыссыз дейміз. Дыбысында салдырға үн аралас болатын сыңарын үнді дауыссыз дейміз». (2. 187-б.).

Сонда аталған он екі дауыссыз дыбысты салдыр мен үннің қатысына қарай үнсіз дауыссыз дыбыстар және үнді дауыссыз дыбыстар деп екіге бөлген.

Үнсіз дауыссыздарға **к, қ, п, с, т, ш** дыбыстарын, үнді дауыссыздарға **б, г, ғ, д, ж, з** дыбыстарын жатқызады. Көріп отырғанымыздай, үнсіз дауыссыздар - қазіргі тілімізде қатаң дауыссыз дыбыстар, үнді дауыссыздар - ұяң дауыссыз дыбыстар деп аталады.

Сонымен бірге, дауыссыз дыбыстар созымды-созымсыздығына қарай үздікті және үздіксіз дауыссыздар, дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай көмей дауыссыздар, ерін

дауыссыздар, тіс дауыссыздар, жасалу түріне қарай жабысыңқы және жуысыңқы дауыссыздар, дыбысталу түріне қарай сыбыр және сыбыс дыбыстар деп ажыратылған.

Қазіргі қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстардың үшінші түрі - үнді дауыссыздар Қ.Жұбанов еңбегінде өз алдына дербес сонор дыбыстар деп бөліп қарастырылып, сонор болатын жеті дыбыс аталады. Олар: **й, л, р, м, н, ң, у** дыбыстары.

«Үні мен салдыры тең бірқатар дыбыстар бар, оларды сонор дыбыстар дейміз. Сонорлар дауыстылардай әнделмейді, дауыссыздардай егізделмейді». (2. 190-б.).

Одан әрі сонор дыбыстар жасалу жолына қарай тура жолды сонорлар (**й, у**) және айналма жолды сонорлар (**л, р, м, н, ң**) деп екіге бөлініп, айналма жолды сонорлар өз ішінен мұрын жолды (**м, н, ң**) және ауыз жолды айналма сонорлар (**л, р**) деп жіктеледі де әрбір сонор дыбыстың дыбысталу, жасалу ерекшеліктері, түрлері нақты да анық баяндалады.

«Й дыбысы шығарда тілдің үстіңгі жағы таңдайға жуысады. у дыбысы шығарда екі ерін біріне-бірі жуысады. й мен у дыбыстарын тура жолды сонор дейтін себебіміз – бұларда ауа тура шығады, мұрынга кетіп, не ауыз ішінде бұрылып, бұлтақтамайды».

«Н дыбысы тілдің ұшының үстіңгі күрек тіске соғуынан, ң дыбысы тілдің көмейге жуысуынан, м дыбысы екі еріннің жуысуынан шығады. Бұнда дем тура ауыздан шықпай, кеңсірікпен айналып, мұрыннан шығады. Мұрын жолды айналма дейтініміз осыдан».

«Ауыз жолды айналма сонорлар шығарда дем мұрынмен айналып өтпейді, ауыздың өзінен шығады. Бірақ басқа дыбыстардай тура шықпайды, ауыздың өзінің ішінде бұлтартып жүріп барып шығады. л дыбысы шығарда тілдің ұшы үстіңгі күрек тіске жабысып тұрады да, тілдің екі бүйірі азуға тимей тұрады. Шығатын дем екі жарылып, тілдің екі бүйіріндегі осы қуыстан өтеді. р дыбысы шығарда тілдің екі бүйірі үстіңгі азуға жабысып тұрады да, ұшы үстіңгі қызыл иектің жоғарғы жағына бір тиіп, бір қашып, жыбырышып тұрады». (2. 191, 192-бб.).

Сонымен, Қ.Жұбанов қазақ тілінің негізгі фонетикалық терминдерін қалыптастырып, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін ғылыми тұрғыдан зерттеуге жол салды. Сонымен бірге Қ.Жұбанов өзінің фонетикалық зерттеу еңбектері арқылы қазақ тіл білімінде фонология саласының ғылыми-теориялық негізін салушылардың бірі болды деп айта аламыз. Жалпы, фонология – тілдің дыбыстық құрылысын және тілдік жүйедегі дыбыстардың қызметін зерттейтін сала. Фонологияның негізгі единицасы фонема болып табылады. Көптеген зерттеушілер фонологияны дыбыстардың функциональдық жағын қарастыратын ілім ретінде фонетиканың бір саласы деп санайды. Оның фонетикадан айырмашылығы – фонетика дыбыстардың физикалық және физиологиялық, яғни акустика-артикуляциялық қасиетін қарастырса, фонология сөйлесімдегі дыбыстарды функциональдық жағынан сипаттайды. Лингвистикада фонологияның негізін салушы поляк ғалымы Иван (Ян) Александрович Бодуэн де Куртенэ саналады.

Фонологияның негізгі единицасы «фонема» терминін Қ.Жұбанов та қолданып, оған мынадай анықтама береді: *«Фонема бір сөз бен екінші сөзді айыруға жарайды (бал, бас). Демек, фонема – бұйым. Сөз ішіндегі дыбыстың бәрін өзгерту шарт емес, оның біреуі өзгерсе де өзге сөз болады. Мысалы, мал, шал деген екі сөздің ұйқастығы **м, ш** дыбыстарынан басқаларының бірдей болғанынан. **М, ш** бөлек дыбыс дейміз. Олар сөздің мағынасын өзгертті, басқа дыбыстарды өзгерткен жоқ. Сөз бөлшектерінің дыбыстары бірдей болса, мағынасы да бірдей болмақ»* (5. 51-б.).

Ғалымның осы тұжырымына орай белгілі фонолог З.М.Базарбаева Қ.Жұбановтың фонеманың сырын, оның дыбыстан айырмашылығын дұрыс түсінгенін, қазақ тілінің дыбыс құрамын, дыбыстау мүшелерін, дыбыстардың саны мен сапасын жете зерттеп, оның фонологиялық заңдылықтарын да ескергенін айтады. Қ.Жұбанов фонемаға түсінік

бере отырып, қазақ тілінің дыбыс жүйесін фонология тұрғысынан қарастырғанын, бір сөздің екінші сөзден өзгеше болуы үшін оның бір-ақ фонемасы басқа болса жеткілікті екенін, яғни фонеманың ең негізгі ерекшелігі – оның мағына айқындау қасиетін дөп басқанын атап көрсетеді. (6. 34-б.).

Демек, фонологияның заңдылықтары, дыбыс пен фонеманың ара қатынасы туралы мәселелер ғалымның зерттеулерінде көрініс тапқан.

Қазақ тілінде сөз ішіндегі дыбыстардың бір-біріне әсерінен, ықпалынан туатын заңдылық – үндестік заңына Қ.Жұбанов та назар аударған. Ғалым тіліміздегі үндестік заңын «сөз мүшелерін тарқатпай, қосып ұстайтын дәнекерлер» ретінде қарастырып, оған мынадай анықтама береді: «Сөз мүшелерін матастырып ұстайтын арқанның ең күштісі – түбір мүше мен қосымша мүшелердің үндесуі. Бұл заңды сингармонизм дейміз. Сингармонизм - грек сөзі. Қазақшалағанда – үндесу деген болады». (2. 208-б.).

Байқағанымыздай, ғалым лингвистикадағы «сингармонизм» терминін қазақша «үндесу» деп аударады да, үндесудің екі түрін сипаттайды.

1. «Бірінде – түбір мүшенің соңғы буыны жуан айтылса, қосымшалардың бар буыны да жуан айтылады; түбірдің соңғы буыны жіңішке болса, қосымшалар да жіңішке айтылады. Мысалы, колхоз деген соңғы буыны жуан түбірге жалғанған қосымша буыны жуан болады да, мектеп сияқты соңғы буыны жіңішке түбірге жалғанған қосымша жіңішке айтылады: колхоз-ым-ыз-дың, мектеб-ім-із-дің» (2. 208-б.).

Қазіргі қазақ тілі грамматикалық оқулықтарында үндестік заңы буын үндестігі және дыбыс үндестігі деп екіге бөлінеді. Аты айтып тұрғандай, сөздегі буындардың үндесуі – сөздегі соңғы буынның жуан не жіңішке болып келуіне қарай жұрнақ, жалғаулардың да жуан не жіңішке болып жалғануы болса, ал дыбыс үндестігі сөз бен сөздің, не түбір мен қосымшаның арасындағы көршілес дыбыстардың бір-біріне әсерінен, ықпалынан болатын құбылыс.

Қосымшалардың, яғни жұрнақ, жалғаулардың жуан не жіңішке болып жалғануы сөздің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың жуан не жіңішке болып келуіне байланысты. Сондықтан лингвистикалық әдебиеттерде дауысты дыбыстарға байланысты үндесуді (сингармонизмді) буын үндестігі деп атайды да, ал дауыссыз дыбыстарға байланысты үндесуді (ассимиляцияны) дыбыс үндестігі деп атайды. Демек, жоғарыда Қ.Жұбанов сипаттаған үндесудің бірінші түрі - қазіргі қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың үндесуінен болатын буын үндестігі, яғни сингармонизм.

Сонымен бірге, профессор Қ.Жұбанов қазіргі қазақ тілінде буын үндестігіне бағынбайтын қосымшалар деп аталатын **-нікі, -дікі, -тікі, -кер, -гер, -қой, -қор, -паз** жұрнақтарының жалғану ерекшелігін де алғаш аңғарып, оларды түбірдің соңғы буынына үндеспейтін қосымшалар түрінде қарастырады.

«**-Нікі (-дікі, -тікі), -кер, (-гер)** дейтін қосымшалар түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне ермей, өнемейіне бір түрде – жіңішке түрде кездеседі. Мысалы, колхоз-дікі, біз-дікі. Осы сияқты жұмыскер, жауынгер сөздеріндегі **-кер, -гер** қосымшалары да жуандамайды. **-Қой, -қор, -паз** дейтін қосымшалар да түбірі жіңішке болса да, жіңішкермей, әзілқой, бейнетқор, әппаз түрінде болады. Бұларды осылай естілуінше жуан күйінде жазамыз» дейді. (2. 209-б.).

Қазіргі тілімізде өзі тіркескен сөзбен дефис арқылы жазылатын **-ақ** демеулік шылауы да еңбекте жуан қосымша түрінде аталады. Сондай-ақ ғалым аталған жұрнақтардан кейін жалғанатын қосымшалар да сол жұрнақтардың ыңғайымен жалғанатынын да атап көрсетеді:

«**Ақ** дейтін қосымша да түбірге ермей, кіл жуан түрде ғана болады; жақсы-ақ, кісі-ақ деген сияқты бөлек жазылады. Түбірдің соңғы буыны жуан бол, жіңішке бол,

оған үндеспейтін қосымша жалғана қойса, бұдан кейінгі қосымшалар осы тоңмойын қосымшаның ауанымен не жуан, не жіңішке болады. Мысалы: колхоз-**дікі-нің**, кісі-**ақ-сың** ғой» (2. 210-б.).

2. Профессор Қ.Жұбанов үндесудің екінші түрі ретінде сөз ішіндегі дауыссыз дыбыстардың өзара әсерінің бірнеше түрін бөліп көрсетеді. Олар қазіргі қазақ тіліндегі ассимиляцияның (дауыссыз дыбыстарға байланысты үндесу) сипатымен бірдей, тек дауыссыз дыбыс түрлерінің атаулары ғана бөлек. Мысалы, Қ.Жұбанов еңбегіндегі үнсіз дауыссыз - қазір қатаң дауыссыз, үнді дауыссыз – қазір ұяң дауыссыз, сонор дауыссыз – қазір үнді дауыссыз дыбыстар деп аталады. Салыстыра баяндайық:

а) Түбір мүшенің соңғы дауыссыз дыбысы үнсіз дауыссыз болса, оған жалғанған қосымшаның басқы дауыссыз дыбысы да үнсіз болады. Мысалы: ат - қа (ат-ға емес); мектеп - ке (мектеп-ге емес). (2. 209-б.).

Қазіргі қазақ тілінде: Түбірдің соңғы дауыссыз дыбысы қатаң болса, қосымша да қатаңнан басталады: мақсат-қа, мақсат-тан, мақсат-пен. (3. 137-б.).

ә) Түбірдің соңғы дауыссыз дыбысы үнді болса, оған жалғасқан қосымшаның басқы дауыссыз дыбысы да үнді болады. Мысалы: колхоз - ға (колхоз-қа емес); тұз – дың (тұз-тың емес). (2. 209-б.).

Қазіргі қазақ тілінде: Түбірдің соңғы дауыссыз дыбысы ұяң болса, қосымша да ұяңнан басталады: қаз-дар, қаз-ға, жез-ге, жез-ді, мұқтаж-дық, уәж-ді. (3. 137-б.).

б) Түбірдің соңғы дыбысы дауысты дыбыс болса, қосымшаның бастапқы дыбысы сонор ғана болады. Мысалы: бала – лар, бала – ны, бала – мын. (2. 209-б.).

Қазіргі қазақ тілінде: Түбірдің соңғы дыбысы дауысты дыбыс не үнді дыбыс болса, оған жалғанатын қосымшалар да ұяң не үнді дыбыстардан басталады. Мысалы: бала-лар, бала-ға, бала-да, бала-мен. (3. 137-б.).

Дауыссыз дыбыстар үндестігімен байланысты қазіргі қазақ тіліндегі ықпалдың түрлері де алғаш Қ.Жұбанов зерттеуінде дәйектеледі. Бұл туралы ғалым былай деп жазады: «Түбір дыбыстары мен қосымша дыбыстарының үндесу бағыты екі түрлі: бірінде – түбірдің соңғы дыбысының, не соңғы буынының ауанына қарай қосымша дыбыстары өзгереді; екіншісінде – қосымша дыбыстарының ықпалымен түбір дыбыстары өзгереді. Алдыңғысын ұмтыла үндесу дейміз де, соңғысын тартына үндесу дейміз». (2. 212-б.).

Бұл анықтамаға сәйкес ұмтыла үндесу – ілгерінді ықпал, ал тартына үндесу – кейінді ықпал болады. Ұмтыла үндесу, яғни ілгерінді ықпалға қатысты ғалым мынадай тұжырым айтады: «Үндесу сөз мүшелерінің ғана емес, сөйлем мүшелерінің де байланысын көрсетеді. Сондықтан бір сөздің ықпалы екінші сөзге де тиеді: **бері қара, келе қал сияқты. Мұндайды жазуда елемей, бері қара, келе қал деп жазамыз. Сөйтіп, екі сөздің бір-біріне тигізетін ықпалын жазуда елемейміз**». (2. 213-б.).

Ал тартына үндесу, яғни кейінді ықпалды ғалым бірнеше түрге жіктеп, жан-жақты қарастырады.

а) Түбірдің соңында дауыссызды сыбыр дыбыстары мен сыбыс дыбыстарының үндісі болып келіп, қосымшасының бас дыбысы үнсіз болса, айтуда түбірдің соңғы дауыссыз дыбысы үнсізденеді, бірақ мұны жазғанда ескермейміз.

Айтқанда ос-са, ес-се болғанмен, жазғанда оз-са, ез-се деп жазамыз.

Түбірдің соңғы сыбырлысы қосымшаның басқа сыбыстысына еріп сыбысты болатыны бар. Сонда да түбірді өзгертпей, сыбырлы жазамыз: колхозшы, баишы болып айтылғанымен, колхозшы, басшы деп жазамыз.

ә) Түбірдің соңында дыбысы **н** дыбысы келіп, қосымшаның бас дыбысы **қ, ғ, к, г** дауыссыздарының бірі болып келсе, түбірдің аяғындағы **н** соноры **ң** болып айтылатыны

бар, бірақ мұны жазуда ескермей, **н** емес, **н** жазамыз. Мысалы, Ақан+ға болып жазылады (Ақаңға емес), жөн+ге болып жазылады (жөңге емес).

б) Түбірдің соңында **н** дыбысы келіп, қосымшаның бастапқы дыбысы ерін дыбыстарының бірі болып келсе, түбірдің аяғындағы **н** дауыссызы **м** дауыссыз дыбысына ауысып кететіні бар. Бірақ ондайда түбірініше **н** дыбысын жазамыз. Мысалы:

Өн+бе деген сөз өмбе болып естілсе де, өнбе деп жазамыз; жанмын деген сөз жаммын деп естілгенмен, жанмын деп жазамыз.

Сонымен, қосымша дыбыстарының ықпалымен түбір дыбыстары өзгерген тартына үндесу болғанмен, оны елемей, түбір тұлғасынша жазамыз: баишылар деп емес, башшылар; тұмба деп емес, тұнба; сыңан деп емес, сынған.

Қ.Жұбанов жалаң **у** дыбысы қазақ тілінің дыбысталу ерекшелігіне сәйкес **ұу**, **үу** дыбыстарының тіркесі түрінде жұмсалатынын тартына үндесу, яғни кейінді ықпалға қатысты тұжырымында тағы да дәлелдеп жазады.

а) Қосымша жалғыз **у** дыбысы болып, түбірдің соңы дауыссыз дыбыс пен сонор дыбыстың бірі болса, бұлардың арасына қыстырылған келте дауысты дыбыс **ы**, **і** дыбыстары болмай **ұ**, **ү** дыбыстары болады. Мысалы: Жаз+у – жаз(ұ)у; кез+у – кез(ү)у.

ә) Түбірдің соңында келте дауысты **ы**, **і** дыбыстары келіп, **у** қосымша дыбысы жалғанса, түбірдің соңғы келте **ы**, **і** дауысты дыбыстарын **ұ**, **ү** дауыстыларына айналдырамыз. Мысалы: оқы+у – оқұу; ер+у – ерүү.

Мұндайда келте дауысты **ы**, **і**, **ұ**, **ү** дыбыстары сонор **у** дыбысымен бірігіп кетіп, екі дыбыс қосылып бір-ақ дауысты болады. Әліппемізде бұл дыбысты таңбалайтын әріп жоқ болуы себепті, ондай қосарланған дауысты дыбыстарды **ұу**, **үу** түрінде екі әріппен таңбалаймыз (2. 211-б.).

Сөйтіп, Қ.Жұбанов түркі тілдерінің, соның ішінде, қазақ тілінің айырықша қасиеті, негізгі заңы – сингармонизм мәселесін нақты тілдік деректер арқылы жан-жақты зерттеген.

Қорытынды. Профессор Қ.К. Жұбановтың ғылымға қосқан елеулі үлесі оның фонетика саласындағы қорытындыларында көрініс тапқан. Бұл - қазақ тілі дыбыстарының сандық және сапалық сипаттамаларын анықтау, олардың жүйеленуі, дауысты және дауыссыз дыбыстардың дыбысталу ерекшеліктерін талдау, дауысты дыбыстардың жасалу жолдарына байланысты түрлері мен ерекшеліктерін айқындау, дауыссыз дыбыстардың түрлері мен сипаттамаларын сипаттау, сондай-ақ үндестік заңдарының классификациясы мен ерекшеліктерін зерттеу сияқты маңызды мәселелер. Ғалымның зерттеулері нақты тілдік деректерге назар аударуымен және өзіндік ғылыми тәсілімен ерекшеленеді. Сонымен, Қ.К.Жұбанов – шын мәнінде кең құлашты, терең білімді ғалым, қазақ тіл білімінің қазіргі деңгейіне көтерілуіне зор үлес қосқан қазақ тіл білімі ғылымының негізін салушылардың бірі. Сондықтан қазақ тіл білімінің тарихында ғалымның ғылыми еңбектері аса маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жұбанов, Қ. Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар. Қазақ тілінің фонетикасы. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. [Текст] / Қ. Жұбанов, – Алматы: «Ғылым», 2010

2 Жұбанов, Қ. Қазақ тілінің грамматикасы. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. [Текст] / Қ. Жұбанов – Алматы: «Ғылым», 2010

3 Мырзабеков, С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. [Текст] / С. Мырзабеков, – Алматы: «Дәуір-Кітап», 2013

4 Жұбанов, Қ. Қосар ма, дара ма? (уу, үу, ый, ій - лердің емлесі жөнінен). Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер [Текст] / Қ. Жұбанов – Алматы: «Ғылым», 2010

5 Жұбанов, Қ. Қазақ тілінің жоғарғы курсы. Дәрістер. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер [Текст] / Қ. Жұбанов – Алматы: «Ғылым», 2010

6 Базарбаева З.М. Қазақ тілі: интонология, фонология [Текст] / З.М. Базарбаева – Алматы: «Ғылым», 2008 – 34 б.

7 Жұбанов, Қ. К постановке исследований истории фонетики казахского языка. (Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер). [Текст] / Қ. Жұбанов – Алматы: «Ғылым», 2010

REFERENCES

1. K.Zhybanov. Kazakh tilinin gylymi kursy zhoninen lekciyalar. Kazakh tilinin fonetikasy. Kazakh tili zhonindegi zertteuler. [Lectures on the scientific course of the Kazakh language. Phonetics of the Kazakh language. Research on the Kazakh language.]. Almaty: «Gylym», (2010). – (In Kaz)

2. K.Zhybanov. Kazakh tilinin grammatikasy. Kazakh tili zhonindegi zertteuler. [Grammar of the Kazakh language. Research on the Kazakh language.]. Almaty: «Gylym», (2010). – (In Kaz)

3. S. Myrzabekov. Kazirgi kazakh tilinin fonetikasy. [Phonetics of the modern Kazakh language.]. Almaty: «Dauir-Kitap», (2013). – (In Kaz)

4. K.Zhybanov. Kosar ma, dara ma? (yu, үу, yi, ij - lerdin emlesi zhoninen). Kazakh tili zhonindegi zertteuler. [Double or single? (in terms of spelling UU, UU, ый, II - лердің). Research on the Kazakh language.]. Almaty: «Gylym», (2010). – (In Kaz)

5. K.Zhybanov. Kazakh tilinin zhogargy kursy. Darister. Kazak tili zhonindegi zertteuler. [Senior course of the Kazakh language. Lectures. Research on the Kazakh language.]. Almaty: «Gylym», (2010). – (In Kaz)

6. Zh.M.Bazarbaeva. Kazakh tili: intonologiya, fonologiya. [Kazakh language: intonology, phonology.]. Almaty: «Gylym», (2008): 34 b. – (In Kaz)

7. K.Zhybanov. K postanovke issledovaniy istorii fonetiki kazahskogo yazyka. (Kazakh tili zhonindegi zertteuler). [Towards the formulation of research on the history of phonetics of the Kazakh language. (Research on the Kazakh language). Almaty: «Gylym», (2010). – (In Rus)

ПРОФЕССОР К.ЖУБАНОВ И ПРОБЛЕМЫ ФОНЕТИКИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. Статьи, тезисы и крупные научные труды профессора К.К. Жубанова охватывают множество тем. Это объясняется тем, что К.К. Жубанов был ученым, работавшим во всех областях казахского языкознания. Основной акцент его научных исследований сделан на вопросах фонетики, включая звуки казахского языка, их классификацию по способу звучания, акустико-артикуляционные особенности звуков, их фонетические характеристики, взаимное влияние звуков, законы сингармонизма, их виды и особенности, а также вопросы грамматики казахского языка, алфавита, орфографии, терминологии, учебных программ по казахскому языку и методики его преподавания.

Особенно важны научные выводы ученого в области фонетики, такие как определение количества и качества звуков казахского языка, их классификация, ценные замечания о звучании гласных и согласных звуков, анализ типов и особенностей гласных звуков по способу их образования, описание типов и характеристик согласных звуков, а также исследование законов сингармонизма, их видов и особенностей. К.К. Жубанов

подходил к этим вопросам с собственным научным взглядом, уделяя особое внимание конкретным языковым данным.

В статье рассматриваются взгляды профессора К.К. Жубанова на фонетику и его значимость в казахском языкознании. В частности, подробно анализируются особенности классификации языковых звуков, виды звуков казахского языка и их фонетические характеристики на основе конкретных примеров.

Ключевые слова. Фонетика, языковые звуки, гласные звуки, согласные звуки, сонорные звуки, фонема, закон сингармонизма, слоговой сингармонизм, звуковой сингармонизм.

PROFESSOR K.ZHUBANOV AND THE PHONETICS ISSUES OF THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. Articles, theses and major scientific works of Professor K.K. Zhubanov cover many topics. This is explained by the fact that K.K. Zhubanov was a scientist who worked in all areas of Kazakh linguistics. The main emphasis of his scientific research is made on the issues of phonetics, including the sounds of the Kazakh language, their classification by the way of sounding, acoustic and articulatory features of sounds, their terminology, Kazakh language curricula and teaching methods.

Especially important are the scientific conclusions of the scientist in the field of phonetics, such as determination of the quantity and quality of sounds of the Kazakh language, their classification, valuable remarks on the sounding of vowel and consonant sounds, analysis of types and features of vowel sounds by the way of their formation, description of types and characteristics of consonant sounds, as well as the study of the laws of synharmonism, their types and features. K.K. Zhubanov approached these questions with his own scientific view, paying special attention to specific linguistic data.

The article deals with Professor K.K. Zhubanov's views on phonetics and his importance in Kazakh linguistics. In particular, the peculiarities of classification of linguistic sounds, types of Kazakh language sounds and their phonetic characteristics on the basis of specific examples are analysed in detail.

Key words. Phonetics, linguistic sounds, vowel sounds, consonant sounds, sonorant sounds, phoneme, law of synharmonism, syllabic harmony, sound harmony.

ФТАХА 16.01.09

DOI: <https://doi.org/10.62724/202440204>

Қалыбаева Қаламқас Сейдуллаевна*¹

Филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ., Достық даңғылы, 13.

kalybaevakalamkas@gmail.com

ORCID ID 0000-0001-6821-3879

ҚАЗАҚ ЖАЗУ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Қазақ жазуын латын негізді әліпбиге көшіру мәселесіне байланысты тілші ғалымдар арасындағы ғылыми айтыстар қазақ тіл білімінің өткеніне сын көзбен қарап бағамдауына, ұлттық жазу теориямызда жіберілген қателіктер мен кем-кетіктерімізді дұрыс бағамдауға үлкен мүмкіндік туғызды. Соның арқасында қазақ ғалымдары өткенге қайта көз салып, жазуымыздың қай жерден адасқанын қоғам боп саралауға мүмкіндік алды. Соның нәтижесінде Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған қазақ жазу теориясы сол алаш арысының өзімен бірге Кеңестік репрессияның құрығына ілініп, келмеске кеткенін көрдік. Яғни бүгінгі қолданыстағы қазақ жазуы Ахмет қалыптастырған нағыз ұлттық жазу теориясынан қасақана адастырылған, нағыз сол Кеңестік репрессия күндерінің қауіп-қатерін бойына сіңірген, сол қатерлі күндермен қатар өрілген, Ахмет сөзімен айтсақ орыс жазу теориясына сыйғызу үшін жіппен буып-түйілген «қытай қызының аяғындай» өз табиғатынан «шатасқан» бір жазу болып шыққанына көзіміз жетті. Қазіргі дейінгі жалғасып отырған бұл қателіктерден арылуда бір топ ғалымдар әлі де орыстанған емле ережелерінен бас тартпауға шақырып отыр. Олардың айтуынша, бұл ережелер орыс емле ережелері емес, өз тіліміздің қажеттілігінен туындаған-мыс. Бүгінгі бұл мақаламызда біз осы жайлы бірқатар дәлелдер келтіргіміз келеді. Мақалада қазақ жазуының шешімін таппай жүрген осындай бірқатар мәселелері тарихи тұрғыдан сөз болады.

Кілт сөздер. Жазу теориясы, морфологиялық принцип, фонетикалық принцип, біріккен сөздер.

Кіріспе. Қазақ жазуының латын жазуына көшкелі жатқан қазіргі тарихи кезеңі қазақ тіл білімінің бүгінгі деңгейінен өткеніне сын көзбен қарап бағамдауына, ұлттық жазу теориямызда жіберілген қателіктер мен кем-кетіктерімізді дұрыс бағамдауға үлкен мүмкіндік туғызды. Соның арқасында қазақ ғалымдары өткенге қайта көз салып, жазуымыздың қай жерден адасқанын қоғам боп саралауға мүмкіндік алдық. Ахмет Байтұрсынұлы қалыптастырған қазақ жазу теориясы сол алаш арысының өзімен бірге Кеңестік репрессияның құрығына ілініп, келмеске кеткенін көрдік. Яғни бүгінгі қолданыстағы қазақ жазуы Ахмет қалыптастырған нағыз ұлттық жазу теориясынан қасақана адастырылған, нағыз сол Кеңестік репрессия күндерінің қауіп-қатерін бойына сіңірген, сол қатерлі күндермен қатар өрілген, Ахмет сөзімен айтса орыс жазу теориясына сыйғызу үшін жіппен буып-түйілген «қытай қызының аяғындай» өз табиғатынан «шатасқан» бір жазу болып шыққанына көзіміз жетті. Енді қалай ұлттық жазу қалыптастырамыз, қателіктер қалай арыламыз дегенде ғалымдарымыз соңғы жылдарда ұзақ айтысты, дауласты, пікір бөлісті. Бұл айтыстардың барлығы да қазақ жазуын дамытып, өркендетуге зор үлес болып қосылары сөзсіз.

Материалдар мен зерттеу әдістері қазіргі заманғы деректерімен бірге қазақ тіл білімінің тарихына қатысты архив қорларындағы деректерді жинақтау мен анализдеу, сұрыптау, салыстыру, жүйелеу әдістерін қамтиды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Өткенімізге көз салсақ, қазақ жазу теориясының қалыптасу жолы ақтаңдақтарға толы екенін көреміз. Себебі, еліміздің кеңестік кезеңі тіл, әдебиет, мәдениет саласындағы проблемаларды шешуде бұра тартқан, саяси бұрмалаушылықтар мен тарихи шешімін таппаған күрделі проблемаларға толы еді. Оларды бүгінгі тәуелсіздік заманында ақтаңдақтар ретінде танып, бірқатарын тарихи саяси бұрмалаудың құрсауынан аршып ажыратып алып, төл тұлғасын айқындап, ұлт табиғатының тұрғысынан жаңаша бағамдап, бағасын беріп жатырмыз. Бұл жолда тарих, мәдениет пен әдебиет саласы өз позицияларын батыл айқындап, нақты қадамдар жасай білді. Соның арқасында талай аты аталмаған саяси тұлғалар ақталып, еңбектері жаңа заман тұрғысынан қайта өреленді. Бұл салалардағы Кеңес заманының әкімдік әміршілдік шешімдерімен таңылған тұжырымдардың біразы аты аталып, түсі түстеліп, қолданыстан шығарылып, келмеске кетті. Алайда, осы ғылыми бағыттардың арасында тіл білімінің ақтаңдақтары әлі күнге айқындалмай барады. Кеңестік заманның саяси бұрмалаушылығына ұшырамай қалған бір де бір сала қалмағандығын ескерсек, сол салалардың ішіндегі ең бір өзекті де өткір тұрған саланың бірі тіл білімінің мәселелері екенін ашып айтуға тиіспіз. Бүгінгі қазақ жазу теориясының қалыптасу жолы тіл білімінің кеңестік әкімшілдік әміршілдік жүйесімен біте қайнаса отырып қалыптасты. Қазақ жұртының сонау 30-60-жылдар арасындағы бастан кешкен теперіші, ашаршылық пен репрессиялау, қуғын сүргін саясаты, еркін ойлау, еркін сөйлеуді «елге төнген қатер» деп бағалау саясаты тіл білімі теориясының да, соның ішінде сөзсіз қазақ жазу теориясының да бүгінгі орыстанған мүшкіл қалпының қалыптасуына алып келді.

Қазақ жазу теориясының қалыптасу, даму жолының көшбасында ұлттық жолдағы А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамбетұлы, Е.Омаровтар бастаған сингармониялық жазу мектебінің өкілдері және кері көзқарастағы Ж.Аймауытов, Қ.Жұбанов бастаған кейінгі қазақ жазуы дамуының жаңа кезеңі өкілдері (С.Аманжолов, М.Балақаев, Ғ.Мұсабаев) қалыптандырған екінші жолдағы жазу мектебі тұрды. Қазақ жазуының тағдыры осы екі мектеп өкілдерінің арасындағы пікір қарама қайшылығынан құралады. Өкінішке орай, қазақ жазуы сол А. Байтұрсынұлы бастаған ұлттық мектеп жолымен емес, орыс жазуының жетегінде кеткен екінші жолмен кеттік. Нәтижеде дыбыс жүйемізде жоқ орыс дыбыстарының таңбалары әліпбиіміздің төрінен орын алып қана қойған жоқ, еміле ережелеріміз де орыс тілінің жазу заңдылығына барынша жақындатылып, орыс жазу теориясының «үнемдеу» деген ұстанымы қазақ жазу теориясына кіріктірілді. Табиғатында дауыссыздары дауыстыларға басшылық жасайтын орыс тіліндегі дауыссыздардың қатарласа келгендіктен мың түрлі құбылтатын бұл тілде шынында да естілетін дыбыстарды таңбалауда азайтып жазу басты проблема еді. Байқап отырсақ, орыстың әліпбиі де, жазу еміле ережесі де осы проблеманы шешуге негізделген. Сондықтан да орыс тілінің айтылуы мен жазылуының арасында ғаламат ерекшеліктер пайда болған. Міне, осы өзге тілдің өз ерекшелігінен туған өзіндік заңдылығы біздің қазақ жазуына сыналап отырып енгізілді. Кезінде Халел Досмұхамедов әдеби тілдің дамуы жайлы: «...Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді; мектеп пен баспадан қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел – сорлы ел. Бұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды»-деген екен. Халел айтып отырған «баспа мен мектеп тілі», яғни жазу тілі дұрыс болмай тіліміз сорлағаны рас[1, 756].

Жазуымыз қай жерден шатасты:

- ең алдымен тілімізге өз тіліміздің табиғатында жоқ орыс дыбыстарының таңбаларын енгізілуі;

- екіншіден, сол орыс дыбыстарын енгізумен қатар іске асырылған кірме орыс сөздері мен термин сөздерді орыс орфографиясымен жазуға көшірілуі;

- орыс сөздерін түпнұсқасымен жазу үшін емле ережесінің басты ұстанымы етіп «морфологиялық ұстаным» қағидатына көшірілуі;

-қазақ жазу емлесін орыс орфографиясына барынша жақындай түсу үшін «ықшамдап жазу» үдерісінің жолға қойылуы;

Қазіргі емле ережелерімізге негіз деп көрсетілген фонематикалық принцип өз бастауын морфологиялық принциптен алады, және бұл екеуі де тіліміздің ішкі заңдарына сәйкеспейді. Бұл екі ұстаным да орыс орфографиясынан алшақтамау үшін алынған болатын. Орыс сөздері мен термин сөздерді орыс орфографиясымен жазуға фонетикалық жазу принципі (сингармониялы жазу) үлкен кедергі еді. Сондықтан да, морфологиялық принципті жақтаушылардың барлығы дерлік қателік ретінде тек орыс сөздерін мысалға келтіреді. Осы мақсатта Жұбанов өзі 1929 жылы «Қазақ тілінің табиғаты сұрап тұрған жазу ұстанымы» деп атаған «фонетикалық жазуды» «ультрафонетикалық жазу» деп айыптап, сөзді түбірін сақтап жазатын, орыс жазуының басты ұстанымы болып табылатын морфологиялық принциппен жазуға шақырды[2, 1076].

Морфологиялық ұстаным біріккен сөздердің ала-құлалығын о бастан-ақ өршітіп жіберген еді. Ол жайлы сол жылдардағы ғалымдардың айтысынан байқаймыз. 1951-жылғы орфографиялық айтыста Шамғали Сарыбаев былай деген екен: «Жазуда бір принциптік мәселе орысша мен қазақшаның арасында антоганизм болмасын –дейді. Бұл саяси мәселе. Социалистік ұлттардың өзгешелігі қазіргі уақыттан бастап жоғалып кетсе дұрыс-ақ қой. Мисалы, жаңағы айтқан Бегалиев дегенді орыстарға Бекалиев деп түбірін қаздырып жатсақ, айтылғанда Бегалиев болады деп жатсақ осының өзі бір бәле емес пе. Осы сыяқтанған мыңдаған сөз бар ғой, соны былай жаз, былай оқы дегеннен бір пәлеге қалдым... Осы түбірін сақтап жазу дегенмен орысқа жақындаймыз деп түсініп қалғаннан тапқанымыз. Орысқа негізгі жақындау осында ма?.... Солай болатын болса орфографияны қыйындата беруге болмайды. Мисалы: Қазақстан дегендегі "қ" мен жазудың өзі бар ғой орысша да емес, қазақша да емес. Шүршітше болуы мүмкін. Сол шүршіт деген ұлт болса! Қазақша болса Қазағыстан болуы керек...»-деген екен[3].

Мәулен Балақаевтың пікірі де осы ойымызды дәлелдей түседі: «Осы түбірін сақтап жаз деп бөлек-бөлек мағына тауып алып сөздің қыюын қашырдық. Сөздердің ішіндегі заңдылығын ескеретін болсақ, быйыл деген бірігіп бір сөз болып кеткен. Осы пікірді теріске шығарғысы келгенде жолдастар былай дейді: біз сөздің түбірін морфологиялық принциппен орысшада қалай болса, бізде де солай болу керек сондықтан сақтап жазамыз дейді. Ак. Виноградов былай деген: аффикс, приставки сөздің түбірі қалай естілсе солай жазылса соны мәрфәлогиялық принцип дейміз дейді.- екен. Бізге бұл дәл келмейді. Біз осындай сөздің ерекшелігін ескермей көбінде түбірін сақтап жазамыз дегенді алдық та, осындай теріс принциптің салдарынан ортасындағы дыбыстың өзгеріп кеткен жерлердің бәрінде де қолдандық» [4].

Орыс орфографиясымен жақындастырылу үшін қазақ жазу теориясында басты ұстаным деп бекітілген осы Морфологиялық принциппен жазу зардабы біздегі біріккен сөздердің емле ережесінде әлі сақталып жүр. Нәтижеде орфографиялық сөздіктерімізде әлі күнге тілімізге жат заңдылықтармен жазылған өрескел қателер өріп жүр. (Сарыағаш, сарыатан, сарыауыз, сарыандыз) [5, 5006].

Сол сияқты қазіргі ЫЙ/ИИ, Ы/І ықшамдап жазу қателіктері де Кеңестік кезеңде тіл біліміне 30 жылдай үлкен тоқырау әкеліп, 1950 жылдары ғылыми айналымнан аластатылған Н.Я.Маррдың қате теориясының салдары. Ықшамдап жазудағы Марр теориясының зарарын Мәулен Балақаевтың 1951-жылғы сөзінен көреміз: «Марр и его "ученики", смешивая язык с надстройкой, считали язык категорией изменчивой и

требовали в условиях социализма необходимости создания новых социалистических языков, в корне отличных от языков предыдущих формаций. С.Аманжолов, автор брошюры "Проект нового казахского алфавита и орфографии на базе русской графики" /1940г., на казахском языке/ и "Новый алфавит и орфография казахского литературного языка" /1940 г., на русском языке/ утверждал, что "подобно тому, как язык эпохи феодализма не удовлетворял потребности эпохи капитализма, язык, отвечающий потребности эпохи капитализма, уже не сможет соответствовать требованиям эпохи социализма" /стр.8, на русском языке/. Отсюда вытекает, что мы якобы должны создать новый социалистический язык, в корне отличающийся от "старого" языка. Эта антинаучная, насквозь вульгаризаторская установка была, к сожалению, воспринята у нас, и лично мною, как теоретическая основа при решении вопросов казахской письменности. Это привело к игнорированию специфики, к отрицанию устойчивого характера казахского языка» [6, 176].

Осы ойын 1951-жылғы орфография айтысында тағы жалғастырып, былай дейді: «Тілдің өзі қондырма болғандықтан өзгеріп отырады, сол өзгерісті емледе ескеру керек дегенді еске ала отыра қабылданған емлеміз болатын. Осыны ескергенде дұрыс болады дегенмен “ы” мен “і” дердің жазылуын қысқарттық. Сингармонизм дегенде белінен басып олай болмасын, былай болсын деген бағытта болдық»-деп күйінген ғалым осы қателіктердің салдарынан жазуда ала-құлалықтар тоқтамай отырғанын айтады: «Жеке дыбыстардың емлесі жайында көбірек ойлайтын жеріміз “ы” мен “і”-нің жазылуы. 1940 жылы осының жазылу ережесін қысқарту жағында болып едік. Осы өзі-ақ азайып келе жатыр ғой, соны азайта берсек қайтеді деген едік. Кейбір сөздерде айқын естілмейтін жерлер бар. Әйтпесе басқа жерлерінде сол күйінде естіліп тұр, ешбір кеміген өзгеріс сезілмейді. Сондықтан осының емлесін қайта қарасақ. Жазылмайды дегендерімізді мүмкін болғанда қысқыртсақ та, анық естілетін жерлерінің бәрінде жазсақ, Жапрақ, топрақ дегендерде жазылмасын деген болатынбыз, қоңрау, үкмет, мәжліс дегендерде қысқартқан едік, енді осылардың арасына жазылса, ал мағна, ықлас, қатнас дегендерде жазылмаса деген ұсынысым бар... Халық дегенде тәуелдік жалғау жалғанғанда халқы бөлек түсіп қалады. Міне осындайдағы сияқты Уйқы дегенде де түсіп қалады. Ойын дегендегі “ы” да түсіп қалады. Булар ескі ережеде айтылмаған еді. Практикада бірде олай, бірде бұлай жазылып жүр. Сөздің басында жазылмасын деген бар ғой лақ, лас, дегендерде берілген ереже алынып тасталғаннан сөздің мағнасы өзгермейтін болса жазылмайды деген екенбіз. Міне осы ережені өзгертуге тиістіміз. Естілген жердің бәрінде жазылсын да, дүдәмалсын жерде алынып қалсын. Бул жөнде айқындап келісіп алу керек»-деп, қазақ жазуының тығырыққа тірелгенін мойындайды [7, 1076].

Ықшамдап жазу идеясы Құдайберген Жұбановтан бастау алғанын, ғалым 1934-жылы жаңа әліпби жобасын жасап, талқылауға ұсынғандығын білеміз. Жобадағы басты жаңалық – термин сөздер мен орыс тілінен келген сөздерді өзгертпей жазу болды. Термин сөздер мен орыс тілінен келген кірме сөздерді өзгертпей жазуға әрине сингармонизм үлкен кедергі келтіріп тұр еді. Сол себепті де орыс сөздерін түпнұсқамен жазуда кедергі боп тұрған ЫЙ/ІЙ ден қазақ сөздерін жазуда да қысқартып, оларды бір таңбамен ғана беру керек болды. Осы мақсатта ғалым өзінің «Қосар ма, дара ма?» деген атақты мақаласын да жазды. Осы мақсатта ол сингармонизмді тілдің социалистік сатыға көтерілуіне кедергі жасап отырған «ескінің қалдығы» «өткінші» құбылыс деп жариялады. Сол мақсатта Жұбанов өзі 1929 жылы «Қазақ тілінің табиғаты сұрап тұрған жазу ұстанымы» деп атаған «фонетикалық жазуды» «ультрафонетикалық жазу» деп айыптап, сөзді түбірін сақтап жазатын, орыс жазуының басты ұстанымы болып табылатын морфологиялық принциппен жазуға шақырды. Орыс сөздерін бұлжытпай

жазу үшін сингармонизм анықтамасын да Ахмет айтқандай «сөз ішіндегі үндесуді» «кертартпа сингармонизм» деп айыптап, «...шын сингармонизм түбір мен қосымша арасындағы үндесу» деп тұжырымдады[8, 5196].

Ықшамдап жазу осы 30-жылдары орыс тілі орфографиясына жақындау мақсатымен енгізілгенін Жүсіпбек Аймауытовтың пікірлерінен де көреміз: «...Ұзын И, шолақ Й деп бүйректен сирақ шығарудың керегі жоқ. Ұзын ЫЙ деп жазылса, орыс емлесінен қашықтап кетеді» дей келе Сингармонды жазуды қолдаған ғалымдарды «дыбысшылдар» деп айыптаған екен: «Сол дыбысшылдықтың салдарынан сөз басында болар болмас естіледі деп, разы, рақат, рұқсат, лайық, лаж, лақ деген сөздерді Ы жалғап жазып жүрміз. Орысшада сондай болмашы дыбыстарға түк те жазылмайды» деген ғалым біздің тіліміздегі сингармонизмнің ролін барынша төмендете түсіп «Қазақ емлесі орыс емлесіне жақын болу керек, қазақ баласы орысша хат танымай тұрмайды... Орысшасыз күніміз жоқ»-деп түйіндейді [9, 1076].

Ал, енді бүгінгі қазақ жазуын латын әліпбиіне көшкелі отырған жаңа кезеңде ұлттық жазу теориямызда кеткен ақтаңдақтарды анықтап, қайта түзетіп ұлттық сипатымызға ылайықтаудың үлкен мүмкіндігі туып отырған тұста да ғалымдарымыздың бір тобы жазу реформасы дегенді тек қана әліпби ауыстыру деп түсініп отыр. Бұл жолда айтулы ғалымдарымыз үнемі Жүсіпбек Аймауытов пен Құдайберген Жұбановтың үнемдеп жазуға қатысты ой пікірлерін ту етіп ұстап келеді. Алайда бұл ғалымдардың айтқан ой пікірлері не себепті бізді орыс жазуына жетеледі, оның қандай саяси тарихи астары болғандығын біз біліп отырмыз ба? Егер біз осы мәселелерді бажайлап қарайтын болсақ, бұл тұлғалардың сол замандағы сол кезеңдегі саяси тарихи оқиғалармен тығыз байланыста қалыптасқан Кеңестік саясаттың ұр тоқпағының нәтижесі екендігіне айқын көз жеткізе аламыз. Демек, бүгінгі қазақ жазуын реформалауда біз осы тұлғалардың жазу теориясына енгізілген тұжырымдарын да қайта саралап, ақ қарасын анықтауымыз әбден керек-ақ. Мысалы, Жүсіпбек Аймауытовтың жазу теориясына қатысты ұстанымдары барынша орыс жазу емлесінен алыстамау мақсатын көздегені айдан анық. Ол қазақ жазуын орыс жазуынан алшақтатпауды жасырмай, ашып тұрып айтады «...Ұзын И, шолақ Й деп бүйректен сирақ шығарудың керегі жоқ. Ұзын ЫЙ деп жазылса, орыс емлесінен қашықтап кетеді» деп шырылдайды ғалым. Сингармонды жазуды қолдаған ғалымдарды «дыбысшылдар» деп мысқылдай отырып Аймауытов «Сол дыбысшылдықтың салдарынан сөз басында болар болмас естіледі деп, **разы, рақат, рұқсат, лайық, лаж, лақ** деген сөздерді **Ы** жалғап жазып жүрміз. Орысшада сондай болмашы дыбыстарға түк те жазылмайды» деген ғалым біздің тіліміздегі сингармонизмнің ролін барынша төмендете түсіп «Қазақ емлесі орыс емлесіне жақын болу керек, қазақ баласы орысша хат танымай тұрмайды... Орысшасыз күніміз жоқ. Емлеміздің арасы қашық болса, қазақшаны таныған адам орысшаны, орысшаны таныған адам қазақшаны тану қыйын тиеді. Латын әрпін қолдансақ, емлеміз орыстікімен тіпті жақын болу керек. Үйткені латын жазуы, әрпі орысшаға өте ұқсас» деп шегелей түседі. Ғалымның өзі атылып кеткенімен, жазу теориясында ұсынған бұл ұстанымдары кейіннен қазақ жазуына айна қатесіз енгізілді.

1938-жылғы ережеде енді – ЫИ/-ИИ жазудан қысқартылды. Әрине, бұл өзгерістер ережеде заңдастырылғанымен оны іске асыру оңай бола қоймады. Соның салдарынан 1938-57 жылдардағы жазу қайшылықтарға толы болды. Есітіліп тұрған дауыстыларды жазбай кету дағдыға айналғанша 20 жылға жуық жазуда ала-құлалық туғыза берді. Мұның өзі тілдің өз табиғатынан ажырауы өте қыйын үрдіс екенін көрсетеді. Бұл проблеманы шешуге байланысты айтыс тартыстар осыны дәлелдейді. Мысалы Рабиға Сыздықова 1952 жылғы дискуссияда «ықшамдап жазу» орфографияда нақтыланғанымен, баспасөз бетінде әлі сақталмай отырғаны жайлы былай дейді:

«Последний орфографический словарь обсуждался не раз, не раз указывалось не достатки и не раз говорили, что в таких словах как лас, рас, перед буквами Л,Р которые стоят перед открытыми согласными и гласными У, буквы Ы, І не пишутся. ...Если взять газету «Социалистический Казахстан» проследить за ее номерами... то в заглавий топрак написаны без буквы Ы, а в статье в одном месте оно написано через бкву Ы, а в другой статье в двух местах пишется без буквы Ы. Это непоследовательность показывает, что такие слова явно слышатся с межслоговой Ы. Поэтому чтобы не было разнобоя, надо включать букву Ы» деген ұсынысты да айтты [10, 1076].

Осылайша жазу тарихымыздағы қабылданған түрлі тілімізге сай емес емле ережелері арқылы жазуымыз қиындатылып отырды. Әрине, тілдің даму заңы сырттан таңылған зорлықтарға көне қоймайтыны белгілі. Нәтижеде қазақтың жазу емле ережесі ұзақ жылдар бойы жазуымыз ала-құлалықтан, ал ғалымдарымыз емле ережелеріне қатысты айтыс тартыстардан бір көз ашпай қалды. Қазіргі дейінгі жалғасып отырған бұл қателіктерден арылуда бір топ ғалымдар әлі де орыстанған емле ережелерінен бас тартпауға шақырып отыр. Олардың айтуынша, бұл ережелер орыс емле ережелері емес, өз тіліміздің қажеттілігінен туындаған-мыс. Бүгінгі бұл мақаламызда біз осы жайлы бірқатар дәлелдер келтіргіміз келеді. Ал шындығында қазақ орфографиясындағы бүгінгі ала-құлалықтар үрдісі сол орыс тіліне басымдық беріле бастаған сол 1930-жылдардан бастау алады.

Қорытынды. Ең қыйыны-қазіргі қолданыстағы емле ережелерінде де осы қателіктер сол күйінше өріп жүр және де келешектегі латын әліпбиіне көшуге байланысты ұсынылған емле ережесі жобасында да осы қателіктердің көпшілігі сақталып қалатын түрі бар. Қазіргі емле ережелерімізде де шешімін таппай жүрген осы морфологиялық принциппен түбірін сақтап жазу (шекара, көкөніс, Сарыағаш...), ықшамдап жазу (ми, сиыр, жиын)т.б. ала-құлалықтар, сол арқылы тіліміздің сөйлеу әуезділігінің әлсіреуі, бәрә-бәрі- бір кездердегі Кеңестік саясаттың «Тілдердің бәрі Ұлы орыс тілінің айналасында бірігеді» деген жалған ұранына бейімдеуге қатысты жазуды унификацияландырудың салдары екенін Кеңестік кезеңнің бастауында «тілдердің бір-біріне жақындату үшін орыс орфографиясын ұлттық тілдерде қолдану керек» деген ұстанымның салдары әлі жазуымызда сақталып отырғанын бірқатар ғалымдар әлі дәлелдей алмай келеміз. Қазақ жазуының ғылыми негізі -Ахмет Байтұрсынұлының жазу теориясында жатыр. Демек, Ахмет Байтұрсынұлы негізін қалаған, тіліміздің дыбыстық жүйесіне әбден сай келетін, репрессияланып кеткен жазу теориямызды ақтап алып, қайта қолданысқа енгізетін уақыт келді деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Досмұхамедұлы, Х. Таңдамалы (Избранное) [Текст] / Х. Досмұхамедұлы – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 2 Жұбанов, Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер [Текст] / Қ. Жұбанов – Алматы: Ғылым, 1966. – 306 б.
- 3 ҒА Мұрағат құжаттары. Ф.80, Д.618, 17 бума
- 4 ҒА Мұрағат құжаттары. Ф.80, Д.618, 18-бума.
- 5 Орфографиялық сөздік [Текст] / жауап. ред. Р. Сыздық ; құраст.: Н. Уәлиұлы [ж. б.] – Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 477
- 6 Балакаев, М. Вопросы казахской графики и орфографий [Текст] / М. Балакаев // доклад выносимый на обсуждение дискуссий по некоторым вопросам казахского языкознания – Алматы, 1952
- 7 ҒА Мұрағат құжаттары. Ф.80, Д.618, 15 -бума

8 Жұбанов, Қ. К пересмотру казахской орфографий [Текст] / Қ. Жұбанов // Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер – Алматы: Ғылым, 1966. – 362 б.

9 Аймауытов, Ж. 5 томдық шығармалар жинағы [Текст] / Ж. Аймауытов // №4-том. Психология. Жан жүйесі мен өнер таңдау. Тәрбиеге жетекші – Алматы: Ғылым баспасы, 1998. – 446 б.

10 ҒА мұрағат құжаттары. 80-папка, 218-бума

REFERENCES

1 Dosmukhameduly, X. Tandamaly (Izbrannoe) [Chosen (selected)]. Almaty: Ana tili, (1998): 384 b. – (In Kaz)

2 Zhubanov, K. Kazakh tili zhonindegi zertteuler [Studies on the Kazakh language]. Almaty: Gylym, (1966): 306 b. – (In Kaz)

3 Archive documents of GA. F.80, D.618, 17 bundles

4 Archive documents of GA. F.80, D.618, 18 bundles

5 Orfografiyalyk sozdik [Spelling dictionary]. Almaty: Til bilimi instituty, (2007): 477 b. – (In Kaz)

6 Balakaev, M. Voprosy kazahskoj grafiki i orfografij [The issue of Kazakh graphics and orthography]. Doklad vynosimyj na obsuzhdenie diskussij po nekotorym voprosam kazahskogo yazykoznanija. Almaty, (1952): – (In Kaz)

7 Archive documents of GA. F.80, D.618, 15 bundles

8 Zhubanov, K. K peresmotru kazahskoj orfografij [Studies on the Kazakh language]. Kazakh tili zhonindegi zertteuler. Almaty: Gylym, (1966): 362 b. – (In Rus)

9 Ajmauytov, Zh. 5 tomdyk shygarmalar zhinagy [Collection of works in 5 volumes]. №4-том. Psihologiya. Zhan zhyesi men oner tandau. Tarbiege zhetekshi. Almaty: Gylym baspasy, (1998): 446 b. – (In Kaz)

10 Archive documents of GA. F.80, 218 bundles

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТЕОРИИ КАЗАХСКОГО ПИСЬМА

Аннотация. Научные дебаты языковедов по вопросу перевода казахской графики на латиницу создали прекрасную возможность правильно оценить ошибки и недостатки нашей национальной теории письменности. Благодаря этому казахские учёные получили возможность оглянуться в прошлое и увидеть, где допустили ошибку в теорий казахской письменности. В результате мы увидели, что теория казахской письменности, разработанная Ахметом Байтурсынулы был репрессирован вместе с его автором. То есть сегодняшняя казахская письменность заведомо отведена от реальной теории национального письма, сформированной Ахметом. Сегодняшняя наша теория письменности впитала в себя опасности тех дней советских репрессий, она сплетена с теми опасными днями, по выражению Ахмета, она «подобна ноги китаянки», перевязанные верёвкой, чтобы вписаться в теорию русской письменности. В статье рассматривается ряд таких нерешенных проблем казахской письменности с исторической точки зрения.

Ключевые слова. Теория письма, морфологический принцип, фонетический принцип, составные слова.

ACTUAL PROBLEMS OF THE THEORY OF KAZAKH WRITING

Abstract. The scientific debates of linguists on the issue of translating the Kazakh script into Latin created a wonderful opportunity to correctly assess the errors and shortcomings of our national theory of writing. Thanks to this, Kazakh scientists got an opportunity to look back and see where they made a mistake in the theory of Kazakh writing. As a result, we saw that the theory of Kazakh writing, developed by Akhmet Baitursynuly, was repressed together with its author. That is, today's Kazakh writing is deliberately deviated from the real theory of national writing, formed by Akhmet. Today's terror of literacy has absorbed the dangers of those days of Soviet repression, it is intertwined with those dangerous days, according to Ahmet, it is "like the legs of a Chinese girl", tied with a rope to fit into the theory of Russian literacy. The article deals with a number of such unresolved problems of Kazakh writing from a historical point of view.

Key words. Theory of writing, morphological principle, phonetic principle, compound words.

FTAXA 16.01.09

DOI: <https://doi.org/10.62724/202440205>

Мұсаев Алпысбай Мұсаевич^{*1}

Филология ғылымдарының докторы, профессор, «Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті» ЖЖКББМ, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Н. Назарбаев даңғылы, 194, tasimova0105@gmail.com ORCID ID: 0009-0008-3220-774X

ӨЗГЕШЕ ӨРНЕК ИЕСІ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Әкім Таразидың творчествосы кеңінен талқыға түсіп, әдебиеттану ғылымың қағидаттары негізінде зерделененді. Осы кезеңге дейін жазушы шығармашылығы кейбір әдебиет зерттеуші еңбектерінде азды-көпті сөз болды. Бұл зерттеулерде Әкім Тарази еңбектері ғылыми тұрғыда талқыланып, әдебиетті сүйетін көпшілік қауымға бағытталған еді.

Әкім Тарази қазіргі қазақ прозасы мен драматургиясындағы көп қаламгерлердің бірі емес, ол уақыт шындығын, сол ортада өмір сүріп жатқан халықтың іс-әрекеттері мен адамгершілік дәрежесінің жәйін қамтиды, дүниеқоңыздық, тоғышарлық, өзімшілдікпен күрес сарыны авторлық мұратпен сабақтасып жатады.

Мақалада Әкім Тарази творчествосын оқыту мен зерттеу және жазушының прозалық, драмалық шығармаларын хронологиялық тәсілдер деңгейінде қарастыруды міндет етіп белгілеген Аталмыш тәсілдерге арқа сүйей отырып, қаламгердің заман мен қоршаған орта, адамның жан-дүниесі хақында ой пайымдаулары мен шындық дүниені және персонаждардың ішкі жан-дүниесіндегі өзгерістерді, құбылыстарды моделдеу тәсілдері қарастырылады. Жазушы шығармашылығы арқылы қоғамның өзегіне түскен жегі құрт секілді әлеуметтік типтерді бар қырынан көрсетеді. Бұл типтердің алаш жұртшылығының дағды-дәстүріне соншама кереғар, сүйкімсіз болғандығына жұртшылық көңілін аударуды мақсат етеді. Сайып келгенде ол шығармаларда қазақ жұртшылығындағы қиын да, проблемалы жайттардың саяси-әлеуметтік және рухани-мәдени салмағы таразыланады. Әкім Тарази шығармашылығында ұлттық құбылыстар мен игіліктер және еркін тұжырым пайымдалған шығармалардың қат-қабаттары жан-жақты зерттеледі.

Еңбектің теориялық және тәжірибелік құндылығы қазақ әдебиеттану ғылымында совет дәуірінде дұрыс деп танылған кейбір ұстанымдардың қазіргі егемен елдік, еркін тұжырымдар деңгейінде қайта баға беруінде болып отыр. Сонымен қатар қазақ әдебиеттану ғылымының әдіснамалық - теориялық тұсын дамытуға ықпал етеді.

Кілт сөздер. Әлеуметтік сарын, тоғышарлық тірлік, рухани азғындау, мансапқорлар, пайдакүнәмдер, тұспал, символикалық деталь, пародиялық образ, Гротескілік образ, сатиралық кейіпкерлер, карикатуралық тип, метафоралық тәсіл.

Кіріспе. Жиырмамыншы ғасырдың алпысыншы жылдары қазақ әдебиетіне көптеген жаңа есімдерді алып келумен қатар, рухани және әлеуметтік өміріміздің, қоғамымыздың дәуірге лайық шындығын ашуда, поэтикалық формаларымен бейнелеу құралдарын дамытуда жаңа кезең болды.

Суреттеу, бейнелеу, көркемдік тәсілдердің нақыш бояулардың, композициялық жағынан күрделенуі, қоғамымыздың дәуірге лайық шындығын ашуда, поэтикалық формалар мен бейнелеу құралдарымен дамыту қазақ әдебиетінің көркемдік ізденісінің жемісі еді.

Өткен ғасырдың алпысыншы жетпісінші жылдары қазақ әдебиетінде проза саласы барынша өркендеп, жаңа арнаға бет алды. Сан алуан тақырыптарда кең өріс алып, идеялық-эстетикалық ізденістер барынша дамыды. Сол заманның шындығын әдемі суреттеген роман, повестер, әңгімелер көптеп жарық көре бастады. Бұлардың қатарында Ө.Таразидың шығармалары классикалық дәстүрлерді сіңіре білген ұлттық әдебиетімізді байытқан дүниелер. Өмір шындығына бойлай сүңгіп, оның қат-қабат мәселелерін сомдауды мақсат етті. Және сол арқылы әлеметтік өзгерістердің сырын ашып, әдебиеттің қоғамдық саяси рөлін дамытты. Бұл мақаланың мақсаты көрнекті жазушы Әкім Таразидың қажырлы қабілетінің арқасында әдеби айналымға енген туындыларын әрқилы тәсілдерге сүйеніп талқылап, әдебиетке құмар ғылыми көпшілік қауымға таныту және әдебиеттану ғылымының әдіснамалық-теориялық дейгейінің дамуына ықпал ету болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Әкім Таразидың прозалық шығармалары мен драмасын зерттеуде кейбір әдебиеттанушылардың ғылыми еңбектері мен әртүрлі тақырыптағы монографиялары зерттеуіміздің әдіснамалық теориялық көзі болды. Жазушының баспадан шыққан шығармалары зерттеу объектісінің өзіндік рухани-мәдени сипаты мен туындыларындағы негізгі әдеби ағымдарды, әдеби кәркемдік дәстүрлерді топшылауға айқындауға мүмкіндік жасады.

Психологиялық әдіс туындысы ретіндегі автор мен кейіпкерлерінің ішкі жан-дүниесіндегі психологиялық ментальды құбылыстар, тірі пенденің басына түсетін жақсылық пен жамандық арасындағы арпалыс, рухани мүгедектік сипатын таразылау прозалық құрылымдық кодтардың астарын беруде пайдаланылды.

Герменевтикалық әдіс негізінде қаламгердің беруге тырысқан интеллектуалды пәлсапалық ой-түйіндері мен мәтіннің қат-қабатарында бүркемеленген өзіндік интонация көрсетілді.

Нәтижелер мен оларды талқылау. Мақалада алып империяның құрамында болып рухани дүниеміздің өміршеңдігі дамымағаны, шындық жағдайлардың үнемі айтыла бермейтіні, экономикалық мешеулікте отырғаны барлық кезеңде бірдей паш етіле қойған жоқ.

Алпысыншы - жетпісінші жылдардан бастап шын өмірдің шыншыл бейнесін жасау, тіршілік иіріміне бойлау, зерделі ой түйіндеу, әлеуметтік –эстетикалық мәселені ширықтыра сипаттау, бір ізділіктен іргені аулақ салу, тіл кестесін құлпыртуды Әкім Тарази шығармашылығынан айқын көреміз. Жетпіс-сексенінші жылдардан бастап қазақ прозасында проблематикалық өткірлік айқын көрінеді. Жалпылама өмірлік мақалалардың ырқында кету, мінез құлқы әр қилы характерлерді қызықтау тарихи шындықты толғай алмай, соның ізін қуалап кету қатты сиреді. Ендігі әдебиет қай кезеңдегі құбылысқа да ойлана қарауға, әр заман мен құбылысты салыстыра келіп өзінше ой толғауға ұмтылған философиялық байыптылыққа, әлеуметтік зерттеуге аналитикалық психологиялық объективтілікке ден қойды.

Заман талабына сәйкес уақыт алға тартқан мәселелерге назар аударыла бастады. Сонымен қатар, кеңестік идеология да әдебиеттен өмір шындығын мүмкіндігінше терең, айқынырақ көрсетуге бет бұрды. 1985 жылдан жариялылық кезең басталып, оның аяғы алып империяның ыдырауына әкелді. Осындай жағдайлар қазақ әдебиетінде жалпы өмірде ғана емес, тұтас қоғамда, адам болмысын, оның заманы мен қоғаммен байланысын сабақтастыра зерттеуге деген талап айқын қойылды. Осы дәуірдегі қазақ жазушыларының шығармалары өздерінің көркемдік әсерінің молдығымен, философиялық тереңдігімен, ұлттық болмысымыз бен рухани білім байлығымызды

танытумен әрі соған эстетикалық эмоциялық пәрмені арқылы игі ықпал жасаумен ерекшеленді.

Жазушылық өнері «Құйрықты жұлдыздан» бастау алған Әкім Тарази өзінің кейбір тұрғыластары секілді қалың-қалың романдар жазуға асықпады, біреудің жылтырағына қызықпады. Өзі өмір сүріп отырған заманның бар сипатын табиғи қалпында суреттей білді. Кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін сыртқа шығара алды.

«Үлкен ауыл» жазушының екінші кітабы. Бұл повесте жас мұғалім Миранның қыр-сыры мол өмірдегі алғашқы әрекеттерінің бастауы, қоғамдық жағдаяттармен қарама-қарсы келуі, ізденуі, қателесуі, дұрыстық, шындық үшін өзіндік күресі суреттеледі. Повест мынандай суреттеулермен басталады: «Қаз бауыр бұлттар қалқып тұр. Төмен асты теп тегіс. Қалақпен сылап өткендей. Жота- жалы дудырап кеткен Аппақ экстазға енген ақ шашты директердің кейпі аспан тап таза. Ай бар. Топ-толық. Бұлт-бұлттың арасымен батыс қайдасың деп безіп барады [1, 3] немесе «Ай стында ақ шатырлы ақ лагер. Қамыс төбелі үш үй. Аралары оқшау-оқшау. Әр қайсысының алдында состиган-состиган бес алты терек [2,3]. Бұл шынында да Әкімге тән телеграфтық стиль. Бір сөйлемі кітаптың бір жарым бетін алып жататын Оралханның не Әбіштің шығармаларын оқып дағдыланған оқырман үшін ерекше көрінетіні шындық. Бұл бір қарағандағы жағдай. Туындының ішіне тереңірек бойласақ оқырманға түсініксіз болып тұрған сыртқы стильдік телеграфтық мәнердің астарында қалың құпия сырлар жатыр. Шыңырау иірімдерге тартып, оқырманды жетелеп шытырман ойларға алып кетеді.

Ә.Тарази нағыз суреткерлік кемеліне келген кезінде жазылған жаңа шығармасы «Тасжарған» романында да жоғарыда көтерілген мәселелерге жаңаша қырынан келген. Жазушының бұл романы бес дәптерден, яғни бес бөлімнен тұрады. Оның алғашқы екі дәптері «Бұлтқа салған ұясын» деген атпен жарық көрді. Романның оқиғасы Қазақстанның шығысындағы кенді Алтай өңірінде өтеді. Туындының түп-тамырында біріншіден атаққұмарлық, әлсіздің алдында әміршілдік, күштінің алдында жалтақтық психологияның тірі жанға тигізер зардаптарын қаламгерлік көзқараспен суреттеу орын алған. Романның эпилогында орыс әдебиетінің алыбы. Л.Н Толстойдың: «...Где вырождение зла, которого должно избегать? Где выражение добра, которому должно подражать в этой повести? Кто злодей, кто герой её?... Герой же моей повести, которого я люблю всеми силами души, которого старался воспроизвести во всей красоте его и который всегда был, есть и будет прекрасен – правда» [3.336],-деген сөздерін алуы да жайдан-жай емес шығар. Оқырман жұртшылық пен әдеби сын оны өте жылы қабылдады. Автор енді осы кітаптың қалған тарауларын жазып шығып, «Тасжарған» деген атпен оқырман қауымға ұсынды. Бұл тарауларда біраз уақыт өмірдің талқысына түсіп, ащысы мен тұщысын татып, өміріне елеулі сабақ алған Омардың өз жолын қайта тапқаны, қайта көтерілгенін көреміз. Жазушының ұсынатын мораль, көркемдік концепциясы – біреу, ол - әділеттің қаскөй дұшпаны- тоғышарлықпен күрес. Әкім Тарази бұл романда жекелеген тоғышарлықты сынай да батыл қадамдар жасайды. Басшылық қызметтегі адамдарды кейіпкер етуден жасқанбай, олардың жан сарайына үңіліп, психологиялық терең ізденістерге баруы құптарлық жай.

Кеңес сатира жанрын зерттеуші Ф Эльсбергтің Гоголь шығармалары хақында «Типы Гоголя отлигались вельгайшей правдивостью наглядностью и убедительностью обладают с тем насколько широко обобщающим нарицательным значением, что до настоящего времени помогают изобличить пережитки никого в политике, в сознании и быту. Это настоящее «Знакомые незнакомцы»... [3.2096]

Ә. Таразидың «Тасжарған» романындағы Мәтеков де алабөтен жасалған жағымсыз образ: «Май жағып жалақ ернін жылтыратып қойып, жып-жылмағай болып отырған

шегір көз, шикіл сары жігіттің пысықтығы, тыңғылықты, үй шаруасына епсектігі таң қалдырарлықтай бірақ бұл пысықтық шамалыдан соң басқа арнаға түседі.

«Әйелі кетісімен есікті іштен кілттейді, телефонның құлағын тереді, көзін жұмып тұрып, төрт цифрді алады: бұл жолы іліккен әйелі екен. Әле-әле деп безектеп тұр. Мәтеков асықпайды, күттіріп барып:

- Алло, Сәлеметсіз бе? – дейді. Бұл сіз бе?
- Иә, мен. Сізге кім керек?
- Сіз керек...
- Қызық екен, сіз деген кім?
- Сіз. Сіздің байыңыз түнде қайда болғанын білесіз бе?

Бүгінгі іліккен әккі балық екен.

- Дурак.- деді трубканы тастай берді.
- [2. 464 б. сонда]

Аблез Кенжеевке өзінше «мәнді» хабарлар жеткізіп тұрады.

-Иә?

...Омар шешесіне көмектеспейді...

-Оны менде білем.

-Соны...

- Менен несін сұрайсыз. Қолыңнан қаламыңды ешкім тартып алған жоқ қой.

-Әрине.

-Әрине болса, солай !

-Хош болыңыз...

-Тоқта! Сен анау Неталиевті тауып ал, ылбыраған байғұс, арызды да жөндеп жаза алмайтын көрінеді. Ерегіспен әдейі атты деудің орныны, қайдағы бірдеңені жазыпты. Көмектес соған. Анау бастығы шалықтап жүрген көрінеді ғой, соның орны босайды жақында...

-Түсіндім.

-Бар, бар!

-Кеттім, қош болыңыз.

- Сыпайысын...» [2.225 б.сонда]

Көп жағдайда Мәтековтың қулығына құрық болмайтын іс әрекет нысанаға алынды. Автор адам бойындағы жамандықты кешіруге болмайтынын сатиралық құрал әдістермен дөп басып, дәл бейнелеген. Сондықтан да мұндағы күлкі Мәтеков образын жасауда иірімді ирония, ащы сарказмді қолданғаны көзге ұрады.

Мәселен, енді Мамыржанның өз «өнеріне» кіріскен сәтін қараңыз: « Мәтеков енді Мамыржанды біржола билеп алады.... Жазатын Мамыржан, айтатын –Мәтеков, диктант жаздырған мұғалімдей үй ішін кезек жүріп сілтегенде Мамыржан әрең үлгеріп отырды.

Арыздары жақсы шықты, оны екеуі де сезіп көңілдері шалқып қалды...» [2.227б.сонда]. Сөз жоқ, осындай жағымсыз құбылыстармен күресуде сатира мен юморға зор міндеттер жүктелді. Бұл көп жағдайда жазушы шеберлігіне де байланысты. Сатира теориясын терең игеріп жанр мен формасын тауып жазған Әкім Тарази жоғары талап үдесінен шыға алғаны анық.

Шындығында «Тасжарған» романында Аблез, Мәтеков сынды ерекше типтерді былай қойғанның өзінде, Мамыржан, Кашафов, Қойкелді, Әли, Жамалладин, Сомжүректер бір-біріне ұқсамайтын типтік характерлер. Мамыржанның ынжықтығы, жағымпаз, жалтақтығы, Кашафовтың уәдешіл, іс бітірмейтіндігі, Қойкелдінің қорқаулығы, адамдар арасына ой тастауға шеберлігі, Әлидің дәрекілік, дүниеқоңыз ішмерездігі, Жамалладиннің жершілдігі, рушыл пасықтығы, Сомжүректің адамды мезі ететін дарақылығы бәріде біздің қоғамымызға, моралімізге жат мінез,

пиғылдар. Бұлардың барлығы да жағымсыз жандар, бірін-бірі қайталамайтын қимыл-әрекеттің иесі. Бірақ мұның бәріде жазушының негізгі идеясын жүзеге асыру үшін алынған. Жазушы жақсылықты да, жамандықты да кейіпкер қарекеті арқылы көрсетеді.

Роман туралы белгілі жазушы-драматург, Қазақстанның Еңбек Ері Дулат Исабеков: «Қазіргі уақыт тақырыбын негіз еткен бұл интеллектуалды туындының ұтымдылығы шындығында дер едім. Қазіргі уақытта өзіміз тағдыр өмір сүріп отырған кездің бар сыр-сипатын, сыртқы-ішкі көріністерін шынайы қалпында бейнелей білген қаламгерге риза болмасқа болмайды» [4;11] деп жазған еді.

Әкім Тарази шығармаларынан телегей теңіз суреттеулер мен басы артық оқиға табу қиын. Ондағы сатира поэтикасында - нақтылық, сюжет қоюлығы, психологиялық иірімдер мен характерлерді жаңаша көрсету, оны типтік дәрежеге дейін көтеру, кейіпкерлердің осы сәттегі жәйін жарқыратып ашу кездеседі. Автор астарлап айту шебері, шығармаларында ишара, меңзеу, тұспалдау, кішкентай деталь арқылы-ақ кейіпкер суретін беру жиі ұшырасады.

Қаламгердің кейбір бейнелері пародиялық мақсатта да жасалынады. Оның кейіпкерлері – сайқымазақтық қана емес, әдебиеттік тип.

« Ә. Тарази творчествосын оқырманымен тығыз сабақтастыратын басты ерекшелік – ол ешкімге ақыл айтпайды. Ешкімге жақсы бол, түзу жүр деп үгіт-насихат айтпайды. Жазушының мұраты адамдар арасындағы шынайы байланыстар сырын ашу, күнделікті өріп жүрген шындық құдіретін шеберлікпен зерттеу[5, 36]. Оның «Қиян соқпақ» кітабындағы Сәтжан, Аяз, Қодырқұлдар данышпан да емес, періште де емес және жасанды да емес , жанды бейнелер. Бүгінгі күрделі де тартысты заманның кейіпкерлері, өз замандастарымыз. Жазушы творчествосында көрініс беретін өмір суреттері шынайылығымен құнды.

Жазушының екінші шығармасы «Москва-Баласаз» деп аталады. Қарапайым кішкентай ауылда болған қанды оқиғаға құрылған шығарма композициясы жан түршігерлік баяндаумен басталып кетеді[6, 89]. Алдыңғы «Жазадағы» Або сияқты образ мұнда да бар. Ол - Рауыз (Асылбек Васильев) және Абралы. Жалпы бұл екі туынды идеялас, тақырыптас ретінде қарап, циклды шығарма деп те тануға болатындай. Қашанда қоғам дертінің нақты диагнозын қоятын жазушылар қоғамы екені бесенеден белгілі [7,86]. Сондықтан болашақта мұндай ауытқушылықтың алдын алу мақсатында, яғни профилактикалық шара ретінде қаламгер қанша шығарма жазса да, көптік етпейтінін Әкім Таразидың осы екі туындысынан аңғаруға болады

Қалам қарымымен адамзат санасында беймағлұм мәліметтерді ашуға тырысатын жазушы Әкім Тарази шығармашылығы стилінің сонылығымен оқырман қауымының назарын бірден өзіне аудартады. Тұспалмен, символикалық детальдармен өз ойын оқырмандарына әсем бояу гаммасының үйлесімімен бере білетін жазушы бұл туындысында Абралыға қара костюм, ақ көйлек, қара галстук кигізуі арқылы сюжет желісінің тамаша кульминациясын жасаса, ал кейіпкерлерінің түс көруі арқылы болашақ болар оқиғалардың концепциясын түзейді, яғни фантастикалық, мифологиялық детальдармен тартысқа толы сюжеттер желісімен бастамасын жасайды.

Кесек-кесек прозалық шығармаларымен көпшілікті мойындатқан белгілі жазушы Әкім Тарази драматургия жанрына да біраз қалам тербеген жан. Шығармаларында адам психологиясын тереңнен зерттейтін жазушы драмаларында да мәселе көтеруге, пьеса оқиғасын шиеленіске құруға, характерді сомдауға арнаған. Әкімнің суреткерлік шеберлігі мен өмірлік позициясы драмалық туындыларын да әсте солғын тартпай, жанр табиғатына тән айқындық пен эмоциялық әсер алып жатады. Бұл туралы жазушы-этнограф Ақселеу Сейдімбеков «Ол алпысыншы жылдары қазақ сахнасына адам мен қоғам туралы айтатын тарихи романтикалық сарындағы пьесалардың қатарына адам мен

қоғамды көрсететін пьесаларды қолдаса көтеріп шыққан драматургтеріміздің бірі»-деген еді[8, 56]. Автордың диалог құра білу шеберлігі өте жоғары деңгейде өрілген. Біріншіден астарлы қалжың өткір күлкі тудыратын элементтерге толы болса, екіншіден, терең пәлсафалы қаһармандар тартысы, образдар мінез-құлқы қарама-қарсы кейіпкерлердің жауаптасуы кезінде айтылар сөздер мазмұнынан көрініс табады. Жауаптасу кезінде кейіпкерлердің әр сөздерінен кейіпкердің өмірі, бейне әрекеті сол кезең дәуір шындығымен байланысты танылады.

Оның «Тыныш көшедегі көгілдір үй» атты драмасы кейін «Күлмейтін комедия» деп өзгертілді. Комедиялық шығарманың әр элементі күлкі тудыратындай болуы қажеттілігін ескерер болсақ, бұл шығарманың «күлмейтіні» қалай? Автор мұнымен не айтқысы келіп тұр? Нені меңзейді?

Шығарманың басты кейіпкері Асан көгілдір үйдің – иесі. Екі бөлімді комедиядағы негізгі оқиға осы Асанның маңайында болып жатады. Драмалық қақтығыстардың үдерісінде тым жақсы қызметі бар, үй-жағдайын жасап алған Асанның адами бейнесі ашыла түседі. Сөйлеген сөзінен оның кім екені де көрініп қалады. Автор осы кейіпкер арқылы адамдар бойындағы тоғышарлық мінезді, сәл нәрседен бас пайдасын іздейтін пайдакүнемдікті әшкере еткісі келгендей. Шығармадағы Асанның бейнесі күлкі шақырғанмен, сіз оған күле алмайсыз. Оның бойындағы адамилықтан ада қасиеттер көрерменге көрініп тұр. Сәнжанның сүйген қызы Райды айламен алақанына қондырған Асан көп нәрседен ұттым деп жүреді. Осындай әрекеті үшін Асан адам құрметтеуге тұрмайтын бейнеге айналады. Автордың айтайын деп тұрғаны адамдар арасындағы достық пен адамгершілік қасиеттердің аяқ асты болуы, адам бойындағы асыл сезімдерге кір келтірмейтін жандардың да өз арамызда толып жүргенінен хабардар ету сияқты. Шығарма Райдың сүйіспеншілік сезімін ажырата алмай жынданып кетуімен аяқталады. Алайда Асан қасындағы жан-жарының осындай күйге қалай, не үшін тап болғанын бағамдай алмайды. Өйткені, оған адамның ішкі жан дүниесін ойлаудың өзі жат еді[9.10.]

Драматург жазушы өзінің екі бөлімді «Жолы болғыш жігіт» драмасында кешегі Кеңестік дәуірдегі совхоз өмірінен көрініс береді. Ондағы тартыс, кейіпкерлердің бірін-бірі іліп қағуды жазушының шұрайлы тілімен берілген. Кейіпкерлердің жұрт алдында ойлануы, қателесуі, жеңуі мен жеңілуі осының бәрі драманың тілі арқылы көрерменін еліктіріп тартып отырады.

Драма тілі, характер қақтығысы көркем туындының ең жоғарғы көркемдік – сатысы. Бұл тұрғыда профессор Р.Нұрғали «Тегі тілі нашар шығарма өрге баспайды, тілі нашар пьесаға күн жоқ...» [11. 87 б] деп орынды пікір білдіреді.

Әкім Таразидің «Люстрасы» фарс-трагедия. Аталмыш шығарма драматургтың соны ізденісінен туған жаңа дүние. Драматургияның әсерін күшейту жолындағы теерң ізденіс, ғажайып жанрды дәуір деңгейінен төмен түсірмеу, соның ұшқырлығы мен көкейкестілігін, нанымдылығы мен шынайылығын әлсіретіп алмау, қайта өркендете түсудің қамы болса керек. Өркендеп, өскен драматургия өзінің өткір сыншылдығымен заман тудырған жәйттарды мінеп, түстеп отыруға күш салады.

Драмалық шығармалардағы негізгі қолданылатын құрал – диалог. Ал диалогтың басты қызметтерінің бірі кейіпкер бейнесін сомдау болатыны күмәнсіз. Қаламгер шығарма барысында шынайы диалог құрып, өмір шындығын көрсетіп отырады. Сөз саптау үстінде астарлы қалжың, өткір әзіл, мысқыл күлкі тудыратын жағдаяттар кіріктіріліп жанды жүйе туғызады. Кейіпкерлердің шынайы қақтығысы кезінде олардың міне-құлқы ашылады. Қарама-қарсы кейіпкерлердің жауаптасуы кезінде ауыздарына қажетті сөзді сала білу нағыз шеберлік. Сөз тартысына түскен сәтте кейіпкерлердің әр

сөздерінен олардың өмірі, бейнесі, әрекеті сол кезең уақыт шындығымен сабақтасып жатады.

Көрнекті жазушы-драматург Әкім Таразидің алпысыншы жылдардың ортасынан бері қарайғы қазақ ұлтына шынайы шығарма сыйлаған қаламы жүйрік қаламгер. Оның туындылары драматургия жанрындағы замандас драмашылар шығармаларымен салыстыра қарағанда, тақырып тұрғысынан да, ой салу жағынан да, кейіпкер жасау, тартыс туындату, мінез суреттеу тұрғысынан да есте қаларлық, санаға әсер еткіштігімен де, терең де мағыналылықпен ерекшеленді. Шығармашылық жолы Кеңес цензурасының қамшысынан қан тамып тұрған кезінде қалыптасқан жазушы халқының рухани игілігіне айналған ірі-ірі туындылар жазды. Сол замандарда дайын жоспарға құрылған, идеясы өзекті, тақырыбы актуалды талай кітаптар баспадан мыңдаған тиражбен шығып, өз уақытында мақтау-марапатқа ие болып, беделді сыйлықтарды иеленгені де белгілі. Бірақ замананың ұзын сапарында халық жадынан ұмытыла бастайды. Жаңа заманның сұранысына жауап бере алмаған, өзіндік ерекшеліктері жұтаң, ойға тайыз, жасанды тартыстарға құрылған, мұндай туындылардың дүниеге келуіне жазушылардың қолын байлаған заманда уақыт талабына сай туындылар туғызған қаламгерлер болды. Сондай қаламгердің бірі де, бірегейі де Әкім Тарази еді[12].

Қарымды қаламгердің роман-повестерінде, драмалық туындыларында қу құлқын үшін жүрген кейіпкерлер, олардың аярлық қылықтары, мансап үшін жанталасқан күрестері, келеңсіз іс-әрекеттері, жанды суреттерінің көш керуені көз алдымызда өтіп жатады. Қатаң идеология билеген кеңестік қоғамда өз пікірі бар ірі тұлғалардан, халықшыл, ұлтшыл азаматтардан гөрі, жоғардан түскен бұйрықты бұлжытпай орындайтын орташалар пайдалы. Парасатты, білікті, талантты, талапты жандар қолында мансабы бар орташаларға қызмет жасауы тиіс. Бұл өмірі ашық айтылмайтын, әміршіл-әкімшіл жүйенің жазылмаған қағидасы. Осы шындықты ашып көрсетуге де қазақ жазушыларының ішінде Ә.Таразиге жете алатыны кемде-кем.

Қорытынды. Мақалада өткен ғасырдың алпысыншы жылдары қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан талантты прозашы Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Әкім Таразидың шығармаларына талдау жасалды. Жазушының еңбектеріне байланысты теориялық мәселелер баяндалды.

Зерттеу жұмысында Әкім Тарази өмір сүрген заман және оның туындыларындағы басты ізденістер мен прозалық жаңшыл ағымдар психологиялық және мәдени-тарихи, салыстырмалы-тарихи және герменевтикалық әдіс-тәсілдер деңгейінде зерделенді.

Оның қаламынан туған хикая, повестердің, романдардың, драмалық шығармалардың негізгі тақырыптық өрісі адамгершілік мәселесін қамтиды. Дүниеқоңыздық, тоғышарлық, өзімшілдікпен күрес сарыны авторлық мұратпен сабақтасып жатады. Саналы өмірін қаламгерлікке, творчествоға арнаған жазушы стилі үнемі даму үстінде, үздіксіз ізденісте болғанын байқаймыз. Іш пыстырар ұзақ баяндау мен кейіпкердің жан дүниесінің қалың қыртысын ашар психологиялық анализге бармай, негізгі салмақты шиыршық атқан шымыр диалогке, ширақ дамитын оқиғаға, ұтымды детальдарға салатыны жазушының басты ерекшелігі, дара стилі екені дәлелденді.

Ә.Тарази шығармаларында «кішкентай» пенделер мен тұлғалар арасындағы тартыс ақиқат пен жалғандықтың, жақсылық пен жамандықтың арасындағы тайталас, күрес. Бұл күрес бүгін ертең түгесілмейді. Ірі тұлғалар толық рухани азаттыққа жеткенше тоқтатпайды бұл күресті. Бұл мағыналы, адами өмір үшін –күрес. Сондықтан да жазушы туындылары рухани-мәдени өміріміздің күре тамырындай болып оқырман зердесіне жан бітіріп тоқтаусыз алға жетелейді[13].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Тарази, Ә. Үлкен ауыл [Текст] / Ә.Тарази – Алматы: «Жазушы», 1986. – 120 б
- 2 Тарази, Ә. Тасжарған [Текст] / Ә. Тарази – Алматы: «Жазушы», 1980.-235 б.
- 3 Эльсберг, Я. Вопросы теории сатиры [Текст] / Я. Эльсберг – М.: «Советский писатель», 1957. – 468 с.
- 4 Исабеков, Д. // Қазақ әдебиеті. [Текст] / Д. Исабеков – 1984 –11б.
- 5 Мұсаев, А. Тарази тағылымы [Текст] / А. Мұсаев – Алматы: «Фолиант», 2009. – 114 б
- 6 Тарази, А. Москва–Баласаз: (хикаят) [Текст] / А. Тарази // Жұлдыз. – 1992 – №1. – 19-56 б
- 7 Тарази, Ә. Жаза: роман және хикаяттар [Текст] / Ә. Тарази. – Алматы: Санат, 1998. – 349 с.
- 8 Сейдімбеков, А. «Қазақ әдебиеті» [Текст] / А. Сейдімбеков – 1983. – 30 қараша – 11 б.
- 9 Мусаев, А. Қазақ драматургиясы [Текст] / А. Мусаев – Алматы:«ССК баспасы», 2019. – 178 б
- 10 Мусаев, А. «Поэтика казахской сатиры» [Текст] / А. Мусаев – Алматы: «Санат», 1997 – 190 с.
- 11 Нұрғалиев, Р. Арқау. [Текст] / Р. Нұрғалиев – Алматы: «Жазушы», 1991 – 87
- 12 Тарази, А. Голубая колыбель [Текст] / А. Тарази – М: «Сов. писатель», 1988
- 13 Мұсаев, А. Жетінші асу [Текст] / А. Мұсаев – Ақтөбе: «Принт», 2018.– 432 б .

REFERENCES

- 1 Tarazi A. Ylken auy [Big village]. Almaty: «Zhazushy», (1986): 120 b. – (In Kaz)
- 2 Tarazi A. Taszhargan [Taszhargan]. Almaty: «Zhazushy», 1980: 235 b. – (In Kaz)
- 3 El'sberg Ya. Voprosy teorii satiry [Questions of the theory of satire]. El'sberg Ya.-M.: «Sovetskij pisatel'», (1957): 468s. – (In Rus)
- 4 Isabekov D. // Kazakh adebieti [Kazakh literature.].(1984): 11bet. – (In Kaz)
- 5 Mysaev A. Tarazi tagylymy [Tarazi lessons]. «Foliant»,(2009): 114 b. – (In Kaz)
- 6 Tarazi A. Moskva–Balasaz : [Moscow-Balasaz : (story)]. Zhyldyz, (1992), №1, 19-56 b. – (In Kaz)
- 7Tarazi,Ә.Zhaza : roman zhane hikayattar [Punishment: novel and stories]. Almaty, Sanat, (1998): 349 s. – (In Kaz)
- 8 Sejdimbekov A.// «Kazakh adebieti»["Kazakh literature"]. (1983): 30 karasha,11 b. – (In Kaz)
- 9 Musaev A. Kazakh dramaturgiyasy [Kazakh drama]. Almaty:«SSK baspasy», (2019): 178 b. – (In Kaz)
- 10 Musaev A. «Poetika kazahskoj satiry» ["Poetics of Kazakh satire"]. Almaty: «Sanat», Harakter i rol' komicheskogo v poetike A.Tarazi, 94-12s.(1997):190s. – (In Rus)
- 11 Nyrgaliev R. Arkau.- [The rope.]. Almaty: «Zhazushy», (1991): 87s. – (In Kaz)
- 12 Tarazi A. Golubaya kolybel' [The Blue Cradle]. M: «Sov. pisatel'», (1988) – (In Rus)
- 13 Mysaev A. Zhetinshi asu [Seventh pass]. Aktobe: «Print», (2018): 432 b. – (In Rus)

ОБЛАДАТЕЛЬ ОСОБОГО ВЫРАЖЕНИЯ

Аннотация. В статье рассматривается творчество выдающегося представителя современной казахской литературы, Героя Труда Казахстана, лауреата Государственной

премии акима Тарази с точки зрения требований литературоведения. В статье поставлена цель обучения и изучения творчества Акима Тарази и изучения прозаических, драматических произведений писателя с точки зрения хронологических и сравнительно-исторических, герменевтических методов. С помощью этих методов рассматриваются авторские представления о времени и пространстве, о человеческом бытии и способы моделирования реального мира и внутреннего мира его героев. Кроме того, в произведениях раскрывается социально-общественный, культурный характер сложных проблем казахского общества. В творчестве Акима Тарази отражены многоуровневые ситуации национального бытия и мысли свободолюбия. Научная и практическая ценность исследования измеряется тем, что в казахской литературоведении отдельные суждения советского периода переоцениваются с позиций современной независимой страны, а также вносят вклад в совершенствование методолого – теоретического аспекта Отечественной литературоведческой отрасли.

Ключевые слова. Социальный интерес, тупость, духовное вырождение, карьеристы, корысть, намек, символическая деталь, пародийный образ, гротескный образ, сатирические персонажи, карикатурный тип, метафорный подход.

THE OWNER OF A SPECIAL EXPRESSION

Abstract. The article examines the work of an outstanding representative of modern Kazakh literature, Hero of Labor of Kazakhstan, Laureate of the State Prize Akim Tarazi from the point of view of the requirements of literary criticism.

The article sets the goal of teaching and studying the creativity of Akim Tarazi and studying the prose, dramatic works of the writer from the point of view of chronological and comparative historical, hermeneutic methods.

With the help of these methods, the author's ideas about time and space, about human existence and ways of modeling the real world and the inner world of his characters are considered. The writer shows the social types, such as the worm, that penetrate into the core of society through his work. These types are designed to draw the reader's attention to how much they influenced the Kazakh identity. In addition, the works reveal the socio-social, cultural nature of the complex problems of Kazakh society. The works of Akim Tarazi reflect the multilevel situations of national existence and the thought of freedom. The scientific and practical value of the research is measured by the fact that in Kazakh literary studies, certain judgments of the Soviet period are overestimated from the standpoint of a modern independent country, and also contribute to the improvement of the methodological and theoretical aspect of the Domestic literary branch.

Key words. Social interest, stupidity, spiritual degeneracy, careerists, greed, hint, symbolic detail, parody image, grotesque image, satirical characters, caricature type, metaphorical approach.

FTAXA 16.01.09

DOI: <https://doi.org/10.62724/202440206>

Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы*¹

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 194, sabir_uralsk@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-7281-4167

Ержигитова Гульден Кайратовна²

Оқытушы, ЖШС «SCANDIC International school», Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Қайрат Жұмағалиев көшесі, 18., erzhigitova97@mail.ru, ORCID ID: 0009-0000-7578-6165

Бөкенбай Ерасыл Мұратұлы

Оқытушы, Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледж, Қазақстан Республикасы, 090000, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 173, erasyl_uralsk@mail.ru, ORCID ID: 0009-0001-5691-2821

АЛТЫН ОРДА -ҚЫПШАҚ ДӘУІРІ ЖАЗБА МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ҒАЛАМНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ МОДЕЛІ

Аңдатпа. Мақалада Алтын Орда – Қыпшақ дәуірі әдеби жәдігерліктерін бір тұтас лексикалық мәдени мұра деңгейінде зерттелген. Әдеби шығармалар тілі кешенді бағытта қарастырылып, қазақ рухани мәдениетімен жалғастығы дәлелденген. Алтын Орда – Қыпшақ дәуірінде жазылған әдеби шығармалар қыпшақ-оғыз аралас тілде жазылған. Белгілі А.Зайончковский, А.Ибатов, Ә.Құрышжанов сияқты ғалымдардың орта ғасырларда біртұтас орта түркі әдеби тілі қалыптасты деген пікірі – аса өзекті. Бұл дәуір жәдігерліктері қыпшақ элементі басымырақ келген аралас тілді болғандығы біршама зерттеулерде дәлелденді. Қыпшақ тілі елаарлық тіл деңгейінде қызмет етіп, ұланғайыр Ұлы Даланың бар тарапында қолданысқа ие болып тұрған. Билік басында монғол текті әулеттер болғанымен мәдениеттер текетіресінде қыпшақ мәдениеті үстем болғандығын жазба деректерден байқаймыз. Сондықтан зерттеудің негізгі мақсаты тарихи, тілдік үдерістерді ескере отырып, «тіл мен ұлт біртұтас» ұстанымымен байырғы қыпшақтық мәдениет пен бүгінгі қазақ дүниетанымының ортақтығы, ғаламның концептуалды моделін лексикалық мәліметтермен ашуды көздейді. Алдына қойылған міндетті жүзеге асыру үшін ғаламның концептуалды моделін мазмұнына мәйек болар тілдік бірліктерге, тұрақты тіркестерге этномәдени бағытта зерттеу жүргізілген.

Жазба ескерткіштер мәтініндегі фразеологизмдер ұлттық дүниетаным-көзқарастан мәдени-рухани мәлімет беретіндігі айшықты деректермен толық дәлелденген. Осы деректер қазақы ой таным-түсінікпен, дүниетаныммен селбесіп, жалғасып тіл мен ұлттың тарихтың ұзын бойында бірлесе, сабақтаса қалыптасқанын білдіреді.

Байырғы қыпшақтық әдеби жәдігерліктердің мәтініндегі фразеологизмдерге этнолингвистикалық, этномәдени зерттеулер жүргізу арқылы Алтын Орда халқының рухани мәдениетін көруге болады. Жазба мұралар тілінен ғаламның концептуалды моделі, дүниенің ұлттық тілдік бейнесі байқалады.

Кілт сөздер. Жазба жәдігерліктер, ғаламның концептуалды моделі, фразеологизмдер, қыпшақтар, дүниетаным, мәдениет.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілі – рухани, мәдени құндылықтар әлемі» АР 19679282) тақырыбындағы жоба аясында дайындалды.

Кіріспе. Соңғы жылдарда Мәдени мұра, Халық тарих толқынында сияқты бағдарламалар бойынша атқарылған шаруалар, ғылыми-ізденістер халықтың тарихи жадын жаңғыртқан, игі шаралар еді. Қазақ жұртының ел болып бір орталыққа ұйысуында, қазақ тілінің даралануында Дешті Қыпшақ кезеңі, Шыңғысхан жорығының нәтижесінде Алтын Орданың құрылуы үлкен рөл атқарады. Алтын Орда – Қыпшақ дәуірінде жазылған әдеби шығармалар тілінен ұлттық тіліміздің қалыптасу, қазақ ру-тайпаларының тұтастану процестері нақты көрінеді. Мемлекет, қоғам қайраткерлерінің бағамдауынша, бүгінгі Жаңа Қазақстандағы жаңғыру үдерісі ұлттың жүріп өткен тарихынан бас тартып, жаңа бастамаларға, тың ұстанымдарға мойын бұру емес, керісінше ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дәстүрлерімізді, рухани дүниетанымымызды жаңа ғасырдағы үрдістермен үйлестіре отырып дамыту болып табылады.

Алтын Орда – Қыпшақ дәуірі көркем әдеби шығармаларын лингвомәдени, этномәдени тұрғыдан зерделеу қазақ тілі мен ұлттық дүниетанымның өркендеу, нықталу, айқындалу процестерін көз алдымызға келтіреді. Осы дәуірінде жазылған әдеби шығармалардың бір тобында оғыз тілі басым болса, енді бір тобында қыпшақ тілі басымрақ келіп, аралас тілдік сипатта өрілді. Түркітанушы А.Зайончковский, Ә.Құрышжанов, А.Ибатов сияқты түркітанушы ғалымдар XIII ғасырда жалпыға ортақ орта түркі жазба әдеби тілі қалыптасты деген маңызды тұжырымға келді. Осы орта түркі жазба әдеби тілінің негізі қыпшақ тілі болғандығына тарихи да, тілдік те мәліметтер көп.

Қыпшақ тілі еларалық, ұлтаралық қарым-қатынас тілі деңгейінде Ұлы Даланың бар тарапынан, ат тұяғы жеткен жерлерден естіліп тұрды. Алтын Орда тұсындағы ресми іс-құжаттар да осы көне қыпшақ тілінде жазылды. Бұған Тоқтамыш ханның, Тайдолай қатынның жарлықтары толық дәлел болып алады.

Зерттеу материалдары мен әдістер

Орта ғасырларда, әсіресе Алтын Орда тұсында жазылған шығармалардың тіл тарихы, ұлт тарихы үшін маңызы зор. Олар Құтыптың «Қысырау мен Шырын», Сейф Сарайидың «Гүлстан бит-түрки» дастандары, Хорезмидің «Мұхаббат-намесі», Махмуд бин Али әл-Кердерінің «Нәқдж әл-фарадис» атты қара сөзбен жазылған шығармасы.

Осы әдеби көркем, діни-танымдық шығармалар барлық түркі тектес ұлт пен ұлыстардың, соның ішінде қазақ жұртының рухани жәдігерлері болып табылады.

Зерттеу мақсатына сәйкес әдеби көркем, діни-танымдық шығармалардың мәтіндері, сөздіктері пайдаланылды. Зерттеу барысында, әдеби көркем шығармалардың мәтінімен жұмыс істеуде тандау, іріктеу, тілдік бірліктерді жүйелеу, этномәдени мағынасын ашу үшін компонентті талдау, тарихи-салыстырмалы әдістер пайдаланылды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Бүгінгі таңдағы ғылыми зерттеулерде қолданылып жүрген *ғалам бейнесі, ғаламның концептуалды бейнесі, ғаламның тілдік бейнесі* атты терминдер бірінен-бірі туындайтын, бірлікте, сабақтастықта өмір сүретін ұғымдар. Сайып келгенде, ғалам бейнесі – нақты дүние болғанымен ылғи өңін өзгертіп, құбылып отыратын шындық, ал ғаламның концептуалды бейнесі – шын болмыстың интерпретацияланған бейнесі, ол бірнеше концептілерді бойына жинақтап, вербалды тұлғада көріне алады. Ғаламның концептуалды бейнесінің вербалданған бөлігін ғаламның тілдік бейнесі деп атаймыз. Ғаламның концептуалды бейнесі тілдік бейнеге қарағанда үнемі өзгеріп отырады, дегенмен ғаламның тілдік бейнесінің кейбір бөліктері

ұзаққа сақталады және халықтардың таным-түсінігіне қарай ғаламның тілдік бейнесі әрқилы болады. Сайып келгенде мәдени-ұлттық ерекшеліктермен тығыз байланысты.

Бүгінгі қазақ тілінің сөздік қоры өте бай, фоно-морфо-семантикалық жүйесі жетілген әлеуеті зор – тіл. Бұндай жағдайда жету үшін ол соқтықпалы, соқпақсыз жолдардан өтті.

Тіліміздің бүгінгі әдемі қалпы, оның тұла бойына тұнған ғаламның тілдік бейнесі – мыңдаған жылдарды артқа тастап өсудің, жетілудің нәтижесі. Қазақ ұлтының рухани-мәдени дүниетанымының тарихи жолдарын, шиырларын орта ғасыр жазбаларындағы байырғы қыпшақ әлемінің тілдік ақпараттары арқылы саралап, зерделеу қазақтану үшін игілікті іс болып табылады. Өйткені бұл тіліміздің бойына тұнған рухани-мәдени таным әлемін ғана көрсетіп қоймайды, сонымен қатар қазақы мәдениетіміздің арналарын түгендеп, ұлттық дағды-дәстүрлердің, дүниені танудың өзіндік бейнесін ашады. Қандай да бір тіл жамағаттың қарым-қатынасқа түсетін қажеттілігін орындай отырып, ұлттық мәдениеттің таңбасы бола алады. В.Гумбольдттың айтуынша: «Тіл ұлттың рухани дүниетанымының сыртқа шыққан көрінісі, яғни ұлттың тілі – оның ішкі жан дүниесінің сәулесі, ұлттың қаны тіл күретамырының бойымен жүріп отырады».

Адамтанымдық лингвистикада ұлттық дүниетаным мен құндылықтарды халықтың ой топшылау құзіреттілігін сол жұрттың тілдік деректеріне, лексикалық қорына, сөз саптау мәдениетіне арқа сүйей қарастыру толымды нәтиже береді. Тіл жетегімен орныққан мәдениетті, ғаламның тілдік бейнесін саралау көкейкесті мәселе екені анық.

Тіл білімінде ең алғаш В.фон Гумбольдт, Э.Сепир зерттеулерінде халық рухы тілмен сабақтастырыла қарастырылып, тілдің ұлттық сипатын айқындайтын ғалам бейнесі қарастырылды. Кейінгі уақытта бұл мәселе Н.И.Толстой, А.Вежицкая, Т.В. Цивьян, Г.В.Колшанский, В.Н.Телия т.б. тілші ғалымдардың іргелі ғылыми зерттеулерінің тақырыбы ретінде сөз болды. Қазақстанның тілші ғалымдары антропологикалық зерттеулерді жандандыра отырып, ғылыми айналымға ғаламның тілдік бейнесі, ғаламның концептуалды бейнесі, дүниенің қарапайым бейнесі, концепт терминдерін көптеп қолдана бастады. Э. Сүлейменова, Ж. Манкеева, Е. Керімбаев, Н.Шаймерденова, Г. Смағұлова, С. Сәтенова сынды ғалымдар тіл мен ой топшылау, тіл мен дүниетаным, тіл мен қоршаған орта, тіл мен рухани мәдениет жалғастығына, байланыстылығына орай құнды ғылыми тұжырымдарын ортаға салды.

Үстіміздегі жиырма бірінші ғасырда қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоконцептология ғылыми арналары біршама жоғары деңгейде даму үстінде. Сондықтан дүниенің тілдік бейнесі, ғаламның тілдік бейнесі ұғымдары кеңінен қолданыла бастады.

Ғаламның тілдік бейнесінің дара ұлттық сипаты әр халықтың өмір сүру тәжірибесіне, білім-білігіне қарай әртүрлі болады. Сайып келгенде тілдік бейненің таңбалаушы әрекеті қоғаммен, қоршаған ортамен байланысымен қатар, тілді алып жүруші этностың жиған-тергенімен, білгенімен, ойға түйген, санаға тоқыған білімімен сабақтастықта болады. Ғалам бейнесінің ұлттық сипаты этникалық мәдениетпен тығыз байланыста өмір сүреді. Г.А. Брутян, Р.И. Павиленис, Ю.Н. Караулов сияқты ғалымдар «ғалам бейнесі» деген сөз тіркесінің орнына «ғалам моделі» деген терминдік қолданысты ұсына отырып, оны: 1) ғаламның концептуалды моделі; 2) ғаламның тілдік моделі деп екіге бөліп қарастырады. Белгілі зерттеуші Ю.Н. Караулов тілдік ғалам бейнесі мен концептуалды ғалам бейнесінің ара жігін нақты ажыратып шекара сызып қою тым қиын екенін айта келіп, мынадай тұжырым білдірді: «ғаламның тілдік моделі мен ғаламның концептуалды моделінің арасындағы шекара тұрақсыз әрі белгісіз»[1, 23]. Дегенмен ғалым ғаламның тілдік моделінде сөз семантикасының өрісі, ғаламның концептуалдық моделінде сана константы басты роль ойнайтынын белгілеп берді. Ал В.Н. Телия тіл мен

ғаламның концептуалды моделі ара жігіндегі сабақтастық тілдік лексемалардың мән-мағынасына қатысты екенін айта келіп: «тіл өзінің мағыналар системасы және олардың ассоциациялары негізінде ғаламның концептуалды моделіне ұлттық-мәдени бояуды сіңіреді» деп пікір білдірді. Тіл мен ой топшылауды шендестіруге болмайтындығы сияқты ғалам бейнесі мен ғаламның тілдік бейнесін өзара салғастыруға болмайды. Ғаламның тілдік бейнесі тілдік лексемалардың ішкі тұлғасы, сөз, сөйлем, сөз семантикасының өзгеруі, оның ауыспалы мәнде қолданысқа түсуі, көңіл күйді білдіретін реңктер т.б. тәрізді «тілдің мағыналық елегінен өткен системада құрылатын болса, дүниенің концептуальдық бейнесі тіршілік иесінің ой жүйесі мен таным-түсінігіне байланысты болады. Әлемнің қағидалары, дүниенің шындығы тек қана адамның концептуальдық білік, таным құрылымында анықталады, суреттеледі. Дүниетаным жүйесі – ойлаудың нәтижесі, ол тіршіліктегі тәжірибе негізінде пайда болған ішкі (санадағы) әлем моделіне бағынады» [2,15]. Халықтың дүниеге, қоршаған жанды-жансыз ортаға деген көзқарасы дара және қоғамдық тілдік сана арқылы туындайды. Ғаламның концептуалды бейнесі жекелеген адамның ой-жүйесінде әрқилы деңгейде орын алып, тіл жүйесінде әртүрлі суреттеледі. Осыларды анықтайтын тірек жағдаяттар – адам баласының білім-білігі, ата-анадан, мектептен алған тәрбиесі, жас ерекшелігі, өмірлік тағылымы, әлеуметтік өмір сүру деңгейі, өмір туралы психикалық таным-түсінігі, өмір сүріп жатқан дәуірі т.б.

Ұлт мүшелерінің әлемге, қоршаған дүниеге деген даралық сипаттағы концептуалды және логикалық-пәлсапалық көзқарасы, дүниетанымы болуы заңдылық. Ғаламның тілдік бейнесі дүниені тану және білген, көрген құбылысты тілдік құралдарымен суреттеудің лексикалық, рухани-мәдени ерекшелігін нақтылауға жағдай мүмкіндік жасай отырып, тілдік логикалық, семантикалық дара мән-мағына түзеді.

Тіл мен менталитетті, болмысты сабақтастықта, бірыңғай дәрежеде қарастырудың негізгі арнасы – когнитивтік лингвистика. Қазіргі таңда тілтану ғылымында тілді ұлттың рухани-мәдени байлығының басты қоймасы ретінде зерделеудің аясы өрістеп келеді. Шынында әрбір тіл сол тілді алып жүруші ұлттың тарихын, рухани мәдениетін, дүниетанымын, өзіндік талғамын, мінез-құлығы мен салт-санасын, кәсібін, дәстүрі мен ұлылығын кешенді түрде жинап, сақтайтын таңбалық жүйе. Мұның өзі сайып келгенде қазіргі қазақ тілтану ғылымында тіл мен мәдениет байланыстылығын, атап айтқанда, тіл жүйесіндегі ұлттық белгіні, таңбаны, руханиятты зерделеуге бағытталған когнитивтік лингвистика, оның лингвомәдениеттану, этнолингвистика т.б. ғылым салаларының дамуына өзек болып отыр. Осы ғылым салаларының тұжырым, қағидаттары жазба жәдігерліктердің тілі негізінде қыпшақтық және қазақы ұлттық мәдениетті, таным-түсінікті байланыстыра қарастырып, ғаламның тілдік бейнесін көрсетуге мүмкіндік туғызады.

Орта түркі дәуіріндегі жазба мұраларды кешенді түрде зерттеу – қазақ тілі тарихы мен түркітанудың өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Байырғы қыпшақ тілінің және сол тілден өсіп, өнген қазақ тілінің тарихын зерттеуде Алтын Орда – Қыпшақ дәуірі жазба ескерткіштерінің тіліне жүгінеміз. Олар Құтыптың «Қысырау мен Шырын», Сейф Сарайидің «Гүлистан би-түрки», Хорезмидің «Мұхаббат-наме», Махмуд бин Али әл-Кердерінің «Нахдж әл-Фарадис» атты шығармаларында ұшырасатын тілдік лексемаларды саралай келе этномәдени көрінісін белгілей отырып, ғаламның ұлттық тілдік бейнесі ретінде қарастыру аса көкейкесті мәселе болмақ. Ғаламның тілдік бейнесін қалыптастыруда тұрақты тіркестер негізгі рөл атқарады. Тілдің лексика-грамматикалық, стилистикалық қызметі арқылы қалыптасатын ғаламның фразеологиялық бейнесі ғаламның тілдік бейнесінің негізгі құрылымдық бөлігі болып табылады. Жазба жәдігерліктердің мәтінінде кездесетін фразеологиялық оралымдарды

қазақ тіліндегі баламаларымен шендестірсек, біртұтас кешенді ойды бір дәрежеде беруімен бір ұлттың мұрасы екені аңғарылады. Бұл фразеологиялық оралымдардан ғаламның ұлттық тілдік бейнесі нақты байқалады.

Ғаламның тілдік бейнесі тілді алып жүрушінің дүниетанымындағы, ой-жүйесіндегі ұлттық-мәдени суретті көрсетеді. Осы бағытта О.А.Корниловтың «Ғаламның ұлттық тілдік бейнесі – тарихи даму кезеңіндегі этностың сыртқы әлемді ұжымдық санамен тануының нәтижесі. Сыртқы әлем мен таным ұлттық тілдегі ғаламның тілдік бейнесін тудыратын негізгі екі фактор»[3,140],-деген пікірінің маңызы зор.

Жазба жәдігерліктер тіліндегі тұрақты тіркестердің тұла бойында қазақ ұлтына тән рухани-мәдени мәліметтер ұшыраса ма деген сауал туады. Сайып келгенде образды, бейнелі тұрақты тіркестер этностың дүниетаным жүйесінен, күнделікті өмір сүру жағдайынан, кәсібіне, үй шаруасына қолданған құрал-жабдығынан, қазан, ошақ басындағы ішіп-жемінен ақпарат береді. Белгілі ғалым Ә.Т.Қайдаровтың пікірлеріне сүйенсек, ұлттың тарихтың күрделі жолдарында жүрген ізі бүгінге көктастарға, жартастарға түсірілген ойма жазулар арқылы, әдеби ескерткіштер мен әркілі құрылыстар кейпінде жеткізілуі ғажап емес. Дегенмен бұлардың барлығы этнос өмірінің бұлды-бұлдыр елесі ғана. Ал ұлттың нақты өзіндік даралығы, ұлылығы, таным-түсінігі, дүниетанымы тек тіл жүйесінде көрініс табады. Әрбір кезеңде тіршілікке пайдаланылатын құрал-сайманның, қару-жарақтың, киген киім мен ішкен тамақтың, күнделікті тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ұлттық ойындарға, той атқару дәстүріне байланысты ұғымдардың атаулары, сыр-сипаты т.б. тек тілдеректері ретінде ғана, яғни жеке тілдік бірліктер мен сөз тіркестері, тұрақты тіркестер мен пареиялық қор арқылы ғана бізге жетуі ықтимал [4,34]. Яғни тілдің арқасында ұлтты танимыз. В.Фон Гумбольдттың «тіл халық рухының, жан-дүниесінің, оның таным-түсінігі мен ділінің көрінісі» деген тұжырымына негізделген антропологиялық тіл білімі Қазақстанда жоғары дейгейде даму үстінде деп айтуға болады. Тіл мен мәдениетті байланыстырған этнолингвистика ғылымының басты теориялық негіздерін қалыптастырған академик Ә.Т.Қайдаров болса, осы бағыттағы Р.Ғ.Сыздықова, Е.Жанпейісов зерттеулерінде өрісін тапты.

Кең жазира даланы мекендеп, қара жерді төсеніп, көк аспанды жамылғы етіп, жарау атқа мінген ата-балаларымыз қалдырып кеткен, солардан бүгінге жеткен салт-дәстүрлер, ән-жырмен өрілген асыл өнер, домбыра шанағынан төгілген күй, жаныңды жадыратқан қара сөз, фразеологизмдер, паремиялық қор барлығы жинақтала келіп, рухани ұлттық мәдениетті жасайды. Рухани мәдениет ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық таным-түсінікке негізделеді. Бір орталыққа ұйыған халықтың адами, кісілік әлеуеті тілінде, фразеологиялық оралымдарында, мақал-мәтелдерінде сақталады. Ұлттың мінез-кұлқын, ойлау жүйесін тілден тыс түсіну, тану қиын іс. Тілдік жүйеміздің ішкі мазмұнын, ұлтымызға тән рухани-мәдени байлығын тұла бойына сіңіріп, сақтап бүгінгі ұрпаққа жеткізіп отырған ана тіліміздің қадыр-қасиеті оның танымдық қызметімен тікелей байланысты. Орта ғасырлық мұралардағы ғаламның тілдік бейнесі әуелгі тұста фразеологиялық оралымдар, олардың біртұтас мән-мағынасынан байқалады. Олар ұлттық менталитетті жинақтап, мөлдіретіп көрсететін тілдік бірліктер. Зерттеушілердің мынадай пікірі бұған толық дәлел бола алады: Ғаламның тілдік бейнесі тілдің функционалды құралдарымен қалыптасады, яғни тұтас тілдік жүйеден байланысқа түсуге қажетті және жиі пайдаланылатын фразеологизмдермен қатар, басқа да тілдік бірліктерді таңдап алуымен ерекшеленеді. Тұрақты тіркестер тек екінші туып тұрған суретті атау емес, ұлттық дүниетанымның, рухани мәдениеттің таңбасы. Осы саланы көп зерттеген ғалым В.Н.Маслова былай

дейді: «тілдік бірліктің мәдени маңыздылығын (яғни «мәдени білім») фразеологизмнің немесе басқа тілдік бірліктің прототиптік жағдайын, оның символдық оқылуын лингвист ана тіліне белгілі немесе ұсынуы мүмкін мәдениеттің «кодтарымен» байланыстыру негізінде білдіруі»[5,10]. Бүгінгі таңда тіл мен мәдениеттің, тіл мен ұлттық дүниетанымның сабақтастығын қазіргі тілдік сипаты тұрғысынан ғана емес, тарихи тұрғыдан ізерлей қарастыру аса маңызды. Дүниетанымдық ақпараттарға тұжырымдарымызды негіздей отырып, қазақ халқының өзіндік, басқаларға ұқсас келе бермейтін өзгешелігін қазіргі тілдік деректермен қоса байырғы тілдік деректерге, жазба жәдігерліктер мәтінінде ұшырасатын рухани-мәдени ұстанымдарға негіздей зерделеп, дүниетанымдық байланыстылық тінін анықтау аса керек іс. Тіл – рухани мәдениеттің басты көрсеткіші болғандықтан Алтын Орда – Қыпшақ дәуірінде өмір сүрген қыпшақ тайпалары мәдениетінің бүгінгі қазақ ұлтының өміріндегі іздерін тілдің бойынан ғана көруге болады. Академик В.В.Виноградовтың пікіріне жүгінсек: «Белгілі бір ұлттық қауымдастықтың әлеуметтік-мәдени құрылымының оны басқа ұлттық құрылымдардан ерекшелендіретін өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктер лексикада көрінеді және онда рухани және материалдық мәдениеттің ұлттық формалары, түрлері мен көріністері туралы ақпарат беретін фондық ақпаратты құрайды», -дейді [6,41]. Сайып келгенде ұлттық мәдениеттің басты ерекшеліктері, көріністері сол ұлттың тілінде сақталады.

Орта түркі дәуіріндегі жазба ескерткіштер сол кезеңнің барлық тілдік байлығын қолданбаса да, фразеологиялық оралымдар арқылы бүгінгі қазақ ұлтына ортақ мәдени, дүниетанымдық мәліметтер бере алады. Мәселен, Біліг қамчысыны елге алып «білім қамшысын қолға алып» [XIII, 6p9]. Осы сөйлемдегі *біліг қамчысы* тұрақты тіркесі қазақы ой-танымнан хабар береді: *Қамшы* ат үстінде жүрген дала жұртының негізгі құралы. Жазушы *қамшы* сөзін *біліг* лексемасымен тіркестіріп «ақыл ойдың шапшаңдығын, тездігіні, өткірлігін» білдіріп, бейнелеп жеткізіп отыр.

Фразеологизмдер құрамындағы компоненттерде, яғни жеке сөздерде сөздің ішкі мағыналық тұлғасы арқылы мағыналық реңк, коннотацияда ұлттық ерекшелікті айқындау жағы денотатқа қарағанда басымдау болады [7,158]. Қазақ тілінде «қамшы» бірлігі негіз болған тұрақты тіркестердің мағыналық деңгейі әрқилы: қамшы болу, қамшы боп тию, қамшыдай қату, қамшы ойнату, қамшы үйіру т.б.

– Ақыл тізгініні ким бәрік туттың «ақыл тізгінін берік тұттың» [Г,6p11]. Бұл құрылымда *ақыл тізгіні* оралымы ашуды ақылға жеңдіріп тоқтаудағы сабырлылықты, ыждағаттылықты, байсалдылықты *тізгін* сөзін тірек етіп білдіріп тұр. Сайып келгенде ашудың дұшпандығын, оны тежейтін салқын ақыл екенін білдіреді. Жарау ат мінген көшпелі қазақтың жүгені тізгінсіз болса қалай жүреді. Астындағы атыңды жүгеннің тізгіні қажет бағытыңа бұрса, адамды ақылдың тізгіні сабырға шақырады. Бұл тұста *тізгін* сөзі ұлттық мәдени таңбаны беріп тұр.

– Бұйырды кәлтүрүң қуш салалық «бұйырды: келтіріндер құс салайық» [XIII,80p17]. Бұл сөйлемде *қуш салу* оралымы дала жұртының ежелгі аңшылық кәсібінің түрін білдіреді. Құс салып аң аулау үрдісі түркі халықтарының ішінде бүгінде қазақ пен қырғыздарда жақсы сақталған. Кең жазира далада ит жүгіртіп, құс салған аңшылық өнерді «бір қызық ісім екен сұм жалғанда» деп ұлы Абай жоғары бағалаған. *Құс салу* оралымы қазақтар мен Алтын Орданы мекендеген қыпшақтарға ортақ этнографизм.

Тұрақты тіркестердің тұла бойында жинақталған тілді алып жүрушінің күнделікті дағды-дәстүріне, рухани мәдениеті мен дүниетанымына, діни таным-түсінігіне, тіпті сұлулықты, әдемілікті бағалау талғамына байланысты болып келетін қандай да бір оқиғаның, құбылыстың ықпалы зерттеушіні негізінен көне наным-

сенімдер, тұрмыстық салт-дәстүрлер, әлеуметтік-тарихи құбылыстар әлемін зерттеуге шақырады [8, 245]. Мысалы, Кішігә тегмәсүн көз «кісіге көз тимесін» [Мн,28в5]. Осы сөйлемдегі «біреудің назары түсіп ауру» мағынасындағы *көз тегмәсүн* оралымы қазіргі қазақы ұғым-түсініктен алыс емес. Қазақ халқында сәбиге, әдемі, көркем бойжеткенге, тұлпар атқа көз тиеді, тіл өтеді деп елдің көзінен тасалап ұстау ырымы бар. «Көз тию» ұғымы ерте замандардан жетіп біздің заманымыздағы қазақтардың салт-санасынан, таным-түсінігінен орын алған. Ауылда назары өткір адамдарға жас баланы, жүйрік атты тасалап көрсетпейтін әрекетті талай байқадық.

Қандай да бір халықтың, әр заман адамдарының өздерін қоршаған табиғатқа, қоғамдық ортаға, жанды-жансыз тіршіліктің әдемілігіне көз қарастары әр деңгейде болуы ғажап емес. Сұлулық, әдемілік белгілерін суреттеп бейнелеуде ұлттық мәдени дүниетаным, қоғамдық орта, әлеуметтік жағдаят, құбылысты тану ерекшеліктері байқалады. Алтын Орда тұсындағы жазба жәдігерліктерде жырлаған оқиғасына орай сұлу қыздың бейнесін беруде, неше түрлі ойнақы сөз оралымдары қолданылғанын көреміз. Мысалы, *ай йүзім, йүзі гүл, йүзі күн, пістә ағыз, толун ай, шәкәр ерін, күн күзгүсү (күн айнасы), күнәш йүзли (күн жүзді), Юсуф жамалы, он төртінчи түннүң толун айы*. Осы сөзбен салынған суреттегі сұлу қызды ай мен күнге салыстыру қазақ әдеби тілінде де кең тараған. Мысалы, Он төртінші айдай боп, Түседі кімнің көзіне [9,296]. Көз тартар әдемілікті, жүрек жылытар сұлулықты қазақ халқы толған аймен салыстырып барып таниды.

Осы келтіріп отырған тұрақты тіркестердің тұла бойынан, берген мағынасынан ұлттық-мәдени бейне анық байқалады. Сайып келгенде бұл ұлт өкілдерінің әлем, ғалам, әдемілік жайлы бейнелі, образды таным-түсінігі.

Ғаламның тілдік бейнесін тек тұрақты тіркестер бойынан ғана емес, жеке тілдік бірліктердің бойынан да көруге болады. Мәселен, қазіргі қазақ тілінде «жақсы елші елдестірер, жаман елші жауластырар» деген мақал бар. Ымыраласу, татуласу, жоқ жерден жау іздемеу қазақ жұртының ежелгі мінезі. Егемен еліміздің сыртқы, ішкі дипломатиясында, саяси қызметінде жиі пайдаланылатын *елші* лексемасы орта түркі дәуірінде әлеуметтік өмірде де, жазба мұраларда да өте жиі қолданылған, саяси мәдени маңызы зор тілдік бірлік. Дерекке жүгінсек, ызалым елчи келтүрсүнләр аны [ХШ,29а 20]. *Елші* сөзінен тарихи тамыры тереңде жатыр, көне түркі тілінде «елші, хабаршы» мағынасымен қатар «елбасы, көсем» мағынасы да бар. *Елчи бег* фраземасы де кездеседі. Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» атты дидактикалық шығармасында елшінің жеке басына терең түсініктеме берілген: *Елшілікте сөздің құны бағалы, Бір ауыз сөз елдің тілін табады*. Қыдырғали би Қосымұлының «Жылнамалар жинағында» *елші* лексемасы «достастырушы, келістіруші» мәнінде қолданылады. Қазақ хандығы тұсында елбасқару ісінде, көрші елдермен қарым-қатынас жасауда елшінің атқаратын қызметі өте маңызды болған. Қазіргі Жаңа Қазақстанның сыртқы саясатындағы *елші* сөзінің мағынасы өте зор. *Елші* - сыртқы қатынас органдарының дипломатиялық қызметкерлеріне берілетін жоғарғы дипломатиялық дәреже. Алыс-жақын шет елдерге, тіпті тайпа, ру аралық мәселелерде елші жіберіп елдесу, ынтымақтастыққа ұмтылу, ел іргесін берік сақтау қазақ жұртының әлмисақтан келе жатқан мақсат-мұраты болып табылады. Елші сөзінің астарында қазақ ұлтының Мәңгілік ел болу арманы жатыр.

Қорытынды. «Тіл мен ұлт біртұтас» заңдылығымен байырғы қыпшақтық мәдениет пен бүгінгі қазақ дүниетанымының ортақтығы, жалғастығы жазба мұралардағы тілдік мәліметтерге табан тірей зерттелгенде ғана қаншама жүзжылдықтар бойы арқауы сетінемей жалғасып келген ғаламның тілдік бейнесі байқалады. Тіл мен таным үдерістерінің сабақтастығын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне

сүйенеді. «Тіл-ойлау-таным» байланыстылығы инсанның, тіршілік иесінің рухани-мәдени өмірінде, өмір сүру тәжірибесінде дұрыс деп таныған құндылықтарын көрсетеді. Рухани және мәдени құндылықтар желісінде тіл және дүниетаным жалғастығын көрсететін мәндер белгілі бір құрылымдық сипатқа ие болады, жеке атау сөз, тілдік бірлік, тұрақты тіркес, тіпті мақал-мәтел деңгейінде өрістейді. Тұтас ұлттың рухани, мәдени дүниетаным кеңістігін құрайды.

Алтын Орда – Қыпшақ дәуірі жазба жәдігерліктері мәтініндегі осындай фразеологиялық оралымдар мен тілдік бірліктер сөз жоқ ұлттық менталитеттен рухани-мәдени мәлімет береді. Сонымен қатар бұл мәліметтер қазақы ой топшылау жүйесімен, дүниетаныммен, салт-дәстүрмен астарласып, сабақтасып тіл мен ұлттың тарихтың ұзын жолынан түзілген бірлігін, тұтастығын көрсетеді.

Байырғы қыпшақ ұлыстары жазба жәдігерліктерінің сөздік қорындағы фразеологиялық оралымдар мен тілдік бірліктерге этнолингвистикалық, этномәдени саралау нәтижесі Ұлы Дала мәдениетінің жүзжылдықтар бойы үнемі сабақтастықта қалыптасқан ғаламның ұлттық тілдік бейнесін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Караулов, Ю.Н. Словарь как компонент описания языков: Принципы описания языков мира [Текст] / Ю.Н. Караулов – Москва, 1976
- 2 Нұрдәулетова, Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі [Текст] / Б.И. Нұрдәулетова // Филол. ғыл.докт. авторефераты – Алматы, 2008
- 3 Корнилов, О.Я. Языковые картины мира как производные национальных менталитетов [Текст] / О.Я. Корнилов, О.Я. // 2-е изд., испр. И доп. – М.: ЧеРо, 2003. – С. 326.
- 4 Қайдаров, Ә.Т. Тарихи лексикология және этнолингвистика [Текст] / Ә.Т. Қайдаров // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері – Алматы: Ғылым, 1988. – 33-39 б.
- 5 Маслова, В. Введение в лингвокультурологию [Текст] / В. Маслова – М.: Наследие, 1997. – 220 с.
- 6 Виноградов, В.С. Лексические вопросы перевода художественной прозы [Текст] / В. Маслова – М., 1978, с. 160.
- 7 Смағұлова, Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері прозы [Текст] / Г.Н. Смағұлова – Алматы: Ғылым, 1998. – 194 б.
- 8 Ураксин, З. Сравнительное изучение и этимологизация фразеологизмов в тюркских языках [Текст] / З. Ураксин // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алматы: Наука, 1990. – С. 245-246.
- 9 Кеңесбаев, І. Қазақ тілінің фразеологизмдер сөздігі [Текст] / І. Кеңесбаев – Алматы: ҚазАқпарат, 2007. – 356 б.

REFERENCES

- 1 Karaulov, YU.N. Slovar' kak komponent opisaniya yazykov: Principy opisaniya yazykov mira [Dictionary as a component of language description: Principles of description of the languages of the world]. Moskva, (1976) – (In Rus)
- 2 Nurdauletova, B.I. Zhyraular poetikasyndagy dunienin konceptualdyk beinesi [Conceptual image of the world in the poetics of the Zhyraus]. Filol. ғыл.dokt. avtoreferaty. Almaty, (2008) – (In Kaz)
- 3 Kornilov, O.YA. YAzykovye kartiny mira kak proizvodnye nacional'nyh mentalitetov [Language pictures of the world as derivatives of national mentalities]. 2-e izd., ispr. I dop. – М.: Chero, (2003): 326 s. – (In Rus)

4 Kaidarov, A.T. Tarihi leksikologiya zhane etnolingvistika [Historical lexicology and ethnolinguistics]. Kazakh tili tarihi leksikologiyasynyn maseleleri. Almaty: Gylym, (1988): 33-39 b. – (In Kaz)

5 Maslova, V. Vvedenie v lingvokul'turologii [Introduction to linguocultural studies]. М.: Nasledie, (1997): 220 s. – (In Rus)

6 Vinogradov, V.S. Leksicheskie voprosy perevoda hudozhestvennoj prozy [Lexical issues of translation of fiction]. М.,(1978): 160 s. – (In Rus)

7 Smagulova, G.N. Magynalas frazeologizmderdin ulttyk-madeni aspektleri prozy [National and cultural aspects of meaningful phraseological units]. Almaty: Gylym, (1998): 194 b. – (In Kaz)

8 Uraksin, Z. Sravnitel'noe izuchenie i etimologizaciya frazeologizmov v tyurkskih yazykah [Comparative study and etimologization of phraseological units in the Turkic languages]. Problemy etimologii tyurkskih yazykov. Almaty: Nauka, (1990): 245-246 s. – (In Rus)

9 Kenesbaev, I. Kazakh tilinin frazeologizmder sozdigi [Dictionary of phraseological units of the Kazakh language]. Almaty: KazAkparat, (2007): 356 b. – (In Kaz)

КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ МОДЕЛЬ МИРА В ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКАХ ЗОЛОТООРДЫНСКО-КИПЧАКСКОГО ПЕРИОДА

Аннотация. В статье представлен всесторонний анализ языка письменных памятников эпохи Золотой Орды и показано их созвучие с духовной культурой казахов. Литературные произведения данной эпохи написаны на смешанном огузско-кыпчакском языке. Однако важна точка зрения польского тюрколога А.Зайончковского, который писал, что «в XIII веке сформировался единый тюркский язык». Несмотря на то, что в письменном наследии данной эпохи присутствовал смешанный язык, научные исследования доказали преобладание в нем кыпчакских элементов. Кыпчакский язык имел статус международного языка и звучал из всех уголках Евразии. Несмотря на то, что у власти находились династии монгольского происхождения, в письменных памятниках доминировала кыпчакская культура. Поэтому основной целью исследования является раскрытие концептуальной модели мира посредством языковых явлений, с учетом языковых процессов, основанных на мировоззренческой общности древней культуры кыпчаков и современной казахской культуры, а также на концепции «язык и этнос как единое целое».

Для достижения данной цели сделан этнокультурный анализ фразеологизмов как хранителей и носителей концептуальной модели мира.

Посредством этнолингвистического и этнокультурного анализа фразеологизмов в языке литературного наследия древних кыпчаков показаны национальная языковая картина мира и концептуальная модель мира, сформировавшаяся на протяжении веков в культуре Великой степи.

Ключевые слова. письменные памятники, концептуальная модель мира, фразеологизмы, кыпчаки, духовная культура.

CONCEPTUAL MODEL OF THE UNIVERSE IN THE WRITTEN HERITAGE OF THE GOLDEN HORDE-KIPCHAK ERA

The article examines the written monuments of the Middle Ages as an integral linguistic heritage. Based on a comprehensive study of the language of written monuments, their

consonance with the spiritual culture of the Kazakhs is shown. An attempt has been made to reveal the linguistic picture of the world through linguistic phenomena on the basis of the ideological commonality of the ancient Kipchak culture and modern Kazakh culture, identifying language and ethnicity as a single whole. To achieve this goal, an ethnocultural analysis of phraseological units as guardians and carriers of the linguistic picture of the world was made.

Specific data substantiate the ability of stable phrases in the language of written monuments to transmit cultural information about the national mentality. This testifies to the unity, commonality and integrity of the language with the worldview, the cultural tradition of the Kazakhs, which originates from the origins of time.

The article was prepared within the framework of the project AR 19679282 “The language of written monuments of the Middle Ages - the world of spiritual and cultural values”

Key words. monuments of writing, linguistic picture of the world, phraseology, Kipchaks, spiritual culture.

Самситова Луиза Хамзиновна*¹

Доктор филологических наук, профессор, Институт стратегических исследований
ГБНУ «Академия наук Республики Башкортостан», Россия, Уфа, 458000, ул. Кирова,
15. luiza_sam@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-6019-9563

СЕМАНТИЧЕСКОЕ ПРОСТРАНСТВО КОНЦЕПТА «КУНАК/ҚОНАҚ» (ГОСТЬ) В БАШКИРСКОЙ И КАЗАХСКОЙ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЕ МИРА

Аннотация. В статье рассматривается семантическое пространство концепта “кунак/қонақ” (гость) в башкирской и казахской языковой картине мира, которое представлено лексическими единицами языка, определяющими культуру, менталитет, быт, психологию, традиции, обычаи башкир и казахов. Приядерную зону концепта «гость» составляют языковые единицы, выражающие хлебосольство, уважение хозяина, чествование гостя и т.д. В периферию концепта “гость” входят башкирские и казахские народные пословицы и поговорки, фразеологические единицы, названия башкирских и казахских национальных блюд, обряды, праздники, традиции и т.д. Автор приходит к выводу, что концепт “гость”, являясь фрагментом языковой картины мира, представляет собой сложное, многослойное ментальное образование, имеющее высокую значимость для башкирской и казахской культуры, так как выражает универсальные и специфические аспекты формирования социокультурной сферы человеческого бытия. Языковое выражение концепта “гость” в башкирском и казахском языках характеризуется многообразием речевых единиц, пословиц и поговорок, фразеологических средств репрезентации культуры гостеприимства (встречи, приема, принятия пищи, проводов гостей и т.д.). Национально-культурная специфика реализации концепта “гость” в башкирском и казахском языковом сознании обусловлена особенностями национального характера, а именно: доброжелательностью, щедростью, радушием, душевностью и т.д.

Ключевые слова: башкирская и казахская языковая картина мира, концепт «гость», семантическое пространство.

Введение. Базовым понятием лингвокультурологии является концепт. Изучение ключевых концептов в сравнительно-сопоставительном аспекте позволяет выявить схожих и различных черт не только отдельных концептов, но и национальных концептосфер народов.

При изучении пословиц и поговорок большой интерес представляют концепты, которые, являясь базовыми категориями, участвуют в формировании фонда знаний индивида и передаче информации. И именно концепт “гость” и связан с традициями этноса, а значит, дает представление о национальной картине мира башкирского и казахского народов.

К пословицам как к источнику крылатой народной мудрости обращались философы, писатели и поэты всех времен и народов. Так в словаре Махмуда ал-Кашгари «Диван Лугат ат-Турк» отведено большое место пословицам и поговоркам.

Посредством пословиц и стихов Махмуд ал-Кашгари представляет мусульманской аудитории систему ценностей своих соплеменников, обращаясь порой в поисках параллелей к арабскому языку и Корану. Для тюрок, относительно недавно принявших Ислам, по-видимому, важным являлось проявление лояльности и сопричастности к

новой религии и ключевым для нее духовным ориентиром. Среди пословиц, приводимых ал-Кашгари, нередко встречаются такие, что созвучны пословицам нравственно-воспитательного характера, широко распространенным в трудах мусульманских ученых того времени [3, с. 41, 42].

Гостеприимство занимает особое место в системе этических ценностей тюрков, об этом свидетельствует множество пословиц и стихов, приводимых ал-Кашгари:

Умá калсá қут калір (Когда (к тебе) приходит гость, с ним приходят удача и счастье).

Тема гостеприимства звучит порой в связи с выражением печали по старым добрым временам:

Бардй аран қунуқ куруб қутқа сақар

Қалдй йавуз уйуқ куруб авнй йнқар

Ушли те (люди), что считали гостя (посланцем) судьбы и добрым знаком, остались (негодные), что, завидев (в пустыне) придорожный камень или пугало, рвут свои шатры (опасаясь, что придут гости) [3, с. 55, 59].

Как отмечает академик З.Г. Ураксин, понятие *гость* у башкир, да и у многих народов, является священным, он приравнивается к посланнику Аллаха и заслуживает особого почтения. Поэтому с древнейших времен у башкир существовал культ пищи, сотрапезник становился близким другом, за едой скреплялся союз, давалось клятвенное слово, которое обязательно сдерживалось договаривающимися сторонами [9, с. 103].

В конце XIX века российский исследователь Виктор фон Герн отмечает следующее: «*Казахи отличаются приветливостью, добродушием и гостеприимством, которое возведено у них в культ*». Польский революционер Адольф Янушкевич, долгие годы проживший в Казахстане, писал, что, если казахов расселить вдоль экватора, можно обойти земной шар, не заботясь о еде и ночлеге [13].

Материалы и методы исследования. В качестве методологической основы исследования избран антропоцентрический принцип как основное направление лингвокультурологии.

В качестве основного в работе использовался метод лингвокультурологического анализа, который применялся в непосредственном исследовании концепта «гость» и его функционирования в лексической системе языка, а также при отборе и систематизации фактического материала в контексте поставленных задач. В работе нашли отражение такие общенаучные методы как наблюдение, обобщение и собственно лингвистические методы компонентного и контекстуального анализа.



Рисунок 1 – Лексико-семантическое поле концепта “кунак/қонақ” в башкирской и казахской языковой картине мира

Результаты и их обсуждение. Само слово *кунак* (гость) исконно тюркское, происходит от глагола *кун/кон* садиться, останавливаться, ночевать. Оно, кроме своего основного значения, содержит большой объем этнокультурной информации. Так, в тюркских языках понятие «незванный гость» не содержит отрицательной коннотации, наоборот, незванный гость – это гость Аллаха. Например, в башкирском языке есть выражение *Сақырылмаған кунак – Алла кунағы*. Ему оказывается особый почет и уважение.

Как было отмечено, понятие “гость” у тюркских народов является священным. Например, как и у башкир, так и у казахов юрта является важным символом культуры народа, что отмечается в работах башкирских и казахских ученых.

Как отмечает З.Н. Рахматуллина, башкир никоим образом не покроет свое доброе имя позором и суждением, не нарушит кодекс чести, не пустив к себе в дом неожиданного гостя или случайного путника, даже своего кровного врага он должен быть обеспечить отдыхом и ночлегом, так как, дотронувшись его юрты, он и его конь становились священными” [6, с. 97].

Юрта, символизирующая тюркскую вселенную, является важным символом казахской культуры. “Суть юрты как модели вселенной кочевников подразумевает соблюдение многочисленных обрядов и ритуалов, в том числе прием гостей. Не случайно, место против входа называется “төр” или верхнее место. Казахи говорят: «Төрге шығыңыз», «Төрлетіңіз!» букв. «Проходите наверх», то есть «Займите почетное место» [1, с. 11]. Это и отражается в народных пословицах и поговорках. Например: *Қонағын сыйлаған «Төрге шық!» дер*.

У башкир понятие “түр” является одним из основных категорий, которое говорится и по отношению к юрте, и по отношению к дому: *түргә узығыз, түргә үтегез* (займите почетное место, проходите).

В башкирских и казахских народных пословицах и поговорках содержатся сведения об отношении к гостю: *Кунак аз булыр, күп һынар / Қонақ, аз отырып, көп сынайды* (Гость мало побудет, много узнает). *Бахетленең кунағы бергә / Ораздының отыз қонағы бір келеді* (У счастливого все гости вместе приходят).

В башкирском языке существует ряд словосочетаний, выражающих особое отношение к гостю, что отражено также в обрядах почитания гостей. Например: *ат башынан алыу* (взять коня за узду). Если приехал почитаемый гость, сам хозяин дома встречает его за воротами и ведет коня за узду во двор. В языке имеется ряд выражений типа *кәзерле кунак* (дорогой гость, почтенный гость), но нет выражений с отрицательной оценкой: если гость, то он обязательно почтенный, желанный, дорогой [9, с. 103]. Все это отражено в пословице *Кунактың аты ла кунак* (И конь гостя – это твой гость). [В казахском языке аналогом данной пословицы является: Сыйлы қонағың келсе, итіне сүйек таста](#) (Если пришел уважаемый гость, и собаке его кинь кость).

Концепт “кунак” в башкирской языковой картине мира репрезентируется через лексемы *кәрәгәсе, һыйсы, табынсы* (тамада), которые отражают специфику национального менталитета и мировосприятия, а также системы социокультурных отношений, традиций, обычаев, характерные для башкирской культуры. Понятийные сферы (взаимоотношения, внешность, одежда, свойства характера, уклад жизни, цветовой фон, пейзаж и климат) содержат значительный объем социо- и этнокультурной информации и обладают культурно-когнитивной направленностью.

Концепт “кунак” тесно связан с концептом “кунаксыллык” (гостеприимство), который репрезентируется через лексемы *кунаксыл, һыйсыл* (гостеприимный), *ихлас* (чистосердечный, душевный, искренний), *йомарт, киң күңелле* (щедрый), *киң бәйелле* (человек широкой натуры). Это отражено в следующей пословице: *Кунаксыл кешенең*

табыны буш булмай (У гостеприимного человека стол не бывает пустым). В казахской языковой картине мира гостеприимство актуализируется через лексемы *қонақжай, мейманышыл, қонақшыл*. Например:

*Қонақ келсе есікке,
Жүгіріп шық кешікке;
Қарсы алмасаң қонақты,
Кесір болар несіпке* [2, с. 135].

Что касается предикативной сочетаемости, то гостеприимство в башкирском казахском языках можно *проявить, показать, оказать* (*күрһәтеү / сый көрсету, көтөү / күту*).

Проявление радушия хозяев в башкирском и казахском языках выражены следующими глаголами: *һыйлау / сыйлау* (угостить), *кыштап һыйлау / қыстау* (потчевать), *һыйза (мәжлестә, қунақта) булыу / қонақта болу, һыйланыу, қунак булыу / қонақ болу* (пировать), *мәшәкәтләнеү, хәстәрләү / әүре болу* (хлопотать).

Когнитивное пространство концепта “кунак/қонақ” в башкирской и казахской языковой картине мира

Для создания структурно-семантического пространства концепта “кунак” привлекаются результаты философской интерпретации данного концепта, а также анализ словарных дефиниций и различных контекстов употребления слов *кунаксыллык* (гостеприимство), *кунаксыл* (гостеприимный), *һыйлау* (угощение), *икмәк-тоз* (хлебосольство), *ихлас* (чистосердечный, душевный, искренний), *йомарт* (щедрый), *кунак қабул итеү* (прием гостей), которые составляют приядерную зону (т.е. являются доминантами) концепта “кунак” и отражают повседневное (обыденное) понимание гостеприимства в башкирской языковой картине мира.

В периферию концепта “кунак” входят башкирские народные пословицы и поговорки, фразеологические единицы, названия башкирских национальных блюд, обряды, праздники, традиции и др., которые характеризуют башкир с точки зрения гостеприимности.

Приядерную зону концепта «қонақ» в казахской языковой картине мира составляют «қонақжайлылық» (гостеприимство), «қонақжай» (гостеприимный), «күту» (угощение) «жомарт» (щедрый), «шын жүректен» (искренний), «қонақтарды қабылдау» (прием гостей) и др.

В периферию концепта «қонақ» входят обряды, национальные праздники, блюда, фразеологические единицы, пословицы и поговорки.

Выделяя признаки концепта “кунак/қонақ”, можно уделять внимание на понимание “действующих лиц” данного процесса: “объект”, т.е. тот, кого принимают (гость), и “субъект”, т.е. тот, кто принимает (гостеприимный хозяин). У обоих народов гость бывает дорогим: *Кәзерле қунақтар, рәхим итегез / Қош келдіңіздер, құрметті қонақтар* (Добро пожаловать, дорогие гости); незваным: *Сақырылмаған қунак – Алла қунағы / Құдайы қонақ* (Незванный гость – гость Аллаха); хорошим: *якшы (мәләйем) қунак / жақсы қонақ* (хороший гость); приятным: *күңелгә ятышлы қунак / жағымды* (приятный гость); милым: *һөйкәмлә қунак / сүйкімді қонақ* (милый гость) и т.д.

Кроме того, в башкирском и казахском языках имеются (присутствуют) пословицы и поговорки, указывающие на поведение гостей: *Қунак аз ултыра, күп һынай / Қонақ аз отырады, көп сынайды* (Гость недолго посидит, да много увидит. Гость недолго гостит, да много видит). *Қунағына қарап хәрмәте / Қонаққа құрмет* (Каковы дружки, таковы и пирожки). *Қунак булһаң, тыйнақ бул / Қонақ болыңыз-кішіпейіл болыңыз* (букв. Если ты гость, веди себя скромно. Честь гостю приложена. Ешь – не кроши, а съешь – не проси).



Рисунок 2 – Национально-культурная специфика реализации концепта “қунак/қонақ” в башкирской и казахской языковой картине мира

Башкиры испокон веков известны своим гостеприимством. Жизненные трудности сглаживались взаимопомощью и гостеприимными формами сотрудничества. Благодаря гостеприимным хозяевам путникам не надо было заботиться о ночлеге и пропитании, таким образом они могли обеспечить себе дальнейшее и длительное путешествие.

Гостей делили на *званный* или *незванный*, *незнакомый*, *знакомый* или *родственник*. К незванным гостям относились с особым уважением. Башкиры говорят: *Сақырылмаған қунак – Алла қунағы* (Незванный гость – гость Аллаха). При приглашении гостей не указывали точного времени.

В башкиров гостевом этикете существует обычай судить о приходе гостя по следующим приметам: *паук спустился с нити в помещение, бросает в сон члена семьи, кошка умывается у двери, чешется кончик носа, подали лишний столовый прибор, кто-то роняет столовый прибор на пол* и т.д.

Нормирование гостеприимства в башкирском гостевом этикете оговаривалось пословицами и поговорками: *Кунак килһә – капқаң ас, өйөңә инһә – қазан ас* (Если гость придет – открой ворота, если домой зайдет – поставь казан). *Кунак йөзө күрмәгән кеше шатлык йөзө күрмәй* (К негостеприимному человеку счастье не приходит). *Кунак төшһә, йортка йәм* (Радость (счастье) там, где есть гость).

Башкиры посвящали приему гостей не только праздничные дни, они могут каждый день принимать гостей. И гостем мог быть любой человек. Об этом и говорится в рассказе Льва Толстого «Ильяс»: «И приезжали к нему гости издалека. И всех принимал и всех кормил и поил Ильяс. Кто бы ни пришел, всем был кумыс, всем был чай и щербат, и баранина. Приедут гости, сейчас бьют барана или двух, а много наедет гостей, бьют и кобылу [8, с. 41].

Издавна у башкир существовал обычай *қунак күрһәтеу* – приглашать гостей в честь приезжего гостя, которые должны были устраивать ответные приглашения (букв.

